

Қазақ тілі

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

А2

БАЗАЛЫҚ ДЕҢГЕЙ

Астана, 2024

Қазақ тілі

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

A2

БАЗАЛЫҚ ДЕҢГЕЙ

Астана, 2024

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2Қаз
Д29

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитеті
«Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО» КЕАҚ әзірледі
«Қазақ тілі. А2 базалық деңгей» оқу құралы

Авторлар:
Л.М. Демесінова, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО» КеАҚ ӘдістемеLAB аға ғылыми қызметкері, PhD
А.М. Қалиева, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалы «Білім беру бағдарламалары» орталығының аға менеджері, педагог-сарапшы

Сарапшылар:
А.А. Амангелді, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті Қазақ және орыс тілдері кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.
Р.Ж. Абнасырова, SDU университетінің қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к.

«Қазақ тілі. А2 базалық деңгей» оқу құралы. – Астана, 2024. – 288 бет.

ISBN 978-601-7504-90-8

Оқу құралы қазақ тілінің әдістемесін біріздендіру мақсатында әзірленген лексика-грамматикалық минимум негізінде құрастырылды. Аталмыш құралда тіл үйрену үдерісінде әр деңгейге сай тақырыптық лексика мен грамматикалық материалдарды, басқа тілден енген резерв сөздерді, күнделікті ауызекі тілде жиі кездесетін клишелер мен фразеологизмдерді үйрету жолға қойылған. Оқу құралы барлық білім беру мекемелері мен оқу орындарына үлгі оқу-әдістемелік еңбек ретінде қолдануға ұсынылады.

©Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитеті, 2024
© «Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО» КеАҚ, 2024

МАЗМҰНЫ

I ТАРАУ. ҚОШ КЕЛДІҢІЗ! 6

1-сабақ. Сәлем. Қалың қалай? 6
2-сабақ. Танысып қойыңыз 11
3-сабақ. Хоббиің қандай? 16

II ТАРАУ. ТАТУ ОТБАСЫ 21

1-сабақ. Жақсы адамдарым 21
2-сабақ. Мереке 26

III ТАРАУ. БАСПАНА 31

1-сабақ. Қай елде тұрғың келеді? 31
2-сабақ. Біздің жаңа үйіміз 37

IV ТАРАУ. ОҚУ 43

1-сабақ. Қайда оқығың келеді? 43
2-сабақ. Университеттегі бір күнім 50

V ТАРАУ. МАМАНДЫҚ 56

1-сабақ. Тәжірибеңіз бар ма? 56
2-сабақ. Сапалы қызмет көрсету 61

VI ТАРАУ. ДЕНСАУЛЫҚ 66

1-сабақ. Жедел жәрдем 66
2-сабақ. Спорт – денсаулық кепілі 73

VII ТАРАУ. ТАБИҒАТ 78

1-сабақ. Астананың ауа райы 78
2-сабақ. Табиғат аясында 84
3-сабақ. Хайуанаттар бағында 90

VIII ТАРАУ. УАҚЫТ 96

1-сабақ. Уақыт өлшемі 96
2-сабақ. Бос уақыт 101

IX ТАРАУ. АЗЫҚ-ТҮЛІК 105

1-сабақ. Кешкі ас 105
2-сабақ. Тапсырыс беру 111
3-сабақ. Қонақ шақыру 117

X ТАРАУ. КИІМ-КЕШЕК 123

1-сабақ. Онлайн сауда 123
2-сабақ. Базарда 129
3-сабақ. Сауда-саттық 136

XI ТАРАУ. САЯХАТ 143

1-сабақ. Қазақстанның көрікті жерлері 143
2-сабақ. Шетелдегі демалыс 149
3-сабақ. Саяхат не үшін керек? 157

XII ТАРАУ. ӨНЕР 163

1-сабақ. Театрда 163
2-сабақ. Кинода 169
3-сабақ. Димаш – әлем әншісі 176

ДҰРЫС ЖАУАПТАР 184

ТЫҢДАЛЫМ МӘТІНДЕРІ 246

ГРАММАТИКА 265

СӨЗДІК 284

АЛҒЫ СӨЗ

Мемлекеттік тілді халықаралық және ұлттық стандартқа сай жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында A1, A2, B1, B2, C1 деңгейлері бойынша белсенді лексикалық және грамматикалық минимумдар әзірленді. Осы минимум негізінде құрастырылған «Қазақ тілі. A2 базалық деңгей» оқу құралын ұсынамыз.

Ұсынылып отырған оқу құралының лексикалық қоры, грамматикалық материалдары, клишелері, фразеологиялық тіркестері мен резерв сөздері лексика-грамматикалық минимумнан алынды. Мысалы, A1 лексикалық минимумның I тарауы «Танысу» деп аталса, A1 деңгейінің оқу құралының да алғашқы тарауы «Танысу» тақырыбында жазылған. Сол сияқты A2 деңгейінің оқу құралында да осы қағидат сақталған. Дегенмен әр оқытушы, әдіскер оқу үдерісінде өз қалауынша тақырып пен сөздік қорды таңдай алады. Мәселен, A1 деңгейінің минимумында 11 лексикалық тақырып қамтылса, A1 деңгейлі оқу құралында оқу материалы 10 тарауға топтастырылған. Бұл жерде 11 тақырып, 11 тарау қағидатын сақтау міндеттелмейді. Басты мақсат – оқу курсының мазмұнын ашу. Лексика-грамматикалық минимумның оқу құралында 60-70% белсенді лексика мен грамматика қамтылды. Бұл құралды алдағы уақытта лексика-грамматикалық минимумдар негізінде жасалған оқу-әдістемелік үлгі ретінде қарастыруға болады.

Әлемдік және отандық деңгейде тіл үйрену мен үйретудің тәсілдері, жолдары зерттеліп, аталмыш оқу-әдістемелік еңбекте тиімді әрі озық деп танылған тәжірибелер негізге алынды. Оқу құралының ерекшелігі – әдеби тіл нормаларымен қатар күнделікті ауызекі сөйлеу тіліндегі құрылымдар мен клишелерді меңгерту.

АЛҒЫ СӨЗ

Құралдың мазмұнына келер болсақ, әр тарауда екі тілдегі жаңа сөздер; тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым тапсырмалары; грамматикалық анықтағыш; сөздік; дұрыс жауаптар мен тыңдалым мәтіндері ұсынылған. Сонымен қатар тарау мазмұнына сай «Сіз үшін» айдарында қызықты тілдік және танымдық ақпараттар берілген. Оқу құралы заманауи әдістемеге сәйкес қазақ тілін оңай үйренуге бағытталған.

Оқу құралында тыңдалым, оқылым, жазылым секілді дағдыларға құрылған жаттығулардың бірізділігі тіл үйренушінің айтылым қабілетін дамыта отырып, тілдік кедергісін жоюға септігін тигізеді. Тілдік кедергі тек ауызекі сөйлеу тілінде ғана емес, жазба тілде де болатындықтан, оқулықта қазақ тіліндегі жалғаулардың жалғану тәртібі мен сөйлем құрылымын да меңгерту басты назарда болды. Ол үшін сабақтарда төмендегідей жүйе сақталған: «сөз → мағына → танысу → қабылдау → жаттығу → тәжірибе → өнім». Аталмыш жүйе тәжірибеде тіл үйретудің тиімді алгоритимі ретінде дәлелденген.

Оқу құралы – қазақ тілі оқытылатын барлық мекемелер (орта және жоғары білім беру мекемелері, мемлекеттік мекемелер, жекелеген тіл оқыту орталықтары, тіл білу деңгейін анықтайтын құзырлы мекемелер, баспалар мен зерттеу институттары т.б.) мен өз бетімен тіл үйренушілерге бағыт-бағдар беретін әдістемелік еңбек.

Менің атым ... – Меня зовут ...
Сенің атың кім? – Как тебя зовут?
Танысқаныма қуаныштымын! – Рад/а знакомству!
Қалың қалай? – Как дела?
тамаша – отлично
жақсы – хорошо
жаман емес – не плохо
жаман – плохо

1-тапсырма. Тыңдаңыз.


Менің атым - ...



Сенің атың кім?


Танысқаныма қуаныштымын!



Қалың қалай?


тамаша


жақсы


жаман емес


жаман

2-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1. Менің атым ☐	☐ а) қуаныштымын
2. Танысқаныма ☐	☐ ә) қалай?
3. Сенің атың ☐	☐ б) емес
4. Жаман ☐	☐ в) кім?
5. Қалың ☐	☐ г) Сәуле

3-тапсырма. Тыңдаңыз, сөйлем құраңыз.

.....

.....

.....

.....

4-тапсырма. Толықтырыңыз. Жазыңыз.

Әмір: Сәлем.
Сәуле: ..... .
Әмір: Сенің ..... кім?
Сәуле: ..... атым – Сәуле. Сенің атың кім?
Әмір: Менің атым – Әмір.
Сәуле: Танысқаныма ..... .
Әмір: Мен де танысқаныма қуаныштымын.

Қажетті сөздер: сәлем, қуаныштымын, менің, атың.

Грамматика
265-бетті қараңыз

5-тапсырма. Толықтырыңыз.

Менің ат... – Айнаш.
Сенің ат... – Мұрат.
Сіздің ат... кім?
Оның ат... – Дидар.

Оның ат... кім?
Сіздің ат... – Анар.
Менің ат... Бота.
Сенің ат... кім?

6-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерді тәуелдеңіз.

1. Бұл менің ..... (кітап).
2. Сенің ..... (дос) өте ақылды.
3. Оның ..... (мәшине) қызыл.
4. Біздің ..... (мектеп) үлкен.
5. Сендердің ..... (үй) қайда?

7-тапсырма. Суреттер бойынша диалог құраңыз.

Үлгі:

– Сенің атың кім?
– Сәлем, менің атым – Әділет.
– Танысқаныма қуаныштымын.



.....
.....
.....



.....
.....
.....



.....
.....
.....



.....
.....
.....



.....
.....
.....

8-тапсырма. Жауап беріңіз. Көрсетіңіз.

Қалың қалай?


жақсы


жаман


тамаша


жаман емес

Сіз үшін



Қолдау көрсетіп, рақмет айтқанда «***Оқасы жоқ***» деп айтамыз.

9-тапсырма. Оқыңыз.

Алдияр: Сәлем!
Қайсар: Сәлем!
Алдияр: Қалың қалай?
Қайсар: Тамаша, сенің қалың қалай?
Алдияр: Жаман емес.
Қайсар: Сау бол! Кездескенше!
Алдияр: Кездескенше!



10-тапсырма. Сөздерді ретімен қойыңыз.

1. қалай?/Сәлем/қалың

.....

2. қуаныштымын/танысқаныма/Сәлем

.....

3. қалай?/Жақсы/қалың/сенің

.....

4. бәрі/менде/жақсы

.....

5. атың/кім/сенің

.....

11-тапсырма. Диалог құраңыз.

Қажетті сөздер: танысқаныма қуаныштымын, жаман емес, қал қалай, атың кім, жақсы, тамаша.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

12-тапсырма. Өленді тыңдаңыз.

1-тапсырма. Тыңдаңыз. Жазыңыз.



танысып қойыңыз



дос

танысып қойыңыз – познакомьтесь
дос – друг
әріптес – коллега
құрбы – подруга
тек (тегі) – фамилия
кісі – человек
әйел – женщина
ер адам – мужчина



әріптес



құрбы



тек (тегі)



кісі



әйел



ер адам

2-тапсырма. Тыңдаңыз. Толықтырыңыз.

Бота: Танысып қойыңыз. Бұл менің құрбым – Жадыра.
Жұпар: Танысқаныма қуаныштымын. Менің ..... – Жұпар.
Жадыра: Мен де ..... .
Бота: Менің құрбым – мұғалім.
Жұпар: Оо, тамаша, әріптес екенбіз.
Бота: Иә, Жадыра сіздің ..... .
Жұпар: Керемет.



3-тапсырма. Оқыңыз.

Менің атым – Гүлнұр. Бұл менің **құрбым** – Әсем. Оның **тегі** – Болатқызы. Әсем – дәрігер. Ол – **ақылды** қыз. Оның бойы ұзын, көздері үлкен. Әсем жұмысын **жақсы көреді**.



4-тапсырма. 3-тапсырмадағы қою әріппен берілген сөздермен сөйлем құраңыз.

Үлгі: Сенің құрбың бар ма?

.....

.....



5-тапсырма. 3-тапсырмадағы мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Мәтін не туралы?
2. Құрбысының аты кім?
3. Әсемнің көздері қандай?
4. Әсем қайда жұмыс істейді?



6-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1. Менің тегім –	☐	☐	а) бар ма?
2. Бұл –	☐	☐	ә) аты кім?
3. Сенің әріптесің	☐	☐	б) кім?
4. Бұл кісі	☐	☐	в) Маратқызы
5. Менің құрбым	☐	☐	г) менің құрбым
6. Бұл әйелдің	☐	☐	ғ) ақылды

7-тапсырма. Сурет бойынша мәтін құраңыз.



Үлгі:

Бұл ер адам – менің әріптесім. Оның аты – Әсет. Әсеттің тегі – Жанат. Ол білімді кісі.





....

....





....


....

8-тапсырма. Сәйкестендіріңіз. Ұнаған жауапты көшіріңіз.













1. Бұл әйел – менің құрбым. Оның аты – Гүлназ.	☐	☐ А)
2. Менің атым – Жадыра. Тегім – Маратқызы. Мен 10 жастамын.	☐	☐ Ә)
3. Менің атым – Ханшайым. Мен 5 жастамын. Балабақшаға барамын.	☐	☐ Б)
4. Әмір – Айжанның әріптесі. Ол – ақылды кісі. Ол кітап оқығанды жақсы көреді.	☐	☐ В)
5. Майраның құрбысы мектепте мұғалім. Ол балаларды жақсы көреді.	☐	☐ Г)
6. Сәлеметсіз бе! Сіз қай ауруханада жұмыс істейсіз?	☐	☐ Ғ)

Грамматика
265-бетті қараңыз

9-тапсырма. Кестені толтырыңыз.

Мен баламын	Мен	Мен .....
Сен мұғалімсің	Сен	Сен ....
Сіз үлкенсіз	Сіз	Сіз ....
Ол барады	Ол....	Ол....
Біз дәрігерміз	Біз...	Біз...
Сендер барасыңдар	Сендер...	Сендер...
Сіздер келесіздер	Сіздер..	Сіздер..
Олар оқушылар	Олар...	Олар...

10-тапсырма. Дұрыс жауабын белгілеңіз.

1. Мен мектепке барамын/барады.
2. Сен кітапты оқу/оқисың.
3. Ол тапсырманы жаздық/жазады.
4. Біз бірге киноға барамыз/барған.
5. Сендер сабаққа дайындалу/дайындаласыңдар.
6. Олар спортпен шұғылданады/шұғылдандық.

11-тапсырма. Сөйлемді қажетті сөздермен толықтырыңыз.

Үлгі:
Менің ақылды кісі (әріптесім).
Менің әріптесім – ақылды кісі.

1. Сен мектепте ..... істейсің бе?
2. Жадыра саяхатты ..... көреді.
3. Біз ..... құрбылармыз.
4. Ол әріптесім ..... .
5. Сіздің ..... мейірімді.
6. Сендер ..... келіңдер.
7. Арайдың әріптестері ..... кісілер.

Қажетті сөздер: білімді, мейірімді, жақсы, жұмыс, өте жақсы, әріптестеріңіз, мектепке.

1-тапсырма. Тыңдаңыз. Қайталаңыз.

пост салу – выкладывать пост
парақша – страница
блог жүргізу – вести блог
рилс түсіру – снимать рилс
шаш сәндеу – делать укладку/прическу
шана/шаңғы тебу – кататься на санках/лыжах
міне – вот
қажет – нужно



міне



қажет



шаш сәндеу



пост салу



парақша



блог жүргізу



рилс түсіру



шана/шаңғы/доп тебу

2-тапсырма. Дұрыс жазыңыз. Сөйлем құраңыз.

АПРАШАҚ .....
ЛРИС СТҮРІУ .....
АЛСУ .....
ЕБТУ .....
НІЕМ .....
ЖАҚТЕ .....
АШСШНӘЕУД .....

3-тапсырма. Тыңдаңыз. Білмейтін сөздерді жазыңыз.


.....

.....

.....

.....

.....

 100% – әрқашан

 80-90% – әдетте

 50% – жиі

 25-40% – кейде

 10-20% – сирек

 0% – ешқашан

Грамматика
266-бетті қараңыз

4-тапсырма. Сәйкестендіріңіз. Сөйлем құраңыз.

А



Ә



Б



В



Г



Ғ



Үлгі:



үнемі *Мен таңғы асты үнемі үйде ішемін.*

әрқашан	....	☐	☐ А)
әдетте	....	☐	☐ Ә)
жиі	....	☐	☐ Б)
кейде	....	☐	☐ В)
сирек	....	☐	☐ Г)
ешқашан	....	☐	☐ Ғ)

5-тапсырма. Сөйлем құрастырыңыз.

1. бұл/Сания/әріптесім/менің .....
2. жиі/Айнұр/тебеді/шана .....
3. пост/сен/саласың ба?/үнемі .....
4. рилс түсіру/қажет/маған .....
5. тегі/ Алпысбай/оның .....
6. мен/шаш/әдетте/сәндеймін .....
7. шаңғы/ол/тебеді/кейде .....

6-тапсырма. Сұрақтарды толықтырып, жауап беріңіз.

1. Сен ..... тебесің бе? (шана)
2. Сіздің ..... бар ма? (парақшаңыз)



3. Сізге су ..... пе? (қажет)
4. Ол ..... сәндей ме? (шаш)
5. Балалар көп ..... түсіре ме? (рилс)

7-тапсырма. Аудионы тыңдап ретімен қойыңыз.

№___ Сәлеметсіз бе! Танысып қойыңыз. Бұл – менің әріптесім. Оның аты – Жайна.

№___ Танысып қойыңыз, бұл менің құрбым – Айман. Айман – жақсы блогер. Ол күнде пост салады.

№___ Сен бос уақытыңда не істейсің?

№___ Қайырлы күн! Менің есімім – Әсел. Тегім – Мұрат. Мен жиырма жастамын.

№___ Біз сабақта рилс түсірдік. Кейін рилсті парақшамызға жүктедік.

№___ Мен шаңғы тепкенді жақсы көремін.

№___ Қайырлы күн! Өзіңізді таныстырыңыз.

№___ Танысқаныма қуаныштымын.

8-тапсырма. Аудионы қайта тыңдап, дұрыс жауапты белгілеңіз.

☐ 1. Тегім – Мұрат/Жанат.

☐ 2. Менің досымның/әріптесімнің аты – Жайна.

☐ 3. Әсел он/жиырма жаста.

☐ 4. Мен шана/шаңғы тепкенді жақсы көремін.

☐ 5. Айман күнде пост/видео салады.

☐ 6. Балалар сабақта видео/рилс түсірді.

9-тапсырма. Оқыңыз, ауызша айтыңыз.

Менің атым – Марал. Мен блог жүргіземін. Менің әлеуметтік желіде парақшам бар. Онда үнемі рилс түсіріп, пост саламын. Менің оқырмандарым көп. Отбасым, достарым, хоббиім туралы жазғанды ұнатамын. Кейде саяхат туралы рилс түсіремін. Бұл тақырып адамдарға ұнайды.



10-тапсырма. Жауап беріңіз.

1. Сен шаңғы тепкенді жақсы көресің бе?
2. Сенің тегің кім?
3. Сенің парақшаң бар ма?
4. Сен блог жүргізесің бе?
5. Сен пост саласың ба?
6. Сен рилс түсіресің бе?
7. Сен шаш сәндейсің бе?



11-тапсырма. «Мен блогермін» тақырыбында постер әзірлеңіз.

1-тапсырма. Тыңдаңыз. Жазыңыз.


немере


қонақжай


қарапайым


ерке


ұялшақ


аққөңіл


үйлену


тұрмысқа шығу

Жаңа сөздер

немере – внук/внучка
қонақжай – гостеприимный/ая
қарапайым – скромный/ая
ерке – баловень
ұялшақ – застенчивый/ая
аққөңіл – добрый/ая
үйлену – жениться
тұрмысқа шығу – выходить замуж

2-тапсырма. Толықтырыңыз.

Айман апаның ..... бар. Сәуленің анасы ..... Менің құрбым өте ..... адам. Жадыра ..... әйел. Ханшайым өте ..... қыз. Менің інім ....., сондықтан оның досы көп емес. Менің әпкем жазда ..... Сенің досың ..... ме?

Қажетті сөздер: қонақжай, үйленді, қарапайым, аққөңіл, ерке, немересі, ұялшақ, тұрмысқа шығады.

3-тапсырма. Жауап беріңіз.

- Отбасың туралы айтып бер.
- Сенің отбасың бар ма?
- Отбасында неше адам бар?
- Отбасың қандай?
- Отбасы мүшелерін ата.

4-тапсырма. Отбасы мүшелерін топтастырыңыз.

Қажетті сөздер: ата, әже, ана, әке, әпке, аға, іні, қарындас, сіңлі, күйеу.

Ер адам	Әйел адам
.....	.....
.....	.....
.....	.....
.....	.....

5-тапсырма. Тыңдаңыз. Сәйкестендіріңіз.

1. Менің отбасым –	☐	☐	а) балабақшаға барады.
2. Сенің ағаң	☐	☐	ә) мектепте оқиды.
3. Ермектің інісі	☐	☐	б) немересі бар.
4. Менің анам –	☐	☐	в) тату.
5. Сенің әпкең	☐	☐	г) саябақта демаламыз.
6. Алма әженің	☐	☐	ғ) спортты жақсы көре ме?
7. Отбасымызбен	☐	☐	д) қашан үйленеді?
8. Сенің ағаң	☐	☐	ж) өте мейірімді.

6-тапсырма. Оқыңыз, мазмұндаңыз.



Бұл – менің әкем. Әкемнің аты – Дидар. Ол қырық жаста. Ол – заңгер. Әкем – өте білімді, ақылды кісі. Ол үнемі көңілді жүреді. Бізге көп сыйлық береді. Мен әкемді жақсы көремін.

7-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз. Жазыңыз.

1. Әкесінің аты кім? .....
2. Дидар неше жаста? .....
3. Дидар кім болып жұмыс істейді? .....
4. Дидар қандай адам? .....
5. Баласы әкесін жақсы көре ме? Неліктен? .....

.....

Сіз үшін



«Айналайын» сөзі – балаға, жақсы көретін адамға айтылатын еркелетуші сөз.

Грамматика
266-269-бетті қараңыз

8-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерді түрлендіріңіз.

Үлгі: Бүгін ...*мектепке*... (мектеп) барамыз.

1. Біздің ..... (үй) қонақ келді.
2. ..... (әке) қаламын берші.
3. ..... (ана) досының үйіне бардық.
4. Менің інім ..... (үй) ойнап жүр.
5. Сенің ..... (аға) аты кім?
6. Бүгін менің ..... (қарындас) туған күні.
7. Біз ..... (әпке) дүкенге барамыз.
8. (Сіңлі) ..... әдемі көйлегі бар.
9. Мен бүгін ..... (іні) сыйлық бердім.
10. Алуа ..... (ата-ана) бірге демалысқа кетті.

9-тапсырма. Толықтырыңыз.

Үлгі: Әке ..... (кімнің?) кітабы үстелде жатыр. Әкемнің кітабы үстелде жатыр.


1. Әке ..... (кімнің?) кітабы үстелде жатыр.
2. Ана ..... (кімге?) гүл сатып алды.
3. Балалар ..... (кімді?) саябаққа шақырды.
4. Үй ..... (неде?) мысық бар ма?
5. Біздің отбасы ..... (кімде?) бес адам бар.
6. Меруерт Абай көше ..... (қайда?) тұрады.
7. Анам Түркістанға бір апта ..... (қаншаға?) демалысқа кетеді.
8. Әпкем бөлме ..... (нені?) жинады.
9. Асанның інісі он жас ..... (нешеде?).
10. Беріктің ағасы жұмысқа көлік ..... (немен?).

10-тапсырма. Отбасы ағашын толтырыңыз, сипаттаңыз.

Үлгі:

Бұл – менің анам. Анам мектепте жұмыс істейді. Анам бізге үнемі қамқор болады.

Бұл – менің ағам. Ол футбол ойнағанды жақсы көреді. Ағам менімен доп ойнайды.



.....

.....

.....

.....

.....

.....

11-тапсырма. Өлең тыңдаңыз.

Жаңа сөздер


құрметті – уважаемый/ая
көмектесу – помогать
тосынсый – сюрприз
қоныс той – новоселье
тойлау – праздновать
отшашу – фейерверк
жаңа жыл – новый год
құттықтау – поздравлять
гүлшоғы – букет
мейрам – праздник
шақыру – пригласить
тілеу – желать
ашықхат – открытка
шығарып салу – провожать
қарсы алу – встречать

1-тапсырма. Оқыңыз, жазыңыз.

көмектесу .....
қоныс той .....
жаңа жыл .....
мейрам .....
ашықхат .....
құрметті .....
тойлау .....
құттықтау .....
шақыру .....
шығарып салу .....
тосынсый .....

отшашу ..... тілеу .....
гүлшоғы ..... қарсы алу .....

2-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

А 

Ә 

Б 

В 

Г 

Ғ 

Д 

Е 

Ж 

көмектесу ☐	☐ А)
тойлау ☐	☐ Ә)
отшашу ☐	☐ Б)
жаңа жыл ☐	☐ В)
құттықтау ☐	☐ Г)
гүлшоғы ☐	☐ Ғ)
ашықхат ☐	☐ Д)
қоныс той ☐	☐ Е)
құрметті ☐	☐ Ж)

3-тапсырма. Сипаттаңыз.

Үлгі: Бұл – жаңа жыл мерекесі. Суретте балалар бақытты. Адамдар бір-біріне сыйлық береді. Баласы анасына тосынсый жасады.

Қажетті сөздер: ашықхат, қоныс той, құттықтау, құрметті, гүлшоғы, жаңа жыл, отшашу, көмектесу, тосынсый.













4-тапсырма. Толықтырып жазыңыз.

Жұпардың отбасы жаңа пәтер сатып алды. Олар ..... жасады. Қонаққа ..... мен ..... шақырды. ..... көп сыйлық әкелді. Анасы дастарқан жасады. Жұпар анасына ..... Ол қонақтарды ....., ... Қоныс той көңілді өтті. Барлығы жақсы ..... айтты. Жұпарға қонақ күткен қатты ұнады.

Қажетті сөздер: туыстары, тілек, қарсы алды, қоныс той, көмектесті, достарын, шығарып салды, қонақтар.



5-тапсырма. Танысыңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.

Біздің отбасымыз жаңа үйге көшіп, қоныс тойын жасады. Достарымыз бен туыстарымыз бізді құттықтап, әдемі гүлшоқтары мен сыйлықтарын әкелді. Анам барлық қонақтарға ашықхат берді. Кештің соңында отшашу болды, ал біз қонақтарды шығарып салдық. Бұл мейрам бәріміз үшін ерекше болды. Қонақтар бізге жақсы тілектерін айтты. Бәрі көңілді өтті.

Сұрақтар:

1. Қай мейрам туралы айтылған?
2. Қонақтар қандай сыйлықтар әкелді?
3. Отшашу қай кезде болды?
4. Қонақтар қандай тілектер айтты?
5. Анасы кімдерге ашықхат берді?

Грамматика
269-бетті қараңыз



6-тапсырма. Бұйрық райлы сөйлемге айналдырыңыз.

Үлгі: Әсел кітап оқиды – Әсел кітап оқысын

1. Сіз бізді тойға шақырдыңыз.
2. Мен сізге гүл беремін.
3. Достарым үйге кіреді.
4. Олар тосынсый ұйымдастырады.
5. Көп қонақ келеді.



7-тапсырма. Толықтырыңыз.

1. Мадина, жаңа жылды бірге ..... (тойлау).
2. Бүгін Маржанды туған күнімен ..... (құттықтау).
3. Жадыраға жаңа үйге көшуіне ..... (көмектесу).
4. Кешке қонақтарды бірге ..... (қарсы алу), олар қуанып қалсын.
5. Достарыңызға үнемі тосынсый ..... (жасау).



8-тапсырма. Бұйрық райды қолдана отырып, диалог құраңыз.

.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....

9-тапсырма. Тыңдаңыз, толықтырыңыз.

- Сәлем, туған күнге не сыйлауға болады? -	
- Ертең Әмірдің туған күні. Достар, не істейміз? -	
- Мен жаңа үйге көшіп жатыр едім, уақытым болмай тұр. -	
- Мұғалім, мына тапсырманы қалай орындайын? -	
- Ертең мерекеде демаламыз ба? -	

10-тапсырма. Толықтырыңыз.

1. Бұл гүлшоғы сіз ..... дайындалды.
2. Біз жаңа жылда дастарқан жайдық ..... ән айттық.
3. Бүгін тосынсый жасадым, ... шаршадым.
4. Қонақтар кешікті, ... олар жолда кептелісте көп тұрды.
5. Қонақтан соң анама көмектестім, ... ол көп жұмыс істеді.

Қажетті шылаулар: үшін, және, бірақ, себебі, өйткені.

1-тапсырма. Оқыңыз, тыңдаңыз.

ғимарат
дүниежүзі
ықшамаудан
даңғыл
көпір
кептеліс
аралау
жол белгісі
көпқабатты
мемлекет
армандау

Жаңа сөздер

ғимарат – здание
көпір – мост
көпқабатты – многоэтажный
дүниежүзі – всемирный
кептеліс – пробки
ықшамаудан – микрорайон
аралау – ходить (среди)
армандау – мечтать
даңғыл – проспект
жол белгісі – дорожный знак
мемлекет – государство

2-тапсырма. Төменде берілген сөздермен сөйлем құраңыз.

Үлгі: Кәмшат Абай даңғылында тұрады.


даңғыл


жол белгісі


көпқабатты


көпір


дүниежүзі


кептеліс

.....
.....
.....
.....
.....
.....

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіздің қай елде тұрғыңыз келеді?
2. Не себепті сол елді таңдадыңыз?
3. Ол елдің ерекшелігін атаңыз?

Сіз үшін



Түркия – түрік	Қырғызстан – қырғыз
Ресей – орыс	Корея – кәріс
АҚШ – американдық	Үндістан – үнді

4-тапсырма. Оқып, мазмұндаңыз.

Менің атым – Гүлжан. Мен дүниежүзіндегі барлық мемлекетті аралығым келеді. Себебі АҚШ-та әдемі ғимараттар көп, ал



Ресейде көпқабатты үйлер бар. Маған Түркияның үлкен көпірлері ұнайды. Үндістанда кептеліс көп болады, өйткені ол елде халық көп. Әлемде дамыған елдер көп, бірақ мен өз елімді қатты жақсы көремін.

5-тапсырма. Тыңдаңыз. Қажетті сөздермен толықтырыңыз.

Ханшайым: Қайырлы күн, анашым!
Анасы: Сәлем, Ханшайым!
Ханшайым: Анашым, сізден бірдеңе ..... бола ма?
Анасы: ....., қызым, сұра.
Ханшайым: Анашым, сіздің ..... бар ма?
Анасы: Ой, ..., армандарым көп қой. Мысалы, мен дүниежүзін аралығым келеді.
Ханшайым: Солай ма, өте қызық. Сіз бұрын айтпадыңыз ғой?
Анасы: Иә, балам. Саған енді айтып жатырмын.
Ханшайым: Жақсы, бірінші қай ..... барғыңыз келеді?
Анасы: Мысалы, Түркияға. Онда ..... ғимараттар өте көп. Маған әр елдің тарихы қызық.
Ханшайым: Иә, анашым, сізбен ..... Ендеше бірге саяхаттайық!

Қажетті сөздер: келісемін, әрине, ескі, саған, сұрауға, қызым, елге, арманыңыз.

Грамматика
270-бетті қараңыз

6-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерді пайдала отырып сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Бұл ықшамаудан басқа ықшамаудандарға қарағанда ..... (үлкен).
2. Алматыдағы жол белгілері Астанаға қарағанда ..... (жақсы).
3. Қазақстанның көпірлері көрші елдердегі көпірлерге қарағанда ..... (әдемі).
4. Біздің мемлекетіміз – дүниежүзіндегі ең ..... (қонақжай) ел.
5. Бұл көпқабатты үй басқа үйлерге қарағанда ..... (биік).

7-тапсырма. Төмендегі сөздерді пайдаланып сөйлем құраңыз.

Қажетті сөздер: даңғыл, көпір, мемлекет, дүниежүзі, қонақжай.

Үлгі: Бұл даңғыл басқа даңғылдарға қарағанда кеңірек.

.....
.....
.....
.....

8-тапсырма. Сын есімдерді тиісті шырай формасында жазыңыз.

1. Бұл көпір ..... (әдемі) екен.
2. Қазақтар – әлемдегі ..... (қонақжай) халық.
3. Дүниежүзіндегі ..... (ұзын) даңғылды білесіз бе?

4. Алматы Астанаға қарағанда ..... (жылы).
5. Ыстанбұлда ескі ғимараттар ..... (көп).
6. Лондонның көпірі Семейдің көпірінен ..... (кіші).
7. ..... (күшті) отшашу қай қалада болады?
8. Дүниежүзіндегі ..... (кішкентай) мемлекетті білесің бе?
9. Айнұр қаланың ..... (биік) үйлерінде тұрғысы келеді.
10. Әйгерім қаланың ..... (көрікті) жерлерін аралады.

9-тапсырма. Диалог құрастырыңыз.

Қажетті сөздер:


жол белгісі


көпір


даңғыл


ықшамаудан


мемлекет

Үлгі:

Айсәуле:

– Сәлеметсіз бе! Бұл көпірге қалай баруға болады?

Балғын:

– Тура жүріңіз, содан кейін Абай даңғылына бұрылыңыз.

10-тапсырма. Қалалар мен сөздерді қолданып сөйлем құрастырыңыз.

Қалалар: Астана, Париж, Ыстанбұл, Нью-Йорк, Мәскеу, Сеул.

Қажетті сөздер: көпір, көпқабатты, ғимарат, қонақжай, даңғыл.

Үлгі: Ыстанбұлдың тарихи көпірлері өте әдемі.

.....
.....
.....
.....
.....
.....

11-тапсырма. Толықтырыңыз.

Азамат: Сәлем, Бағдат. Сен қай елге барғың келеді?
Бағдат: Мен АҚШ-қа барғым келеді.
Азамат: Ол елдің қандай ерекшеліктері бар?
Бағдат: Онда .... көп, сондай-ақ .... да көп. Американдықтар өте .....
Азамат: Солай ма? Мен де сол елге барғым келеді. Себебі мен де үлкен..... мен .... көргім келеді.

Қажетті сөздер: қонақжай, көпқабатты үйлер, әдемі ғимараттар, даңғылдар, тарихи көпірлер.

1-тапсырма. Оқыңыз. Тыңдаңыз.


ыдыс


таба



сөре


кесе


жайлы


орамал


тоңазытқыш


бұрыш


шаңсорғыш


тазалау


жуу


сүрту

Жаңа сөздер

ыдыс – посуда
таба – сковородка
сөре – полка
кесе – чашка
жайлы – удобный/комфортный
орамал – полотенце
тоңазытқыш – холодильник
бұрыш – угол
шаңсорғыш – пылесос
тазалау – чистить
жуу – мыть
сүрту – вытирать

2-тапсырма. Жаңа сөздермен сөйлем құраңыз.

Үлгі: *Тоңазытқыш бұрышта тұр. Мен кесе жудым.*

.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....

3-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып сөйлемді толықтырыңыз.

1. Бұл – біздің ..... (жаңа) үй.
2. Асүйде үлкен ..... (тоңазытқыш) тұр.
3. Жатын бөлмедегі ..... (терезе) өте үлкен.
4. Қонақ бөлмедегі ..... (перде) әдемі.
5. Бұл үй бұрынғы үйімізден ..... (кең).

4-тапсырма. Танысыңыз.

Сөздер	Сипаттамасы
Ыдыс	*Тамақ салуға арналған заттар*
Таба	*Тамақ салатын жалпақ, үлкен ыдыс*
Сөре	*Ыдыстарды қоюға арналған жиһаз*
Орамал	*Қол немесе ыдыс сүртуге арналған мата*
Тазалау	*Бөлмелерді жинау және шаң сүрту*
Жуу	*Кір ыдысты немесе киімді тазалау*
Тоңазытқыш	*Тамақ сақтауға арналған тұрмыстық техника*
Шаңсорғыш	*Шаңды тазалауға арналған тұрмыстық техника*

5-тапсырма. Оқыңыз.
Сұрақтарға жауап беріңіз.

Біздің отбасымыз жаңа үйге көшті. Жаңа үйде үш бөлме бар: қонақ бөлме, асүй және жатын бөлме. Қонақ бөлмеде үлкен терезе, жұмсақ диван және әдемі кілем бар. Асүйде үстел, пеш, ыдыс сөресі мен үлкен тоңазытқыш тұр. Асүйде біз тамақ ішеміз. Біздің асүй өте жайлы, өйткені біз үнемі бөлмені тазалаймыз.

Шаңсорғышпен тазалаймыз және ыдыстарды жуамыз. Еденді анам сүртеді, ал мен ыдыс жуамын.

Сұрақтар:
1. Жаңа үйде неше бөлме бар?
2. Қонақ бөлмеде қандай жиһаз бар?
3. Асүйде қандай тұрмыстық техника бар?
4. Асүй неге үнемі таза тұрады?
5. Еденді кім сүртеді?



6-тапсырма. Толықтырыңыз.

1. Үйдің ..... (алды) үлкен бақ бар.
2. Сөренің ..... (асты) құмыра тұр.
3. Сөренің ..... (жаны) тоңазытқыш орналасқан.
4. Терезенің ..... (алды) ыдыстар қойылған.
5. Үйдің ..... (арты) үлкен тасжол бар.

Грамматика
270-бетті қараңыз



7-тапсырма. Тыңдаңыз. Толықтырыңыз.

Анасы: Қалың қалай, балам, не істеп жатырсың?
Бота: Қайырлы кеш, анашым! Мен ..... Інім қонақ бөлмеде ойнап отыр.
Анасы: Тоңазытқышты тазаладың ба?
Бота: Иә, тазаладым. Бірақ ..... сүртуді ұмытып кетіппін.





Анасы: Жарайды, оны өзім ..... Кесені жудың ба?

Бота: Қай .....?

Анасы: Сөреде тұрған кесені. Ал ..... жудың ба?

Бота: Табаны да, кесені де жудым. Қазір ..... еденді тазалаймын.

Анасы: Жарайсың, балам! Үйдің ..... болғаны жақсы.


Бота: Жақсы, анашым!

Қажетті сөздер: еденді, таза, шаңсорғышпен, кесені, табаны, сүртемін, сөренені, асүйдемін.

Грамматика
270-бетті қараңыз



таза



кір



жаңа



ескі



жайлы



жайсыз/
ыңғайсыз

8-тапсырма. Қарсы мәнді сөздерді сәйкестендіріңіз.


1. жайлы ☐	☐ а) кір
2. үлкен ☐	☐ ә) ескі
3. таза ☐	☐ б) жайсыз/ыңғайсыз
4. биік ☐	☐ в) кішкентай
5. кең ☐	☐ г) аласа
6. жаңа ☐	☐ ғ) тар

9-тапсырма. Толықтырыңыз.

1. Бұл тоңазытқыш – жаңа, ал мынау – .....
2. Сөре – таза, бірақ терезе .....
3. Менің бөлмем сенікінен .....
4. Әсем үстелдің үстін орамалмен сүртті, бірақ кейбір жерлері әлі .....
5. Ыдыстар жуылмады, бірақ табалар .....

10-тапсырма. Артық сөздерді көрсетіңіз, атаңыз.











11-тапсырма. Жаңа сөздерді пайдаланып өз бөлмеңізді суреттеңіз.






1-тапсырма. Жаңа сөздерді қайталаңыз, жазыңыз.

тапсыру .....
жалғастыру .....
таңдау .....
ғылым .....
өтініш .....
хат .....
емтихан .....
есту .....
орта/жоғары білім .....
сұхбат .....
толтыру .....
оқу орны .....



Жаңа сөздер

тапсыру – сдать
жалғастыру – продолжать
таңдау – выбрать
ғылым – наука
өтініш – заявление
хат – письмо
емтихан – экзамен
есту – слышать
орта/жоғары білім – среднее/высшее образование
сұхбат – интервью
толтыру – заполнять
оқу орны – учебное заведение




2-тапсырма. Сөздерді сәйкестендіріңіз, сөйлем құрастырыңыз.

1. емтихан	☐	☐	а) беру
2. орта	☐	☐	ә) таңдау
3. өтініш	☐	☐	б) орны
4. сұхбат	☐	☐	в) білім
5. пән	☐	☐	г) жазу
6. хат	☐	☐	ғ) тапсыру
7. оқуды	☐	☐	д) толтыру
8. оқу	☐	☐	ж) жалғастыру

.....
.....
.....

.....
.....
.....
.....
.....



3-тапсырма. Оқыңыз. Жазыңыз.

Сөздер	Мағынасы
Тапсыру	*Емтихан немесе құжаттарды өткізу*
Жалғастыру	*Бір істі ары қарай істеу*
Ғылым	*Әлемді зерттеп, түсіну*
Өтініш	*Ресми түрде сұраныс жасау*
Хат	*Жазбаша хабарлама*
Емтихан	*Білімді тексеру түрі*
Есту	*Құлақ арқылы дыбыс қабылдау қабілеті*
Орта/жоғары білім	*Орта мектеп немесе университет деңгейі*
Сұхбат	*Жұмысқа немесе оқуға қабылдау үшін өтетін ресми әңгіме*
Толтыру	*Құжатқа ақпарат жазу*
Оқу орны	*Университет, колледж, мектеп*

.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....

4-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз, курсивпен белгіленген сөздермен сөйлем құрастырыңыз.

Мен мектеп бітірген соң *жоғары білім* алғым келеді. Менің арманым – шетелде оқу. Мен бірнеше *оқу орнын* таңдап отырмын. Университетке түсу үшін *емтихан тапсыру* қажет. Мен химия пәнін таңдағым келеді. Ол үшін мен ағылшын тілін жақсы оқып, *емтиханға* дайындалуым керек. Сонымен қатар *сұхбатқа* дайындалу қажет. Жоғары білім алып, Қазақстанда химия *ғылымын* дамытқым келеді.

Сұрақтар:

1. Автордың арманы қандай?
2. Университетке түсу үшін не істеу керек?
3. Автор қай салада білім алғысы келеді?
4. Автор неге дайындалып жатыр?
5. Сіз қайда оқығыңыз келеді?



.....

.....

.....

.....

5-тапсырма. Тыңдаңыз, толықтырыңыз.

Ақбота Мұратқызы<aqbota.m@gmail.com>
кімге: john.s@gmail.com

Құрметті Джон мырза!

Мен, Ақбота Мұратқызы, мектепті бітірген соң .... алғым келеді. Менің арманым – шетелде оқып, химияны балаларға үйрету. Мен осы .... түсуге өтініш толтырдым. Себебі сіздердің университеттеріңіз химияны өте ..... оқытады. ..... сәтті тапсырдым, келесі айда ..... беру жоспарланған. Сізден өтінішімді қарап, маған мүмкіндік беруіңізді сұраймын.

Ізгі ниетпен, Ақбота Мұратқызы

Қажетті сөздер: сұхбат, емтихандарды, оқу орнына, жақсы, жоғары білім.

Грамматика
271-бетті қараңыз

6-тапсырма. 5-тапсырмадағы үлгі бойынша оқу орнына хат жазыңыз.

.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....

7-тапсырма. Пікір білдіріңіз.

Отандық білім беру жүйесі
- тиімді/тиімсіз
- неге, себебі
- жақсы/жаман жақтары

Шетелдік білім беру жүйесі
- тиімді/тиімсіз
- неге, себебі
- жақсы/жаман жақтары





Грамматика
271-бетті қараңыз

8-тапсырма. Толықтырып, жазыңыз.

Үлгі: Мөлдір сабаққа .....*барғысы*..... (бару).

1. Мен шетелде ..... (білім алу).
2. Сен қай ғылым саласында ..... (жұмыс істеу)?
3. Университетке өтініш ..... (тапсыру).
4. Ол сұхбаттан жақсы ..... (өту).
5. Емтиханнан жоғары баға ..... (алу).

9-тапсырма. Сөйлем құрастырыңыз.

Үлгі: Әлия жазда Астанаға барғысы келеді.



Астанаға бару



кітап оқу



суға түсу




теледидар көру

.....

.....

.....

.....



саябаққа бару



үй жинау



саяхаттау



сурет салу

.....

.....

.....

.....

10-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1. өтініш ☐	☐ а) білімді тексеру түрі
2. ғылым ☐	☐ ә) ресми әңгімелесу
3. сұхбат ☐	☐ б) әлемді зерттеп түсіну
4. толтыру ☐	☐ в) өтіну мақсатында жазылатын құжат
5. емтихан ☐	☐ г) құжаттарға ақпарат жазу

11-тапсырма. «Менің армандаған оқу орным» тақырыбында мәтін құраңыз.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

Жаңа сөздер

дәрісхана – аудитория
ағылшын тілі – английский язык
әдебиет – литература
жазбаша – письменно
ауызша – устно
үйірме – кружок
әңгіме – беседа
тарих – история
ақпарат – информация

1-тапсырма. Оқып, жазыңыз.


дәрісхана



ағылшын тілі


әдебиет


жазбаша


ауызша


үйірме


әңгіме


тарих


ақпарат

2-тапсырма. Тыңдап, сәйкестендіріңіз.

дәрісхана ☐	☐ а) жаңа мәлімет
ағылшын тілі ☐	☐ ә) қолмен немесе компьютермен жазу
әдебиет ☐	☐ б) қосымша білім
жазбаша ☐	☐ в) халықаралық қарым-қатынас тілі
ауызша ☐	☐ г) студенттерге арналған оқу бөлмесі
үйірме ☐	☐ ғ) көркем шығармалар
ақпарат ☐	☐ д) сөйлеу түрі

3-тапсырма. Оқыңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.

Мынау біздің университетіміз. Мұнда тарих, қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі дәрісханалары бар. Дәрісханалар – кең әрі жарық. Бүгін бізде қазақ әдебиеті сабағы болды. Әдебиет сабағында біз көп ауызша тапсырмалар орындаймыз. Кеше ағылшын сабағында жазбаша тапсырмалар орындадық. Біз әрбір сабақта жаңа ақпарат аламыз. Маған университеттегі сабақтар ұнайды. Себебі күнде жаңа ақпараттар аламыз.



Сұрақтар:

1. Университетте қандай дәрісханалар бар?
2. Дәрісханалар қандай?
3. Әдебиет сабағында қандай тапсырма орындады?
4. Жазбаша тапсырмаларды қай сабақта орындады?
5. Университеттегі сабақтар ұнай ма?
6. Өз оқу орныңыз ұнай ма?

4-тапсырма. Ақпаратты белгілеңіз.

	Дұрыс	Бұрыс
Университетте қызықсыз болды.	☐	☐
Жазбаша тапсырмалар орындалды.	☐	☐
Екінші сабақ ағылшын тілі болды.	☐	☐
Әдебиеттен жазбаша тапсырма орындады.	☐	☐
Күнде жаңа ақпарат алмаймыз.	☐	☐

5-тапсырма. Алдиярға үйірме таңдауға көмектесіңіз.



Бұл – Алдияр. Ол 18 жаста. Ол Бостон университетінің бірінші курс студенті. Ол ағылшын тілін өте жақсы біледі, екі-үш рет IELTS емтиханын жоғары балға тапсырған. Алдияр робот жасағанды жақсы көреді.

«Ағылшын тілі» үйірмесінде студенттер ағылшын тілін оқиды. Ауызша және жазбаша тапсырмалар орындайды. Апта сайын спикинг клаб өтеді.

«Әдебиет» үйірмесінде студенттер көркем шығарма оқиды. Өлең жаттайды, қызықты ойындар ойнайды.

«Робот жасау» үйірмесінде студенттер әртүрлі роботтар құрастырады, оларды жүргізеді.

6-тапсырма. Дұрыс жауапты белгілеңіз.

Әсем: Сәлем, бүгін □дәрістерің/□мектептерің қалай болды?
Назерке: Жақсы. Таңертең □тарихтан/□дүниетанудан екі дәріс болды. Дәрісханада сегіз-тоғыз ғана □оқушы/□студент болды. Бірақ сабақ өте қызықты өтті. Оқытушы дүниежүзі тарихынан жаңа ақпараттармен □айтылды/□бөлісті.
Әсем: Ал □қазақ тілі/□әдебиет сабағында не істедіңдер?
Назерке: Әдебиет сабағында қазақ ақындарының шығармаларын оқыдық. Екі-үш студент □жауап/□сұрақ қойды. Сен өзің неге сабаққа келмедің?
Әсем: Мен бүгін ауырып, □сабаққа/□үйге бара алмай қалдым.
Назерке: Тезірек жазыл. Қазір қалайсың?
Әсем: Қазір денсаулығым жақсы, рақмет! □Үй/□мектеп тапсырмаларын бересің бе?
Назерке: Әрине, күте тұр. Мен саған электронды поштаға □хаттарды/□дәрістерді жіберейін.
Әсем: Ооо, тамаша, рақмет, құрбым.
Назерке: Оқасы жоқ. Кездескенше.

Грамматика
271-бетті қараңыз

7-тапсырма. Толықтырыңыз.

1. Дәрісханада ..... студенттер бірге жұмыс істеді.
2. Бүгін әдебиет сабағында ..... жаңа ақпарат алдық.
3. Ағылшын тілі сабағы ..... болды.
4. Үйірмеге ..... студент қатысты.
5. Дәрісханада студенттер ..... топтасып отырды.

6. Оқытушы тапсырмаларды ..... бөліп берді.
7. Оқуға түсуге күніне ..... өтініш келіп жатыр.
8. Әр емтихан сұрағында ..... жауап болды.

Қажетті сөздер: шамамен бес, бес-алтыдан, екі-үштен, он шақты, бір-екі, бір сағаттай, он-оннан, екі-үш.



8-тапсырма. Қателерді табыңыз және түзетіңіз.

1. Балалар үш-төртен бөлініп отырды.
2. Біз шамамен он шақтылар дәптер сатып алдық.
3. Оқушылар екеу-екеулерден жұмыс істеді.
4. Мен кітапханадан төрт-бестен кітап алдым.
5. Жобаға шамамен жиырмалар адам қатысты.



9-тапсырма. Топтастырыңыз.

Қажетті сөздер: екі-екіден, бес-бестен, бір-екі, бес-алты, тоғыз-он, үш-төрттен, бес-бестен, жиырма-отыз.

Топтау сан есім	Болжалдық сан есім



10-тапсырма. Жаңа сөздерді қолданып «Университеттегі бір күнім» тақырыбында шағын мәтін жазыңыз.

.....
.....
.....

.....

.....

.....

11-тапсырма. Үйірмелерді таныстыратын постер әзірлеңіз.



«Робот жасау» үйірмесі

«Ағылшын тілі» үйірмесі

«Көркем өнер» үйірмесі

«Экология» үйірмесі

«Қыш құмыра жасау» үйірмесі

«IT технологиялар» үйірмесі

1-тапсырма. Тыңдаңыз, жазыңыз.

Жаңа сөздер

еңбек – труд
тәрбиеші – воспитатель
танымал – известный
аспаз – повар
маман – специалист
дайындау – готовить
суретші – художник
хатшы – секретарь
іздеу – искать
ән айту – петь
жұмыс істеу – работать
сатушы – продавец




....




....






....






....

2-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1. тәрбиеші	☐	☐	а) сурет салатын адам
2. еңбек	☐	☐	ә) жұмыс, қызмет
3. суретші	☐	☐	б) кішкентай балаларды қарайтын адам
4. аспаз	☐	☐	в) бір нәрсені табуға әрекет жасау
5. сатушы	☐	☐	г) тамақ әзірлейтін адам
6. дайындау	☐	☐	ғ) тауар сататын адам
7. іздеу	☐	☐	д) бір нәрсені жасау, істеу

3-тапсырма. Тыңдаңыз. Толықтырыңыз.

Гүлжан: Сәлем! Қалың қалай?
Айғаным: Сәлем! Жақсы. Өзіңнің қалың қалай?
Гүлжан: Жаман емес. Қайда жұмыс істеп жүрсің?
Айғаным: Ой, құрбым, мен жаңа жұмыс іздеп жүрмін.
Гүлжан: Рас па? Сен бұрын қайда .....?
Айғаным: Мен мейрамханада аспаз болып ..... жыл жұмыс істегенмін. Бірақ қазір басқа жұмыс іздеп жүрмін.
Гүлжан: Бір жерде он жыл істесең, жақсы ..... ғой. Қазір қандай жұмыс іздеп жүрсің?
Айғаным: Қазір ..... салада жұмыс істегім келеді.
Гүлжан: Аспаздықтан басқа не істей аласың?
Айғаным: Бұрын ..... болғанмын. Адамдармен тез тіл табысамын. Маған клиенттермен жұмыс істеген ұнайды.
Гүлжан: Жақсы, мен біздің жұмыста бос ..... болса сұрап көрейін.
Айғаным: Көп рақмет!
Гүлжан: Кездескенше.

Қажетті сөздер: он, маман, жұмыс істеу, сатушы, орын, басқа.

4-тапсырма. Диалог бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Бастапқыда ол қайда жұмыс істеді?
2. Қазір қандай жұмыс іздеп жүр?
3. Тәжірибесі қандай?
4. Қай бөлімде жұмыс істегісі келеді?

5-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Сәлем! Менің атым – Әлия. Менің еңбек тәжірибем бар. Мен университетті бітірген соң бір жыл тәрбиеші болып жұмыс істедім. Балалармен жұмыс істеу маған өте ұнады. Кейін суретші мамандығын таңдадым, өйткені мен сурет салуды жақсы көремін. Бос уақытымда ән айтқанды жақсы көремін. Менің арманым – танымал суретші болу.



Сұрақтар:

1. Әлия алғашында қайда жұмыс істеді?
2. Кейін қандай мамандықты таңдады?
3. Бос уақытында ол немен айналысады?
4. Әлияның арманы қандай?

Грамматика
272-бетті қараңыз

6-тапсырма. Толықтырыңыз.

1. Мен аспаз болып жұмыс ..... (істеу).
2. Ол көптеген қызықты кітаптар ..... (оқу).
3. Біз жаңа тақырыпты мұқият ..... (зерттеу).
4. Олар бұған дейін басқа елдерде ..... (болу).
5. Сен бұл фильмді бұрын ..... (көру) бе?

7-тапсырма. «Өткен тәжірибе туралы әңгіме» тақырыбында диалог құраңыз.

Үлгі:

Асан: Сен бұрын қандай жұмыс істегенсің?
Әлия: Мен аспаз болып жұмыс істегенмін.
Асан: Не үйрендің?
Әлия: Тамақ дайындауды және жаңа рецептерді меңгергенмін.

.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....

Сіз үшін



«Саусағынан бал тамған» фразалық тіркесін барлық істі өте жақсы істейтін адам туралы айтқанда қолданамыз.

8-тапсырма. Кім не істейді? Сәйкестендіріңіз.

1. аспаз	☐	☐	а) кішкентай балаларды қарайды
2. әнші	☐	☐	ә) адамдарды емдейді
3. суретші	☐	☐	б) тамақ пісіреді
4. тәрбиеші	☐	☐	в) сурет салады
5. мұғалім	☐	☐	г) би билейді
6. биші	☐	☐	ғ) ән айтады
7. дәрігер	☐	☐	д) балаларды оқытады

9-тапсырма. Кім не істегенді жақсы көреді? Мысал келтіріңіз.

Үлгі: Анар ән айтқанды жақсы көреді. Себебі ол – әнші.
Ханшайым би билегенді жақсы көреді. Себебі ол – биші.

10-тапсырма. Сұхбат құрыңыз.

Үлгі:
– Сәлеметсіз бе, сіздің қандай тәжірибеңіз бар?
– Сәлеметсіз бе, мемлекеттік мекемеде хатшы болғанмын.
– Жақсы, не істей аласыз?
– Мен адамдармен жақсы тіл табысамын, ағылшын тілін жақсы білемін, барлық технологияны жақсы қолдана аламын.
– Тамаша, біз сіздің өтінішіңізді қараймыз. Жақсы.
– Жақсы, сау болыңыздар!
– Сау болыңыз!

1-тапсырма. Оқыңыз, жазыңыз.

қызмет .....
есепші .....
жоспар .....
шаштараз .....
басшы .....
жеке кәсіпкер .....
даяшы .....
мақсат .....
шебер .....
қарау .....
дайындау .....
зейнеткер .....

Жаңа сөздер

қызмет – услуга
есепші – бухгалтер
жоспар – план
шаштараз – парикмахерская
басшы – начальник
жеке кәсіпкер – индивидуальный предприниматель
даяшы – официант
мақсат – цель
шебер – мастер
қарау – смотреть
дайындау – готовить/разрабатывать
зейнеткер – пенсионер

2-тапсырма. Үлгі бойынша сөйлем құраңыз.

Үлгі: шаштараз – Мен шаштаразға барамын.





....
....





.....

.....

.....

.....





.....

.....

.....

.....





.....

.....

.....

.....





.....

.....

.....

.....

3-тапсырма. Тыңдаңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Арайлымның қызметі қандай?
2. Арайлым зейнеткерлерге қалай көмектеседі?
3. Науқас адамдардың мәселелерін қалай шешеді?
4. Оның жұмысы қалай ұйымдастырылған?
5. Шұғыл тапсырмалар болғанда Арайлым не істейді?
6. Арайлым қандай басшы?

4-тапсырма. Танысыңыз.

Сөздер	Анықтамасы
Қызмет	Жұмыс, іс, кәсіп
Шебер	Өз ісінің маманы
Басшы	Ұжымды басқаратын адам
Даяшы	Қонақтарды күтуші, қызмет көрсетуші адам
Жеке кәсіпкер	Жеке кәсібі бар адам

5-тапсырма. Үлгі бойынша диалог құрыңыз.

Қажетті сөздер: шаштараз, хатшы, даяшы, есепші, шебер, басшы, зейнеткер, жеке кәсіпкер.

Үлгі:

– Мен кеше шаштаразға бардым.
– Шаштаразда не істедің?
– Шашымды қидырдым.


– Даяшы, менің тапсырысым дайын ба?
– Әрине, міне, сіздің тағамыңыз. Асыңыз дәмді болсын!

– Тамаша, өте әдемі көрінеді екен… Дәмі де керемет шығар, иә?
– Әрине, дәмін татып көріңіз, сізге ұнайды деген ойдамын.

6-тапсырма. Суретте қандай қызмет көрсетілген, сипаттаңыз.









Грамматика
272-бетті қараңыз

7-тапсырма. Толықтырыңыз.

Шаштараз клиенттің өтінішін ..... (тыңдау), ол өз жұмысын жақсы істейді. Басшы өз ұжымына дұрыс ..... (қарау), компания табысты болады. Жеке кәсіпкер өз жұмысын мұқият ..... (жоспарлау), клиенттерге сапалы қызмет көрсетеді. Егер даяшы тағамдарды жақсы ..... (дайындау), клиенттер риза болады.

8-тапсырма. «Мен ..... болсам» тақырыбында жағдаят құраңыз.

Үлгі: Мен жеке кәсіпкер болсам, өз кәсібімді жақсы жоспарлар едім. Адамдардың сұранысы дұрыс орындалса, олар қызметке риза болар еді.

.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....

Сіз үшін





Қазақ халқында ***«Жар таңдау мен мамандық таңдауда қателеспе»*** деген түсінік бар. Бұл адамның жұмысының маңыздылығын көрсетеді.

1-тапсырма. Тыңдаңыз. Сәйкестендіріңіз.

Жаңа сөздер


тұмау тию – грипп/ простудиться
кеңес – консультация
арқа – спина
анықтама – справка
қан – кровь
бауыр – печень
бүйрек – почка
жүрек – сердце
өкпе – легкие
науқас – пациент
жолдама – направление
жөтел – кашель






























тұмау тию - №___ кеңес - №___ арқа - №___
анықтама - №___ қан - №___ бауыр - №___
бүйрек - №___ жүрек - №___ өкпе - №___
науқас - №___ жолдама - №___ жөтел - №___

2-тапсырма. Сөздерді сәйкестендіріп, сөйлем құраңыз.

1. тұмау ☐	☐ а) ауыру
2. кеңес ☐	☐ ә) қабылдау
3. бүйрек ☐	☐ б) беру
4. жолдама ☐	☐ в) соғу
5. науқасты ☐	☐ г) тию
6. жүрек ☐	☐ ғ) тыңдау
7. өкпені ☐	☐ д) беру
8. қатты ☐	☐ ж) жөтелу

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

3-тапсырма. Тыңдап, толықтырыңыз.

Науқас: Сәлеметсіз бе, үйге ..... шақырайын деп едім.

Оператор: Сәлеметсіз бе, қандай ..... бар?

Науқас: Менің қызуым көтеріліп тұр. ..... сияқты.

Оператор: Дене қызуыңыз қанша?

Науқас: Бүгін 39 градус болды. ..... жатырмын.

Оператор: Жақсы, мекенжайыңыз қандай?

Науқас: Тұран даңғылы 28, 18-пәтер, 5-кіреберіс, 2-қабат.

Оператор: Жақсы, ...

Науқас: Жақсы.

Қажетті сөздер: жөтеліп, тұмау тиген, шағымдарыңыз, дәрігер, күтіңіз.

4-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Бүгін Еркеназ кенеттен ауырып қалды. Анасы жедел жәрдем шақырды. Дәрігер оны тексеріп, жүрегін тыңдады, мектепке анықтама жазып берді. Қан тапсыруға жолдама берді. Зерттеу бойынша оның бауыры мен бүйрегі ауырмайды екен. Оған тұмау тиген екен, қатты жөтеліп жатыр. Дәрігер Еркеназға суық су ішпей, тәтті жемей, емделу керектігін ескертті.



Сұрақтар:

1. Кім кенеттен ауырып қалды?
2. Жедел жәрдемді кім шақырды?
3. Дәрігер нені тексерді?
4. Еркеназдың қай жері ауырған екен?
5. Дәрігер Еркеназға қандай кеңес берді?

5-тапсырма. Ақпаратты белгіленіз.

Ақпарат	Дұрыс	Бұрыс
1. Еркеназ екі күн ауырды.	☐	☐
2. Еркеназды анасы бірден ауруханаға апарды.	☐	☐
3. Дәрігер мектепке анықтама жазып берді.	☐	☐
4. Еркеназдың жүрегі ауырмайды.	☐	☐
5. Еркеназ жөтеліп жатыр.	☐	☐

Сіз үшін



Қазақта науқастанған адамға: ***«Жазылып кетіңіз!»***, ***«Ем болсын!» «Тезірек жазылыңыз!»***, – деп тілек айтады.

6-тапсырма. Жаңа сөздермен диалог құрастырыңыз.

Үлгі:

Назгүл: Сәлем! Сен жедел жәрдем шақырып көрдің бе?

Айғаным: Иә, бір рет шақырдым. Тұмау тигенде және жөтелгенде дәрігер келді.

Назгүл: Олар қандай көмек көрсетті?

Айғаным: Арқамды тексеріп, өкпемді тыңдады. Зертханаға жолдама беріп, қан талдауын тапсыртты.

.....

.....

.....

.....

.....

Грамматика
272-бетті қараңыз

7-тапсырма. Толықтырыңыз.

1. Адамда екі ..... мен екі ..... бар. Сонымен қатар он ..... пен он ..... бар.
2. Біздің аулада он ..... өсіп тұр. Олар биыл өте жақсы өсіп шықты. Кешке қарай аулада бес ..... ойнайды. Мен дүкеннен үш келі ..... мен екі ..... сатып алдым.
3. Айнұрдың бөлмесінде төрт ..... жатыр. Олардың барлығы әртүрлі екен.

Қажетті сөздер: алма, саусақ, сүт, қол, бала, көз, бақай, қуыршақ, ағаш.

8-тапсырма. *мен/бен/пен* шылауларын пайдаланып сөйлем құраңыз.

Үлгі: *Дидар мен Айдын кітапханаға барды.*

1. Дидар, Айдын .....
2. алма, алмұрт .....
3. кітап, дәптер .....
4. жұмыс, үй .....
5. бас, қол .....
6. әйел, ер адам .....
7. доп, шана .....
8. әдебиет, тарих .....

9-тапсырма. Суретті сипаттаңыз.



Сұрақтар:

1. Саябақта неше ағаш бар?
2. Саябақта неше бала ойнап жүр?
3. Неше адам жүгіріп жүр?

10-тапсырма. Суретті сипаттаңыз. Кімнің қай жері ауырып тұр?








11-тапсырма. «Жедел жәрдем шақырайық» тақырыбында диалог құрастырыңыз.



.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

1-тапсырма. Оқыңыз, аударыңыз.

дұрыс тамақтану .....
денелі .....
сұлу .....
жазылу .....
толық .....
арық .....
айналысу .....
шағым .....
шұғылдану .....

Жаңа сөздер

дұрыс тамақтану – правильное питание
денелі – крупный/ая
сұлу – красивый/ая/ое
жазылу – записаться
толық – полный/ая
арық – худой/ая
айналысу/шұғылдану – заниматься
шағым – жалоба

2-тапсырма. Сұраққа жауап беріңіз.

1. Денсаулығыңыз жақсы ма?
2. Спортпен шұғылданасыз ба?
3. Дұрыс тамақтанасыз ба?

3-тапсырма. Сәйкестендіріңіз

1. дұрыс тамақтану	☐	☐	а) белгілі бір іспен айналысу
2. шұғылдану	☐	☐	ә) белсенді қимылдар жасау
3. айналысу	☐	☐	б) денсаулық немесе басқа мәселелер туралы айту
4. шағым	☐	☐	в) спорт клубына немесе курсқа қатысуға тіркелу
5. жазылу	☐	☐	г) денсаулыққа пайдалы тамақ жеу

4-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Дұрыс тамақтану мен спорт – денсаулық кепілі. Денелі және сұлу болғыңыз келсе, спортпен шұғылдану керек. Адамдар спорттың әртүрлі түрлерімен айналыса алады, мысалы, жүгіру, жүзу немесе фитнес. Толық немесе арық адамдар да спортқа жазылып, өз денсаулығын жақсарта алады. Егер денсаулыққа қатысты шағымдарыңыз болса, дәрігерден кеңес алуға болады. Спорт тек денсаулықты жақсартып қана қоймай, көңіл-күйді де көтереді.



Сұрақтар:

1. Денсаулық кепілі ретінде қандай факторлар аталған?
2. Сұлу әрі денелі болу үшін не істеу керек?
3. Адамдар қандай спорт түрлерімен айналыса алады?
4. Шағымдарыңыз болса, не істеу керек?
5. Спорттың қандай пайдасы бар?

5-тапсырма. Талқылаңыз.

Спорттың пайдасы
- неге пайдалы;
- мысалдар;
- жаңа сөздер.

Спорттың зияны
- қандай зияны бар;
- мысалдар;
- жаңа сөздер.





6-тапсырма. Тыңдаңыз, толтырыңыз.

Дәрия: Сәлем! Сен спортпен айналысасың ба?

Бақыт: Сәлем! Иә, мен спортпен шұғылданамын. Сұлу болғың келсе, спортпен айналысу керек деп ойлаймын. Бұрын мен ..... болатынмын, көп ауыратынмын. Қазір ..... жақсы, себебі мен спортпен шұғылданамын.

Дәрия: Дұрыс айтасың. Бірақ тек спортпен ..... жеткілікті ме?

Бақыт: Жоқ, ... да маңызды. Бұрын мен ұн тағамдары мен тәттіні көп жейтінмін. Бірақ қазір дұрыс тамақтанамын, көкөніс пен жеміс-жидек көп жеймін.

Дәрия: Рас, дұрыс тамақтанбаудың да денсаулыққа ..... тиеді.

Бақыт: Иә, спорт пен дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі.

Дәрия: Өте дұрыс, мен сені қолдаймын.

Бақыт: Рақмет, құрбым.

Қажетті сөздер: дұрыс тамақтану, кесірі, денсаулығым, шұғылдану, толық.

7-тапсырма. Салыстырыңыз. Ойыңызды білдіріңіз.


арық


толық


толық


арық

8-тапсырма. «Спорт – денсаулық кепілі» постер әзірлеу.

Грамматика
273-бетті қараңыз

9-тапсырма. Толықтырыңыз.

Үлгі: Әлия бұрын көп ауыратын.

1. Мен спортпен бұрын көп ..... (айналысу).
2. Дәрігер маған дұрыс тамақтану керек деп ..... (кеңес беру).
3. Ол денсаулығын жақсарту үшін жаттығу ..... (жасау).

4. Анам маған спортшылар туралы кітап ..... (оқу).
5. Біз аулада футбол ..... (ойнау).



10-тапсырма. Қате сөйлемдерді түзетіңіз.

1. Мен күн сайын спортпен шұғылданғанмын.

.....

2. Біз әр аптада бассейнге барады.

.....

3. Ол үнемі кешке кітап оқитын.

.....

4. Сен ертерек жаттығу жасап жүргенсің.

.....

5. Олар футбол ойнағанбыз.

.....



11-тапсырма. Бұрынғы өмір салтыңызбен қазіргі өміріңізді салыстырып жазыңыз.

Қажетті сөздер: жаттығу, шұғылдану, тамақтану, сезіну, өзгерту, тұмау тию, жөтелу.

Үлгі: Бұрын мен дұрыс тамақтанбайтынмын және жаттығу жасамайтынмын.
Қазір спортпен шұғылданып, пайдалы тамақ жеймін. Сондықтан өзімді жақсы сезінемін.

.....

.....

.....


.....

.....

Жаңа сөздер

ауа райы болжамы – прогноз погоды
найзағай – молния
дауыл – ураган
нөсер – ливень
бұршақ – град
көктайғақ – гололед
қараңғы – темно
бұлтты – облачно
дымқыл – влажный/ая/ое

1-тапсырма. Оқыңыз, қайталаңыз.



ауа райы болжамы



найзағай



дауыл



нөсер



бұршақ



көктайғақ



қараңғы



бұлтты



дымқыл

2-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1. найзағай	☐	☐	а) жауды
2. қараңғы	☐	☐	ә) жарқылдады
3. бұршақ	☐	☐	б) еріді
4. қар	☐	☐	в) түсті
5. көктем	☐	☐	г) келді



3-тапсырма. Жаңа тіркестер құраңыз.

жауын		салқын	
қар	жауды	тұман	түсті
.....		.....	



4-тапсырма. Сөйлем құраңыз.

Нөсер .....

Дымқыл .....

Көктайғақ .....

Дауыл .....



5-тапсырма. Оқыңыз. Толтырыңыз.

- Сәлем!
- Қалайсың!?
- Жақсы, өзің ше?
- Мен де жақсымын. Күн ..... екен, біраз тоңдым.
- Иә, күз тез түсті, бүгін күн ....., түнде жаңбыр .....
- Соны айтам, түнде күн күркіреді, ... жарқылдады.
- Иәәә... мен қорықтым. Бөлме де ..... болды, бірақ ..... қоспадым.
- Ауа райы, шынымен, көңіл-күйге әсер ете ме, ә?
- Білмеймін ғой, мүмкін.

Қажетті сөздер: жауды, жаңбырлы, салқын, найзағай, жарық, қараңғы.

Грамматика
273-бетті қараңыз



6-тапсырма. Етістіктерді ауыспалы осы шақта түрлендіріп жазыңыз.

Қыста аяз болды.

.....

Көктемде жауын көп жауды.

.....

Жазда да бұршақ жауды.

.....

Күзде тез қараңғы түсті.

.....



7-тапсырма. Жауап беріңіз: Кеше күн қандай болды?

Қажетті сөздер: бұлтты, аяз, жаңбыр, тұман, боран.

Үлгі: *Кеше күн бұлтты болды.*



8-тапсырма. Оқыңыз.

Мен күнде таңертең 7:00-де тұрамын. Сосын телефоннан ауа райы болжамын қараймын. Бүгін Астанада күн бұлтты. Таңертең жел, түстен кейін дауыл болады. Кешке найзағай жарқылдайды, нөсер жауын жауады. Астанада күн бұлтты болса, күн суық болады. Мен салқын ауа райын ұнатпаймын, себебі ауа дымқыл болады. Бүгін үйге таксимен қайттым. Жолда күн ашылды. Көрініс өте керемет болды. Кемпірқосақты суретке түсіріп, статусыма қойдым.



9-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ол күнде нешеде тұрады?
2. Ол ұялы телефоннан не қарайды?
3. Бүгін Астананың ауа райы қандай?
4. Қай кезде нөсер жауын жауады?
5. Кешке ауа райы қандай болады?
6. Ол нені ұнатпайды?
7. Жолда не болды?
8. Ол нені суретке түсірді?



10-тапсырма. Антонимдерін табыңыз.

таңертең – .....

бұлтты – .....

қараңғы – .....

дымқыл – .....

ашылды – .....



11-тапсырма. Жалғастырыңыз.

1. Күн бұлтты болса, ...
2. Аспанға қарасам, ...
3. Таңертең тұрсам, ...
4. Нөсер жауын жауса, ...
5. Қараңғы болса, ...

Сіз үшін



Күн қандай жылы!
Күн сондай тамаша!
Қандай керемет!
Қандай ғажап!
Қандай әдемі!

12-тапсырма. Тыңдаңыз, кестені толтырыңыз.

Облыс атауы	Ауа райы
.....	.....
.....	.....
.....	.....
.....	.....
.....	.....

13-тапсырма. Диалог құраңыз.

Үлгі:

Аида: Аружан, келесі аптада ауа райы қандай болады, білесің бе?

Аружан: Ой, Аида, сұрама, ауа райы құбылмалы болады, біресе жауын, біресе ыстық.

Аида: Мәссаған…

.....
.....
.....
.....

14-тапсырма. Жазыңыз.

Жағдаят. Сіздің досыңыз келесі аптада оңтүстіктен солтүстікке жол жүреді. Солтүстік өңірдің тұрғыны ретінде досыңызға еліңіздің ауа райы бойынша мәлімет беріңіз.

Тапсырма. Солтүстік өңірдің апталық ауа райы бойынша 5-6 сөйлемнен тұратын мәтін жазыңыз.

Қажетті сөздер: салқын, бұршақ, киіну, дауыл, көктайғақ, бас киім, біресе, жылы.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....



Жаңа сөздер

бота – верблюжонок
түймедақ – ромашка
үйрек – утка
қозы – ягненок
күшік – щенок
раушан – роза
отырғызу – сажать
қорғау – защищать
маса – комар

1-тапсырма. Оқыңыз, қайталаңыз.


бота


үйрек


түймедақ


қозы


күшік


раушан


отырғызу


қорғау

2-тапсырма. Диалогті оқып, бос орындарды толтырыңыз.


маса

Аида: Сәлеметсіз бе!
Сатушы: Сәлеметсіз бе, қош келдіңіз!
Аида: Бүгін анамның ..... күні, гүл алуға келдім.
Сатушы: Құтты болсын! Анаңызға ұзақ ..... тілеймін. Қандай гүл қалайсыз?
Аида: Раушанның барлық түсі әдемі. Сіз не айтасыз?
Сатушы: Мен ..... түймедақ ұсынғым келеді. Қараңыз, қандай керемет!
Аида: Шынымен, сондай әдемі екен. Жақсы, осыны алайын, ... тұрады?

3-тапсырма. Артық сөзді анықтаңыз.

Қозы, лақ, бота, күшік, маймыл.
Емен, раушан, түймедақ, қызғалдақ.
Үйрек, қаз, сауысқан, тауық.
Маса, құмырсқа, балық, қоңыз.

4-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1. маса	☐	☐	а) отырғызу
2. табиғатты	☐	☐	ә) шағу
3. раушан	☐	☐	б) сыйлау
4. түймедақ	☐	☐	в) асырау
5. күшік	☐	☐	г) қорғау

Грамматика
274-бетті қараңыз

5-тапсырма. Жалғаңыз.

Апамның ауласын..... (*да/де/та/те*) түймедақ көп өседі.
Мен апам..... (*ға/ге/а/е*) ағаш отырғызу..... (*қа/ке/ға/ге*) көмектестім.
Бота ене..... (*ны/ні/н)* іздеп, дала..... (*на/не/ға/ге*) жүгірді.
Қозы..... (*тар/тер/лар/лер/дар/дер*) сондай сүйкімді!
Маса..... (*тан/тен/дан/ден*) қашып, кешке серуендеу..... (*ға/ге/қа/ке*)
Базарда үйрек..... (*дың/дің/тың/тің*) еті сатылады.

6-тапсырма. Толықтырыңыз.

Ауа райы бүгін ..... (бұлт).
Күзде ..... (жапырақ) ағаштар әдемі көрінеді.
Шөл далада тек ..... (құм) жер көрінеді.
Біз ..... (тас) жолмен жүрдік.
Таудан ..... (су) ағып жатыр.

7-тапсырма. Оқыңыз.



Хабарландыру

Алабай күшік сатамын.
Жасы – 2,5 ай.
Түсі – ақ.
Бағасы – 25 000 теңге.
Саудаласамыз.
Байланыс нөмірі:
87016391111, Бақытжан

Саят үнемі olx.kz сайтынан хабарландырулар қарайды. Себебі алабай күшігін сатып алғысы келеді. Бүгінге дейін бірнеше хабарландыру оқыды. Саятқа біресе алабайдың түрі ұнамайды, біресе бағасы ұнамайды. Ал мына аппақ күшікті көргенде, Саятт бірден ұнатты. Себебі күшік сондай сүйкімді!

Саят сатушыға бірден хабарласты. Бақытжан екеуі кешкі сегізде кездесуге келісті. Кездесуді күні бойы күтті. Міне, иесімен алабай күшік те келді. Ақ күшік бірден Саятқа қарай жүгірді. Саят күшікті қатты құшақтап алды.

8-тапсырма. Мәтіннен үстеулерді табыңыз. Сөйлем құраңыз.

Үлгі: Алина үнемі гүлдерді суарады.

9-тапсырма. Шын/жалған екенін анықтаңыз.

Ақпарат	Шын	Жалған
Саят хабарландыруларды сирек қарайды.	☐	☐
Саят алабай сатып алғысы келеді.	☐	☐
Оған сайттағы барлық күшіктер ұнайды.	☐	☐
Ол әрқашан таза қазақы иттерді іздейді.	☐	☐
Ақ күшікті көріп, Саят қатты қуанды.	☐	☐
Күшіктің бағасы – жиырма бес мың теңге.	☐	☐
Күшіктің иесімен таңертең кездесті.	☐	☐
Саят ақ күшікті құшақтады.	☐	☐

Сіз үшін



Алабайды пәтерде ұстауға болмайды, себебі алабай үлкен болғандықтан, оған ашық кеңістік қажет. Олар сыртта еркін жүруі керек.

Алабайдың әдетте салмағы 40-60 кг, ал бойы 65-70 см болады. Жүні қатты әрі қалың. Түсі – ақ, сұр, көк. Оның басы үлкен, маңдайы жалпақ, ал құлақтары кішкентай болып келеді.

10-тапсырма. Тыңдаңыз. Толықтырыңыз.

Саят ақ күшікті ..... алып келді.
Машинадан түскен соң күшікті ..... жіберді.
Саят ..... соңынан барды.
Ақ күшік секіріп, қозы мен ..... жақындады.
Олар ..... қорқып қашты.
Саят ..... күліп қарады.

11-тапсырма. Жауап беріңіз.

1. Күшік алдымен қай жерде болды?
- ☐ А. үйде
- ☐ Ә. қорада
- ☐ Б. аулада

2. Қозы мен бота неге қашты?
- ☐ А. қорықты
- ☐ В. қуанды
- ☐ С. ашуланды

3. Мәтінде қандай үй жануарлары аталады?

.....
.....

12-тапсырма. Тақырыптың бірін таңдап, монолог құрастырыңыз.

1. Менің күшігім/мысығым.

.....
.....

.....
.....
.....

2. Сүйкімді бота/қозы/лақ/бұзау/құлын.

.....
.....
.....
.....
.....

3. Қоян/тасбақа/балық асыраймын.

.....
.....
.....
.....
.....

Монолог критерийлері:

- 5-6 сөйлем құру;
- сын есімдер мен үстеулерді қолдану;
- ауыспалы осы шақта жазу.

Жаңа сөздер

қолтырауын – крокодил
керік – жираф
барыс – барс
азаю – уменьшаться
көбею – увеличиваться
тотықұс – попугай
кірпі – ёж
тиін – белка
қонжық – мишка

1-тапсырма. Оқыңыз. Қайталаңыз.



қолтырауын



керік



барыс



тиін



кірпі



тотықұс



көбею



азаю



қонжық

2-тапсырма. Табыңыз.

1. ы қ т о т ұ с - .....
2. о л т ы қ ы н р а у - .....
3. ж қ о ы қ н - .....
4. а р т а н ы с - .....
5. к ө е к б е л - .....
6. к о с е м а қ п і р қ - .....
7. ұ м қ ы с қ а р - *құмырсқа*

3-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1. тікенек	☐	☐	а) секіреді
2. тотықұс	☐	☐	ә) кірпі
3. қорқынышты	☐	☐	б) азайды
4. барыс	☐	☐	в) сөйлейді
5. тиін	☐	☐	г) қолтырауын
6. ұзын	☐	☐	ғ) қонжық
7. қоңыр	☐	☐	д) керік

4-тапсырма. Оқыңыз. Толтырыңыз.

Клиент: Қайырлы күн, 4 билет беріңізші!
Билет сатушы: Қайырлы күн, төртеуі де ..... пе?
Клиент: Иә, иә...
Билет сатушы: 3200 ..... Карта әлде QR?
Клиент: QR.
Билет сатушы: Жақсы. Ережені білесіздер ғой? Хайуанаттарға жақындауға, ... беруге болмайды!
Клиент: Білеміз.
Билет сатушы: Аа, айтпақшы, бүгін ..... көре алмайсыздар, ауырып қалды.
Клиент: Қаап!
Билет сатушы: Уайымдамаңыз, ... жаңалығымыз бар. Бағымыз қолтырауын, ... сияқты жаңа хайуанаттармен толықты.
Клиент: Тамаша!

Қажетті сөздер: теңге, күшті, барысты, тамақ, керік, ересек.

Грамматика
276-бетті қараңыз

5-тапсырма. Сөз тіркесін құраңыз.

Үлгі: *келген бала*

Қажетті сөздер: ~~келген~~, айтқан, көрген, ауырып қалған, кездескен.

.....

.....

6-тапсырма. Оқыңыз.




Біз отбасымызбен демалыста Алматыға келдік. Жақсы қонақүйге орналастық. Кешкі ас ішіп, ертеңгі күнімізді жоспарладық. Жоспарда Шымбұлақ, Алматы хайуанаттар бағы, Көктөбе мен Алмарасанға саяхат бар.

Таңертең хайуанаттар бағына бардық. Билет бағасы – 800 теңге. Бақтың қызметшісі 2 жаңалық айтты. Бірінші жаңалығы ауырып қалған барыс, екінші жаңалығы жаңадан келген қолтырауын мен керіктер туралы болы. Бір ренжіп, бір қуандық.

Бақтың іші – таза, кең. Құс пен аң түрлері көбейген. Келушілер саны да аз емес. Біз бірінші қолтырауынды көрдік. Одан кейін керіктерге бардық. Олар адамдардан қорықпайды, бізге жақын келді. Керіктермен фотоға түстік. Бақты асықпай араладық. Балалармен бірге қоңыр қонжық пен сарғыш тиінді тамашаладық. Соңында тотықұсты көрдік.

7-тапсырма. Отбасының бақты аралау маршрутын дұрыс орналастырыңыз.

1. Керік
2. Тотықұс
3. Касса
4. Қонжық пен тиін
5. Қолтырауын.



8-тапсырма. Сұрақтарға толық жауап беріңіз.

1. Отбасы демалысқа қайда келді?
2. Олардың жоспарлары қандай?
3. Хайуанаттар бағына билет қанша тұрады?
4. Бақ қызметшісі қандай жаңалық айтты?
5. Бақта олар нелерді тамашалады?

Сіз үшін



Қар барысы биік тауларда мекендейді.
Қар барысы Қызыл кітапқа енген.

9-тапсырма. Тыңдаңыз. Сөз тіркестерін толықтырыңыз.

хайуанаттар .....
қоңыр .....
жануарларды .....
мұңды .....
табиғи .....
табиғатта .....

10-тапсырма. Ретімен орналастырыңыз.

№ __	– Ал маған онша ұнаған жоқ. Кей жануарларды аядым. Қоңыр қонжықтың енесі, аю маған мұңды көрінді.
№ __	– Солай ма?! Мүмкін...
№ __	– Арлан, саған хайуанаттар бағы ұнады ма?
№ __	– Ой, Аружан, енді олар аңдар емес пе?
№ __	– Сол ғой, аңдар! Аңдар табиғатта өмір сүру керек!
№ __	– Білмеймін, мүмкін.
№ __	– Иә, ұнады. Әсіресе қоңыр қонжық... оййй... сондай тәтті!
№ __	– Ойлашы, сені торға қамап қойса, қалай болады? Тар жерде, табиғи орта жоқ, аянышты...



11-тапсырма. Жауап беріңіз.

1. Арланға хайуанаттар бағында не ұнады?
2. Аружанға хайуанаттар бағы неге ұнамады?
3. Сізге хайуанаттар бағы ұнай ма? Неге?



12-тапсырма. Жазыңыз.

Жағдаят. Сіз – хайуанаттар бағының қызметкерісіз. Баққа шетелдік туристер келді. Олар қар барысын көргісі келеді.

Тапсырма. «Сіз үшін» айдарын пайдаланып, қар барысы туралы 5-6 сөйлемнен тұратын мәтін жазыңыз.

.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....

Жаңа сөздер

былтыр – в прошлом году
биыл – в этом году
алдыгүні – позавчера
бүрсігүні – через два дня
қайту – возвращаться
кезең – период
дейін/шейін – до
күнтізбе – календарь

1-тапсырма. Қайталаңыз.

былтыр	қайту
биыл	кезең
бүрсігүні	дейін/шейін
алдыгүні	күнтізбе

2-тапсырма. Тыңдаңыз. Жазыңыз.

биыл ..... алдыгүні .....
күнтізбе ..... кезең .....
бүрсігүні ..... былтыр .....

3-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1. алдыңгүні ☐	☐ а) келдім
2. былтыр ☐	☐ ә) қайттым
3. күнтізбе ☐	☐ б) барамын
4. биыл ☐	☐ в) жасау

4-тапсырма. Толықтырыңыз.

Марал: Сәлеметсіз бе, апай!
Апай: Ооо, сәлеметсің бе, Марал! Қашан келдің?

Апай: Бақытты бол, айналайын! Үйге кір, шай ішейік.

Марал: Рақмет, апай! Сіздің шайыңызды сағындым.

Апай: Жағдайың қалай? Не жаңалық?

Марал: Апай, жаңалығым бар. ..... шетелге оқуға түстім.

Апай: Мәссаған! ..... менен, айналайын! Құжаттарың түгел ме енді?

Марал: Түгел. ..... құжатым дайын болмай, үлгермей қалғанмын. Биыл бәріне үлгердім! ..... бір құжат жүктеймін. Болды.

Апай: Жарайсың! Сен үшін .....!

Қажетті сөздер: бүрсігүні, биыл, былтыр, алдыңғүні, сүйінші, қуаныштымын.

Грамматика
277-бетті қараңыз

5-тапсырма. *Дейін/кейін* шылауларын дұрыс қойыңыз.

Құжаттар 1-шілдеге ..... қабылданады.

Базар тоғыздан ..... жабылады.

1-маусымнан 25-маусымға ..... демалыста боламын.

Кешкі жетіден ..... телефонға жауап бермеймін.

Сабаққа ..... тіс дәрігеріне барып келемін.

6-тапсырма. Сөйлем құраңыз.

Үлгі: Неге мені күтпедіңіз?

- Қашан? .....
- Қалай? .....
- Қайда? .....
- Неге? .....
- Не себепті? .....

7-тапсырма. Оқыңыз.



1-мәтін

«Болашақ» халықаралық стипендиясына құжаттарды қабылдау 25 қазанға дейін қабылданады. Ал конкурстық іріктеу 2024 жылғы 10 мамырдан 30 қарашаға дейін өтеді. «Болашақ» стипендиясына құжаттарды egov.kz. порталына жіберу керек.

2-мәтін

Марал – 7 жыл тәжірибесі бар маман. Ол – физика пәнінің мұғалімі. Былтыр ол ауыл мектебіне жұмысқа орналасты. Маралдың арманы – шетелде оқу. Ол «Болашақ» халықаралық стипендиясын бірнеше жыл бойы зерттеп жүр. Былтыр құжаттары түгел болмай, бағдарламаға қатыса алмады.

Биыл Марал «Болашақты» өзкүнтізбесінеенгізіп, дайындалды. Бұл жас маман үшін өте жауапты іс болды. Ағылшын тілін оқып, емтихан тапсырды. 25 қазанға дейін барлық құжаттарды egov.kz. порталына жүктеді. Конкурс нәтижесі шыққанда Марал балаша қуанды.

8-тапсырма. Анықтаңыз.

Ақпарат	Шын	Жалған
«Болашақ» халықаралық стипендиясына құжаттарды 25 қазанға дейін тапсыру керек.	☐	☐
«Болашақ» халықаралық стипендиясына құжаттар сайт арқылы қабылданады.	☐	☐
Марал 7 жыл ауыл мектебінде физикадан сабақ береді.	☐	☐
Өткен жылы Марал bolashak.gov.kz порталына барлық құжаттарды жүктеді.	☐	☐
Марал конкурсқа дайындалды, ағылшын тілінен емтихан тапсырды.	☐	☐
Марал – «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері.	☐	☐
Менің сіңлім жоқ.	☐	☐

Сіз үшін



«Биг Бен» сағаты – әлемге танымал мұнаралардың бірі. Мұнараның ұзындығы – 55 метр, сондықтан да әлем бойынша ең алып сағат болып есептеледі. «Биг-Бен» – сағаттың атауы емес, ол – сағат циферблаты артында орналасқан қоңырау.

9-тапсырма. Тыңдаңыз. Толықтырыңыз.

1. Алақай, мен «Болашақ» ..... стипендиясын жеңіп алдым!
2. Қандай ..... жаңалық, құлыным!
3. Туыстарды ..... қонаққа шақырайық.
4. Әрине, мен .... дайындайын!
5. Ал бүрсігүні достарыңды ..... шақыр, ...!
6. ..... жақсы жаңалық көп болды.

10-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Баласы қандай жетістікке жетті?
2. Жаңалыққа кімдер қуанды?
3. Әкесі кешке кімдерді қонаққа шақыруды ұсынды?
4. Кешке анасы не істемек?
5. Достарын қонаққа қашан шақырады?

11-тапсырма. Жазыңыз.

Жағдаят. Сіз «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде оқыдыңыз. Достарыңыз оқу жайлы толығырақ білгісі келеді.

Тапсырма. Шетелде тағылымдамадан қалай өтуге болатыны жайлы 6-7 сөйлемнен тұратын мәтін жазыңыз. Мәтінде мезгіл үстеулерін қолданыңыз.

.....
.....
.....
.....
.....

1-тапсырма. Қайталаңыз.

тоқсан	шұғылдану
мерзім	алғашқы
бос уақыт	біраз

Жаңа сөздер

тоқсан – квартал
мерзім – срок
бос уақыт – свободное время
шұғылдану – заниматься
алғашқы – первый/ая/ое
біраз – немного

2-тапсырма. Тыңдаңыз. Жазыңыз.

.....	.....
.....	.....
.....	.....

3-тапсырма. Артық сөзді табыңыз.

Бос уақыт, демалыс, мерзім.
Дүйсенбі, жұма, былтыр, сенбі.
Бүгін, кеше, тоқсан, ертең.
Тамақ, түс, кеш, таңертең.

4-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1. мерзімі	☐	☐	а) күту
2. спортпен	☐	☐	ә) өту
3. алғашқы	☐	☐	б) табу
4. біраз	☐	☐	в) шұғылдану
5. бос уақыт	☐	☐	г) кездесу

Грамматика
278-бетті қараңыз

5-тапсырма. Түрлендіріңіз.

Үлгі: Өз – өзім (кім?)

Өзім – ..... (кімнің?)	Өзім – ..... (кімде?)
Өзім – ..... (кімге?)	Өзім – ..... (кімнен?)
Өзім – ..... (кімді?)	Өзім – ..... (кіммен?)

6-тапсырма. Оқыңыз.



Біз мектепте «Оқырмандар» үйірмесін құрдық. Үйірме мүшелері – жоғары сынып оқушылары. Оқушылар бір тоқсанда екі кітап оқиды. Кітаптарды өздері таңдайды.

Бүгін біздің алғашқы кездесуіміз болды. Бос уақытымызда кездесуге дайындалдық. Шағын концерт ұйымдастырдық. Мектеп мұғалімдері мен оқушылар қатысты. Біраз қобалжыдық, бірақ бәрі жақсы өтті. Директор бізге алғыс айтты.

7-тапсырма. Жауап беріңіз.

1. Оқушылар қандай үйірме құрды?
2. Үйірме мүшелері кімдер?
3. Оқушылар бір тоқсанда қанша кітап оқиды?
4. Алғашқы кездесу қашан өтті?
5. Кездесуге кімдер қатысты?

8-тапсырма. Диалог құрастырыңыз.

Сіз бос уақытыңызда қандай кітаптар оқисыз?

Сіз үшін



Уақытты тоқтатар шамаң бар ма?
Бәрі өтеді: дәуірлер, замандар да.
Менің жаным ашиды мына өмірді,
Өтпейтіндей көретін адамдарға!
М. Мақатаев

9-тапсырма. Тыңдаңыз. Толтырыңыз.

Сәуле: Сәлем, Динара! Ертең бос ..... бар ма?
Динара: Сәлем, Сәуле, жоқ, бос емеспін. Неге сұрадың?
Сәуле: Жай, бір жерге ..... деп едім.
Динара: Қайда барасың?
Сәуле: Мүмкін киноға немесе дәмханаға бірге барамыз.
Динара: Ертең бара алмаймыз, ... уақытым жоқ.
Сәуле: Жақсы. Әдетте бос уақытында не істейсің?
Динара: Мен дүкен аралаймын, ... шұғылданамын. Бірақ ертең біраз жұмысым бар.
Сәуле: Жарайды! Онда мен киноға өзім барамын.
Динара: Жақсы ..... болсын!
Сәуле: Рақмет!

Қажетті сөздер: спортпен, демалыс, барайық, уақытың, бос.

10-тапсырма. Сөйлемді аяқтаңыз.

Ертең .....?
Қайда .....?
Бос .....
Спортпен .....
Онда мен киноға .....

11-тапсырма. Суреттерді қолданып, өзіңіздің бос уақытыңыз туралы ауызша мәтін құраңыз.

Қажетті сөздер: бос уақыт, шұғылдану, өткізу, ұнайды, құрбыммен/досыммен, кітап оқу т.б.



1-тапсырма. Оқыңыз. Қайталаңыз.



қуырдақ



аскөк



бұрыш



сарымсақ

Жаңа сөздер

қуырдақ – жаркое
аскөк – укроп
бұрыш – перец
сарымсақ – чеснок
келі – килограмм
саңырауқұлақ – грибы
қуыру – жарить
қарны ашу – проголодаться
турау – резать/нарезать



келі



саңырауқұлақ



қуыру



қарны ашу

2-тапсырма. Артық сөзді көрсетіңіз.

Азық-түлік, жоспар, келі, ет
Ұн, сарымсақ, бұрыш, пияз
Қуыру, кесу, таңғалу, турау
Саңырауқұлақ, мамыр, қияр



турау

3-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1. саңырауқұлақ	☐	☐	а) қуыру
2. ет	☐	☐	ә) жинау
3. бұрыш	☐	☐	б) алу
4. азық-түлік	☐	☐	в) турау
5. нан	☐	☐	г) себу

4-тапсырма. Жаңа тіркестер құраңыз.

пияз ет	**қуыру**

нан ет	**турау**

.....
.....
.....
.....
.....
.....

5- тапсырма. Оқыңыз. Толтырыңыз.

Әсем: Айым, ... нешеде бітеді?
Айым: Бестен он бес кеткенде.
Әсем: О, онда ..... асты сен істеші. Қарным ашып тұр, мен 19:00-де келемін.
Айым: Не пісірейін, Әсем? Үйде ..... бар ма?

Әсем: Ет бар, тоңазытқыштан ал. Сарымсақ, ... , пияз бітті.

Айым: Жақсы, сатып аламын. Кешке көріскенше, ...!

Әсем: Рақмет!

Қажетті сөздер: кешкі, сабағың, ет, құрбым, бұрыш.

Грамматика
278-бетті қараңыз

6-тапсырма. Етістіктерді түрлендіріп, сөйлем құрастырыңыз.

Қажетті сөздер: қуырды, турады, бітті, көрді, жасады.

Үлгі: *Үйде азық-түлік бітті. – Үйде азық-түлік бітіпті.*

.....

.....

.....

.....

.....

7-тапсырма. Бұйрық рай жасаңыз.

Қажетті сөздер: істеу, бару, келу, айту, қарау, сөйлеу, алу.

Үлгі: *істейін – істе – істесін. Бүгін сен тамақ істе.*

.....

.....

.....

.....

.....

8-тапсырма. Оқыңыз.



Әсем, сабақтасың ба? Сарымсақ, пияз, бұрыш сатып алдым. Үйге келіп, тоңазытқышты ашсам, ет жоқ)))

Қойшы... шын ба? Азық-түлік бітіпті, иә, үйде. Енді не істейсің? Қарным ашып тұр...

Дүкеннен 1 келі саңырауқұлақ сатып аламын. Жаңа көрдім.

Жақсы, онда әдемілеп тура, сосын қаймаққа қуыр. Дәмді болады.

9-тапсырма. Анықтаңыз.

Ақпарат	Шын	Жалған
Әсем сарымсақ, пияз, бұрыш сатып алды.	☐	☐
Айым үйге келіп, тоңазытқышты ашты.	☐	☐
Қыздардың тоңазытқышында ет болмады.	☐	☐
Әсемнің қарны ашты.	☐	☐
Айым 1 келі саңырауқұлақ сатып алды.	☐	☐
Айым мен Әсем саңырауқұлақ қуырды.	☐	☐

10-тапсырма. Оқиғаны ретімен жазыңыз.

___ Саңырауқұлақты қуырады.

___ Ол тоңазытқышты ашады.

___ Айым үйге келеді.

___ Саңырауқұлақ сатып алады.

Сіз үшін



Саңырауқұлақ – пайдалы тағамдардың бірі. Оның құрамында А дәрумені, калий, фосфор және адам ағзасына қажет басқа да заттар көп. Саңырауқұлақты жиі жейтін адам вирустық аурумен сирек ауырады.

11-тапсырма. Тыңдаңыз. Толтырыңыз.

– Кеш жарық, ..., қалдарың қалай?

– Жақсы анашым, ... қалайсыз?

– Не істеп жатырсыңдар?

– Біз ..... шықтық.

– Қызым, мен қуырдақ жасап жатырмын. .....
..... бізге келіңдер.

– Ооо, жақсы болды. Барамыз! Мәдиге де айтайын.

– Күтеміз, қызым! Айтпақшы, салатқа ..... пен
..... ала салшы.

– Жақсы, анашым! Тағы не керек?

– Ештеңе, рақмет, жаным!



12-тапсырма. Сұраққа жауап беріңіз.

1. Анасы кімге хабарласты?
2. Қызы не істеп жатыр?
3. Анасы қандай ұсыныс айтты?
4. Анасы кешкі асқа не әзірлеп жатыр?
5. Қызы не сатып алады?



13-тапсырма. Жазыңыз.

Жағдаят. Сіз қуырдақты өте дәмді әзірлейсіз. Құрбыңыз/досыңыз сізден дайындау тәсілін сұрайды.
Тапсырма. Құрбыңызға/досыңызға қуырдақтың рецебін жазып беріңіз.
Қажетті сөздер: алдымен, қуыру, турау, пияз, бұрыш, ет, жуу т.б.

.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....

1-тапсырма. Оқыңыз. Қайталаңыз.


құлпынай


таңқурай


қарақат


палау


өрік


мейіз

Жаңа сөздер

құлпынай – клубника
таңқурай – малина
қарақат – смородина
өрік – абрикос
мейіз – изюм
ботқа – каша
палау – плов
жылыту – греть

2-тапсырма. Тыңдаңыз. Жазыңыз.

....

....

....

3-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1. тамақ ☐	☐ а) пісіру
2. қатты ☐	☐ ә) жылыту
3. палау ☐	☐ б) ботқасы
4. тары ☐	☐ в) жинау
5. құлпынай ☐	☐ г) шөлдеу



4-тапсырма. Жаңа тіркестер құраңыз

ботқа палау	**пісіру**	құлпынай өрік	**жинау**

.....
.....
.....
.....
.....
.....



5- тапсырма. Диалогті оқып, бос орындарды толтырыңыз.

Сайра: Саяжайың ..... екен! Неше түрлі жеміс бар ғой!

Әлия: Айтарлықтай керемет емес. Мысалы, көршілердікі күшті!

Сайра: Неге?

Әлия: Оларда жеміс-жидектің түр-түрі бар: құлпынай, таңқурай, ..., өрік.

Сайра: Солай ма? Сенде құлпынай бар емес пе еді?

Әлия: Бар ғой, бірақ ..... дұрыс шықпады. Жылыжайым онша болмады.

Сайра: Қап, жылда жақсы ..... алып жүр едің ғой.

Әлия: Иәә. ..... қолға аламын. Жылыжайды жөндеймін, дұрыс жылытпайды.

Сайра: Дұрыс. Іске сәт!

Қажетті сөздер: қарақат, тамаша, келесі жылы, биыл, өнім.

Грамматика
278-бетті қараңыз



6-тапсырма. Ырықсыз етіс жасап, сөйлем құраңыз.

Қажетті сөздер: сату, сатып алу, дайындау, жөндеу, беру, жинау, пісіру.

Үлгі: сату – сатылды. Жеміс-жидек бүгін жеңілдікпен сатылды.

.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....



7-тапсырма. Етістіктерді түрлендіріп, сөйлем құрастырыңыз.

Қажетті сөздер: сатты, қарады, қабылдады, жөндеді, берді, жеткізді.

Үлгі: Сәуле базарда азық-түлік сатады.

.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....

8-тапсырма. Мәтінді оқыңыз, тапсырмаларды орындаңыз.

Хабарландыру!

Жаңа піскен жеміс-жидекке тапсырыс қабылдаймыз. Алма, жүзім, құлпынай, таңқурай, қарақат сатылады. Өрік, мейіз де бар. Тауар Шымкент қаласынан тікелей жеткізіледі. Сапасына жауап береміз. Бағасы – өте арзан. Мұндай баға базарда да жоқ. 10 жәшіктен бастап жақсы жеңілдік жасаймыз. Бізге хабарласыңыздар!

Байланыс телефоны: 87004567777.

9-тапсырма. Кестені толтырыңыз.

Не?	Қандай?
алма	*арзан*

10-тапсырма. Мәтін бойынша диалог құраңыз.

.....

.....

.....

.....

Сіз үшін



Жеміс-жидек адам ағзасына өте пайдалы. Олардың құрамында дәрумен өте көп. Жеміс-жидектің бағасына емес, сапасына қараған дұрыс. Әрдайым жаңа піскен жеміс-жидек жеңіз.

11-тапсырма. Тыңдаңыз. Жауап жазыңыз.

1. Айгүл нөмірді кімнен алды?

.....

2. Айгүл не қалайды?

.....

3. Жеміс-жидектің бір жәшігі қанша тұрады?

.....

4. Жеміс-жидектің таза салмағы қанша келі?

.....

5. Сатушының телефон нөмірі қандай?

.....

6. Айгүлдің мекенжайы қандай?

.....

12-тапсырма. Жазыңыз.

Сіз қандай жеміс-жидекті ұнатасыз? 5-6 сөйлеммен сипаттап жазыңыз.

.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....



1-тапсырма. Оқыңыз. Қайталаңыз.



сорпа



қайнау/қайнату



құю



ысу/ысыту

Жаңа сөздер

сорпа – бульон
қайнау/қайнату – кипеть/кипятить
құю – разливать
ысыту – греть
жұмсақ – мягкий/ая/ое
шұжық – колбаса/сосиска
иіскеу – нюхать
қымыз – кумыс
бауырсақ – бауырсак



жұмсақ



шұжық



иіскеу



қымыз



бауырсақ

2-тапсырма. Артық сөзді табыңыз.

Жұмсақ, қатты, қымыз, арзан, қымбат.
Ысыту, қайнату, бауырсақ, құю, кесу.
Сорпа, бауырсақ, шұжық, жұмсақ.
Турау, ысу, сорпа, құю, пісіру.

3-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1. тамақты	☐	☐	а) пісіру
2. сорпа	☐	☐	ә) ысыту
3. жұмсақ	☐	☐	б) иіскеу
4. алманы	☐	☐	в) нан
5. бауырсақ	☐	☐	г) әкелу

4-тапсырма. Жаңа тіркестер құрастырыңыз.

тамақ бауырсақ	**пісіру**	қымыз сорпа	**құю**

.....
.....
.....
.....
.....
.....

5- тапсырма. Диалогті оқып, бос орындарды толтырыңыз.

Бақыт: Ммм, ... иісі шығып тұр...
Әйгерім: Қане? Иә, иә, енді сезілді.
Бақыт: Жүр, онда үйге кірейік, әжем ..... асып қойған сияқты.
Әйгерім: Солай ма? Ыңғайсыз болмай ма?

Бақыт: Жооқ, ... сені таниды. Мен сен туралы айтып отырамын.
Әйгерім: Жарайды, онда үйге кірейік.
Бақыт: Айтпақшы, үйде қымыз да бар. Сен ..... жақсы көресің бе?
Әйгерім: Иәә, жақсы көремін. Менің әжем де әрдайым қымыз сатып алады.

Қажетті сөздер: әжем, қымыз, еттің, ет.

Грамматика
279-бетті қараңыз

6-тапсырма. Болымсыз етістікке айналдырыңыз.

Қажетті сөздер: дайындау, келу, жинау, күту, айту, кешігу.

дайындау – *дайындамау* келу – .....

жинау – ..... күту – .....

йту – ..... кешігу – .....

7-тапсырма. Етістіктерді түрлендіріңіз, сөйлем құрастырыңыз.

Қажетті сөздер: хабарласу, апару, сөйлесу, дайындау, жинау.
Үлгі: хабарласу – *хабарласпаймыз*
Біз жиі хабарласпаймыз.

апару – ..... сөйлесу – .....

....

дайындау – ..... жинау – .....

....

8-тапсырма. Мәтінді оқыңыз, тапсырмаларды орындаңыз.

Бізге бүгін қонақтар келеді. Соған арнап анам ет асып жатыр. Анам қазанға етті таңертең салып қойды. Біз үй жинадық. Әкем базардан жеміс-жидек сатып әкелді, қымызға тапсырыс берді. Анам еттің қамырын жайды. Қонақтар келетін уақыт жақындап қалды. Оларға хабарласқан едік, такси жүргізушісі оларды басқа мекенжайға апарыпты. Сондықтан аздап кешігетін сияқты.

9-тапсырма. Отбасы мүшелерінің атқарған жұмысын жазыңыз.

Әкесі	Анасы	Балалары

10-тапсырма. 8-тапсырмадағы мәтін бойынша диалог құрастырыңыз.

.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....

Сіз үшін



Қазақ – қонақжай халық. Қазақ халқы қонақты жиі шақырады. Келген қонақты жақсы күтеді, арнайы тамақ әзірлейді, сыйлық сыйлайды. Себебі қонақпен бірге ырыс келеді деген түсінік бар.

11-тапсырма. Тыңдаңыз. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Самал, мен .....
2. Кешке .....
3. Сен қазір .....
4. Шамамен .....
5. Ет .....
6. Көп кешіксем, ...
7. Дүкеннен .....

12-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Анасы қайда барады?
2. Кешке кімдер келеді?
3. Самалға анасы не тапсырды?
4. Шұжықты қашан салу керек?
5. Ет қалай пісуі керек?
6. Анасы дүкеннен не әкеледі?

12-тапсырма. Жазыңыз.

Жағдаят. Сіз сенбі күні қонақ шақырасыз. Дастарқан әзірлеуге көмектесу үшін құрбыңызды шақыруыңыз керек.

Тапсырма. Құрбыңызға ватсап арқылы хабарлама жазыңыз. Хабарламада өз қалауыңызды баяндаңыз.



1-тапсырма. Оқыңыз. Қайталаңыз.

белдемше	қолғап
белдік/белбеу	жең
жаға	түйме
бау	кеңесші
түбіртек	

Жаңа сөздер

белдемше – юбка
қолғап – перчатки/варежки
белдік/белбеу – ремень
жең – рукава
жаға – воротник
түйме – пуговица
бау – шнурок
кеңесші – консультант
түбіртек – квитанция

2-тапсырма. Сөздерді суреттермен сәйкестендіріңіз.










1. түйме
2. бау
3. кеңесші
4. түбіртек
5. белдік/белбеу
6. жең
7. жаға
8. белдемше
9. қолғап
10. алқа











3-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1. қысқа ☐	☐ а) қолғап
2. алтын ☐	☐ ә) белдік
3. жылы ☐	☐ б) жаға
4. таза ☐	☐ в) белдемше
5. ұсақ ☐	☐ г) жең
6. ұзын ☐	☐ ғ) түйме
7. былғары ☐	☐ д) алқа

4-тапсырма. Сөйлем құрастырыңыз.

1. түбіртек/мен/алмадым/киім/дүкенінен.

.....

2. қызғылт/төпли/кидім/кездесуге/жібек/белдемше/мен.

.....

3. сыйлады/алтын/алқа/ата-анам/туған күніме.

.....

4. қатты/ыстық/күн/ұзын/жең/жейде/іздедім/сондықтан.

.....

5. кеңесші/жаңа/топтамамен/таныстырды/сатып/алушыларды.

.....

6. маған/досым/өзінің/белдігін/сыйлады/былғары.

.....

7. биыл/қолғап/жоғалттым/қыста/мен/бірнеше.

.....

5-тапсырма. Диалогті оқып, бос орындарды толтырыңыз.

Айша: Аида, сәлем!
Аида: Сәлем, Айша!
Айша: Туған күніңмен .....! Саған денсаулық, махаббат, ... өмір тілеймін! Бақытты бол, құрбым!
Аида: Рақмет, жаным! Кешке сендерді күтемін. 19:00-де келіңдер, ...!
Айша: Иә, иә... Аида, қандай ..... қалайсың?
Аида: Ооо ... күшті сұрақ... мен ақша қалаймын. ..... киім алғым келеді. Онлайн дүкеннен жібек ..... мен жейделер көрдім.
Айша: Иә, әрине. Түсіндім. Кешке кездескенше!
Аида: Көріскенше!

Қажетті сөздер: ұзақ, кешікпеңдер, сыйлық, белдемшелер, жазғы, құттықтаймын.

Грамматика
279-бетті қараңыз

6-тапсырма. Етістіктерді нақ осы шақта қойыңыз.

1. Мен кездесуге тоқыма күрте мен былғары белдемше ..... (кию).
2. Аида алтын алқа ..... (тағу).
3. Әпкем қысқы киімдерін арзан бағаға ..... (сату).
4. Дүкендегі кеңесші клиенттерге киімдерді ..... (көрсету).
5. Марат сауда орталығында күзгі аяққиім ..... (қарау).

7-тапсырма. Тәуелдік жалғауын жалғап, киіміңізді сипаттаңыз.

Үлгі: *Киім – көйлек. Түсі – сарғыш. Матасы – шыт. Өлшемі – 48.*

8-тапсырма. Сын есімді қолданып тіркес құрастырыңыз.

Қажетті сөздер: көйлек, белдемше, жейде, тон, бәтеңке, қолғап.

Үлгі: тоқыма көйлек, шыт көйлек, ақшыл көйлек

.....

.....

.....

9-тапсырма. Оқыңыз.

1-мәтін

	Nr.dildora Белдемше - 16 мың теңге Матасы – жібек. Өлшемі – стандарт (42-50)
 	Nr.dildora * Қарапайымдылық – өнердің ең жоғары деңгейі. Екеулік – 20 мың теңге Матасы – жібек Өлшемі – стандарт (42-ден+50-ге дейін) Модель қыздың бойы – 168 см. Өлшемі – 42-44
	Esimova591 Сәлеметсіз бе? Өлшемі қанша? Петропавл қаласына қанша күнде келеді? Почтамен тегін деп жазыпсыз.

2-мәтін

Кеше Аиданың туған күні болды. Ол туған күнін үйде құрбыларымен тойлады. Құрбылары оған киім дүкеніне 50 000 теңгенің сертификатын сыйлады. Аида қатты қуанды.

Аидаға ұлттық киімдер ұнайды. Ол киім дүкенінің инстаграм парақшасына кірді. Аида ұзын, қоңыр түсті жібек белдемшенің суреті мен сипаттамасын ұзақ қарады. Оның өлшемі – 44, белдемше – 42-44, ендеше Аидаға дәл келеді. Келесі ұнаған киімі – жейдесі мен шалбар. Матасы да жақсы. Суреттегі қыздың бойы 5 см-ге ұзын екен, шалбарын қысқарту керек болады.

Аида сатушымен ватсап арқылы сөйлесті. Төлемақыны онлайн жасады. Өңірлерге поштамен 2-3 күнде жетеді екен. Тапсырыс жасады, бірақ біраз ақша артық қалды. Аида қалған ақшаға күміс алқа сатып алмақ.

10-тапсырма. Шын/жалған екеніні анықтаңыз.

Ақпарат	Шын	Жалған
Аида туған күнін үйде тойлады	☐	☐
Құрбылары оған ақшалай сыйлық берді	☐	☐
Аида ұлттық киімдерді ұнатпайды	☐	☐
Аида инстаграмнан өзіне киім іздеді	☐	☐
Аиданың өлшемі – 42-44	☐	☐
Киімнің матасы – жібек, өлшемі – стандарт	☐	☐
Киімдерді Астана бойынша жеткізу 1000 теңгеден басталады	☐	☐
Дүкен киімдерді өңірлерге поштамен жібереді	☐	☐
Артық ақшаға Аида алқа сатып алады	☐	☐

11-тапсырма. Диалог құрастырыңыз.

.....

.....

.....

.....

Сіз үшін



Қазақ халқы пайдаланған мата түрлері:
Жібек – беті тегіс, жылтыр, қымбат мата.
Шыт – жеңіл әрі арзан, жұқа мата.
Сиса – мақтадан тоқылатын, арзан бағалы, түрлі түсті, жұқа шыт мата.
Бәтес – мақтадан тоқылатын жұқа ақ мата.

12-тапсырма . Жазыңыз.

Жағдаят. Ерболат – қалаға биыл көшіп келген досыңыз. Ол өзіне қысқы күрте сатып алмақ. Сізден кеңес сұрайды.
Тапсырма. Ерболатқа қысқы киімдерді қай жерден, қандай бағаға сатып алуға болатыны туралы айтыңыз.
Қажетті сөздер: қысқы киім, базар, сауда үйі, арзан, қымбат, саудаласу, өлшем.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....


1-тапсырма. Оқыңыз. Қайталаңыз.

жеңілдік	жібек
былғары	маржан
әтір	себу


Жаңа сөздер

жеңілдік – скидка
жібек – шелк
былғары – кожаный/ая/ое
маржан – жемчуг
әтір – духи
себу – брызгать

2-тапсырма. Сөздерді суреттермен сәйкестендіріңіз.







1. жібек
2. былғары
3. жеңілдік
4. маржан
5. себу
6. әтір







3-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1. былғары	а) жейде
2. жібек	ә) маржан
3. жеңілдік	б) себу
4. әтір	в) жасау
5. ұсақ	г) белбеу



4-тапсырма. Сөйлем құрастырыңыз.

1. апам/тігу/үшін/мата/таңдады/базардан/көйлек.

.....

2. киді/ол/құрбысының/туған/күніне/жібек/жейде.

.....

3. белбеу/сатып алды/әкем/маған/қара түсті/былғары.

.....

4. жерге/шашылды/әр/ұсақ/маржандар.

.....

5. көп/әтір/бір/жерге/барса/тым/себеді/досым.

.....

6. сатушы/жеңілдік/жасады/белдемшеге/мерекеге/орай.

.....




5- тапсырма. Диалогті оқып, бос орындарды толтырыңыз.

Әмір: Расул, менімен ..... барасың ба?
Расул: Базардан не алмақсың?
Әмір: Бір жарнама көргенмін, ... болып жатыр екен.
Расул: Киім аласың ба?
Әмір: ..... белдік керек еді. Сосын матасы жұмсақ, ыңғайлы жейде алғым келеді.
Расул: Түсінбедім, қазір шығамыз ба?
Әмір: Иә, ертерек барайық.
Расул: Қарсы емеспін, онда мен ..... қараймын, менікі бітті.

Әмір: Қара, қара, базарда саудаласуға болады.
Расул: Айтпақшы, ... базарға барамыз?
Әмір: Білмеймін, орталық базарға шығар.
Расул: Жақсы.

Қажетті сөздер: былғары, жеңілдіктер, базарға, қай, әтір.

Грамматика
280-бетті қараңыз

6-тапсырма. Реттік сан есімге айналдырыңыз.

Бес автобус – бес..... автобус
Он алты қатар – он алты..... қатар
Алты мәтін – алты..... мәтін
Екі жатақхана – екі..... жатақхана
Жиырма үй – жиырма..... үй


7-тапсырма. Ауыспалы осы шақта сөйлем құраңыз.

Бастау, себу, келу, шығу, ілу.
Үлгі: Менің сабақтарым күнде сағат 08:00-де басталады.

.....
.....
.....
.....
.....
.....

8-тапсырма. Мәтіндерді оқыңыз. Мәтіннен кейін берілген тапсырмаларды орындаңыз.

1-мәтін



2-мәтін

Нұрәли Гугл қосымшадан орталық базарды терді, жатақханадан базарға дейін такси 2500 теңгеден басталады. Бұл баға олар үшін қымбат, сондықтан Нұрәли мен Расул 1-автобусқа отырды. Автобустан түсіп, @bylgary_beldikter парақшасында айтылған 18-бутикке барды. Ерлердің жейде, күрте, шалбар сияқты басқа да тауарлар ілулі тұр. Маталары да әртүрлі: мақта, жібек, тоқыма. Белдіктердің де неше түрі бар екен.

Нұрәли ұзақ таңдады. Ақыры қоңыр түсті былғары белдікке тоқтады. Бағасын сұраса, жеңілдікпен 9000 теңге. Арзан бағамен аламыз деп келсе, базарда да қымбат сияқты. Сатушы оларға басқа арзандау белдіктерді ұсынды. Олардың ішінен де жақсылары шықты. Нұрәли белдікті арзанға сатып алды. Енді Расулға әтір іздейді.

9-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыз.

Үлгі: Жатақханадан базарға дейін такси қанша тұрады?

.....
.....
.....

10- тапсырма. Базардағы белдіктерді сипаттап жазыңыз.

.....
.....
.....
.....
.....

11-тапсырма. Карта негізінде сұрақтарға жауап жазыңыз.

Орталық базар сағат ..... жабылады.
Орталық базар ..... орналасқан.
Орталық базарға қойылған орташа баға .....
Орталық базардың жанында ..... бар.

Сіз үшін



Көк базар – Алматыдағы көне базарлардың бірі. Көк базарда сауда 1868 жылы басталған. Ол қаланың орталығында, Медеу ауданында орналасқан. Көк базарда азық-түлік, киім, жиһаздар сатылады.

12- тапсырма. Тыңдаңыз. Толтырыңыз.

Сатушы: .....? Маржан алқа ма? Келіңдер, бізде бәрі бар.
Клиент: Жооқ, маржан ..... керегі жоқ, ағай!
Сатушы: Енді не? Киім? Аяққиім? Айта беріңдер, бәрі бар!
Клиент: Бізге ..... керек.
Сатушы: Әтір?! Ммм... осы жерден тура жүресіңдер, сосын ..... бұрыласыңдар, 43-бутикте күшті әтірлер сатылады. ..... түсіріп береді.
Клиент: Шынымен ..... жасай ма?
Сатушы: Иә, иә, Азамат ағайданбыз деп айтыңдар. Мен қазір ..... хабарласып қоямын.
Клиент: Жақсы болды ғой! Көп рақмет, ағай! ..... жүрсін!
Сатушы: Айтқандарың келсін, балалар!

Қажетті сөздер: саудаңыз, сатушыға, бағасын, жеңілдік, солға, әтір, алқаның, не іздедіңдер?

13-тапсырма. Тыңдаңыз. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Нұрәли мен Расул .....
2. Расулға бірнеше .....
3. Әтірлердің бағасы .....
4. Ұлдар әтірлерді .....
5. Бір жыл бұрын әпкесі Расулдың туған күніне Hugo boss .....
.....
6. Апай Расулға қалаған .....
.....
7. Ұлдар базардан .....


14-тапсырма. 13-тапсырма тыңдалымы бойынша сұраққа жауап беріңіз.

1. Нұрәли мен Расул нешінші бутикке келді?
2. Оларды қандай апай қарсы алды?
3. Расулға не ұсынды?
4. Әтірлердің бағасы қанша?
5. Әпкесі Расулдың туған күніне қандай әтір сыйлады?
6. Расул қандай иісті іздеді?
7. Расул қандай әтір сатып алды?

15-тапсырма. Суреттер бойынша ауызша мәтін құрап, 2 минут сөйлеңіз.









Жаңа сөздер


саудаласу – торговаться
салыстыру – сравнивать
тағу – носить
ыңғайлы – удобный/ая/ое
соңғы – последний/яя/ее
ақшыл – светлый/ая/ое

1-тапсырма. Оқыңыз. Қайталаңыз.

саудаласу	салыстыру
тағу	ыңғайлы
соңғы	ақшыл

2-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.







1. ақшыл
2. ыңғайлы
3. саудаласу
4. салыстыру
5. тағу
6. соңғы







3-тапсырма. Сөз тіркесін құраңыз.

1. соңғы	*тағу*
2. ақшыл	*саудаласу*
3. акция	*жер*
4. алтын	*тауар*
5. бағаны	*түс*
6. ыңғайлы	*салыстыру*
7. сатушымен	*басталды*

4-тапсырма. Сөйлем құраңыз.

1. мен/ туған/күніне / сыйладым/ былғары/ досымның/ белдік

.....

2. жейделерді/ ұнатады/ ағам/ түсті/ ақшыл

.....

3. тағады/ ол/ алтын/ бұйымдарды/ сирек

.....

4. саудаласуға/ базарда/ сатушымен/ болады

.....

5. акциясы/ басталды/ біздің/ дүкенде/ жеңілдіктер

.....

6. дүкендегі/ бағамен/ салыстырдым/ күмістің/ бағасын/ басқа

.....

7. үшін/ ыңғайлы/ жер/ екеуіміз/ кездесу/ таба алмадық

.....

5- тапсырма. Диалогті оқып, бос орындарды толтырыңыз.

Анасы: Қызым, бүгін кешке ..... аралайық.
Қызы: Жақсы, анашым.
Анасы: Өзіме ..... көйлек алғым келеді.
Қызы: Орталықтағы дүкендерден қарайық, бағаларын .....
.....
Анасы: Саған да көйлек қарайық. Бірнеше зат алсақ, ...
..... болады.
Қызы: Жақсы болды ғой, маған жазда киетін .....
көйлек керек.

Қажетті сөздер: саудаласуға, дүкен, салыстырайық, ыңғайлы, ақшыл.

Грамматика
280-бетті қараңыз

6- тапсырма. Сөйлем құраңыз.

Қажетті сөздер: саудаласу, тағу, кездесу, салыстыру, ұсыну.

Үлгі: *Дүкенде саудаласу керек.*

.....
.....
.....
.....

7-тапсырма. Сөз тіркестерін құраңыз.

Қажетті сөздер: алтын, күміс, ақшыл, күшті, арзан, қымбат.

Үлгі: *алтын алқа, қымбат тауар.*

....

....

.....

8-тапсырма. Оқыңыз.

Менің аға-жеңгем алтын, күміс сататын дүкен ашты. Зергерлік дүкен жаңа шағын ауданда, ыңғайлы жерде орналасқан. Дүкеннің жанында жаңа тұрғын үйлер, кеңселер көп, сол себепті мұнда адамдар көп келеді.

Аға-жеңгем дүкендерінде науқан ұйымдастырып жатыр. Алтын сырға сатып алсаң, күміс сырғаға 50 пайыз жеңілдік болады. Тауарлардың сапалары жақсы. Сары және ақшыл түсті алтындар сатылады.



Алтын бұйымдардың бағалары күміспен салыстырғанда қымбатырақ. Алтыннан гөрі маған күміс көбірек ұнайды. Мен күміс алқа, сырға тағамын. Бүгін – акцияның соңғы күні. Дүкенде сатып алушылар көп екен. Олар сауда жасап жатыр.



9-тапсырма. Анықтаңыз.

Ақпарат	Шын	Жалған
Аға-жеңгесі киім дүкенін ашты.	☐	☐
Дүкен жаңа шағын ауданда орналасқан.	☐	☐
Дүкенге көп адам келмейді.	☐	☐
Алтын сырға сатып алсаң, күміске жеңілдік жасайды.	☐	☐
Дүкенде сары және ақ түсті алтындар сатылады.	☐	☐
Күміс бұйымдардың бағасы алтыннан арзанырақ.	☐	☐
Оған күміс ұнайды.	☐	☐
Ол алтын алқа, сырға тағады.	☐	☐
Бүгін – акцияның соңғы күні.	☐	☐
Сатып алушылар сауда жасап жатыр.	☐	☐



10-тапсырма. Мәтін бойынша шағын диалог құрыңыз.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

Сіз үшін



Күміс – ерекше металл. Күміс адамның денсаулығына пайдалы. Күміс қан қысымын түсіреді. Адамның бауыры, бүйрегі ауырса, күміс қараяды.

11-тапсырма. Тыңдаңыз. Толтырыңыз.

Аружан: Сәлем, қыздар! Қалайсыңдар?
Әсел: Сәлем, Аружан!
Даяна: Сәлем! Жақсымыз!
Аружан: Қыздар, сендерге ..... жаңалығым бар. Аға-жеңгемнің дүкен ..... білесіңдер ғой. Бүгін дүкенге 1 жыл толды. Соған орай аға-жеңгем ..... жасап жатыр.
Әсел: Қандай жеңілдік? Алтынды ..... алуға бола ма?
Аружан: Иә, әрине! ..... 1 грамын жеңілдікпен 20 мыңға алуға болады.
Мысалы, сен 2 грамм алтын сақина сатып алсаң, ... ғана төлейсің.
Даяна: Жақсы ұсыныс! Алда ..... келе жатыр, ыйлыққа алуға болады.
Аружан: Базардағы бағамен салыстырсақ, арзанға түседі. ..... алтынның 1 грамы 25-27 мыңнан саудаланады.
Әсел: Иә, базарда қымбатырақ.
Аружан: Дүкеннің ..... жері де ыңғайлы, тура ..... жанында. 7, 16, 24-автобустар жүреді.
Даяна: Мекенжайы қандай?
Аружан: Мекенжайы – Бейбітшілік көшесі, 27-үй, «Ақнұр» зергерлік дүкені. Келіңдер, күтеміз!
Әсел: Жақсы, барамыз!

12-тапсырма. Жазыңыз. Мәтін құрастырыңыз.



Мекенжайы: Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі 11/11
• ОРТАЛЫҚ БАЗАР, Алтын қатары
• Орын: 1-4
@gold_sarmat
• Банк арқылы бөліп төлеу қарастырылған.
• Kaspi.kz (RED, бөліп төлеу, несие)
• Halyk bank (бөліп төлеу, Несие)
• Жұмыс уақыты: 09:00-18:00
• Жұмыс күндері: сейсенбі-жексенбі
• ДҮЙСЕНБІ-ДЕМАЛЫС
• Онлайн тапсырыс беру үшін: 8777 597 23 68
• Қазақстанның барлық аумағына жеткізіледі.

.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....

1-тапсырма. Оқыңыз. Қайталаңыз.

Куәлік	жолақы
жолаушы	жағалау
кесте	орталық
ескерткіш	риза болу
жылдам	мұражай


Жаңа сөздер

куәлік – удостоверение
жолақы – проезд
жолаушы – пассажир
жағалау – побережье
кесте – график
орталық – центр
ескерткіш – памятник
риза болу – быть довольным
жылдам – быстро
мұражай – музей

2-тапсырма. Сөздерді суреттермен сәйкестендіріңіз.











1. Жағалау
2. Кесте
3. Орталық
4. Ескерткіш
5. Риза болу
6. Жылдам
7. Мұражай
8. Жолаушы
9. Куәлік
10. Жолақы











3-тапсырма. Сөз тіркесін құраңыз.

1. жеке	*жүру*
2. қызметке	*жағалау*
3. жолақы	*көру*
4. кесте	*куәлік*
5. жылдам	*риза болу*
6. мұражайды	*төлеу*
7. оң	*жасау*

4-тапсырма. Сөйлем құраңыз.

1. алды/жеке куәлік/ұлым/он/алтыға/толып.

.....

2. досымның/сол/жағалауда/тұрады/үйі/алыс.

.....

3. кейбір/автобуста/жолақыны/адамдар/төлемейді.

.....

4. риза/болдым/мен/пойыз/қызметіне.

.....

5. демалысты/кесте/құру/керек/жоспарлау/үшін.

.....

5-тапсырма. Толтырыңыз.

Әлихан: Сәлем, Мерей, кешіктің ғой! Қайда жүрсің?

Мерей: Сәлем, таксиді ..... күттім.

Әлихан: Жарайды, ... жүр, пойыз 10 минуттан соң жүреді, тез барайық!

Мерей: Мәссаған, аға, мен жеке ..... қалдырып кетіппін. Енді не істеймін?

Әлихан: Уайымдама, Каспи .....77777..... көрсетуге болады. Өткен жолы мен солай көрсеттім.

Мерей: Жақсы болды ғой! Міне, біздің вагонға да келдік. ..... көп екен.

Әлихан: Жаз ..... ғой енді. Ал мінейік онда, шабаданды маған бер.

Қажетті сөздер: жылдам, ұзақ, жолаушылар, куәлігімді, қосымшасынан, мезгілі.

Грамматика
281-бетті қараңыз

6-тапсырма. Сөздерге жатыс септігін жалғаңыз. Сөйлем құраңыз.

Орталық, жағалау, көл, кесте.

Үлгі: солтүстік-солтүстікте-солтүстігінде.

Бурабай Қазақстанның солтүстігінде орналасқан.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

7-тапсырма. Сын есім жасаңыз.

Үлгі: Жаз – *жазғы*

күз –	бұрын –	бүгін – .....
қыс –	биыл –	ертең – .....
көктем –	былтыр –	кеше – .....

8-тапсырма. Оқыңыз.

Жанар мен Дина демалыста Бурабайға барды. Олар Астанадан Бурабайға дейін пойызға билет сатып алды. Пойыздың кестесі де ыңғайлы, жолақысы да арзан.

Пойыздан түсіп, Бурабайдың орталығына таксимен жылдам жетті. Қонақүйге орналасып, түскі тамақ ішті. Түстен кейін серуенге шықты. Жанар мұражайға баруды ұсынды. Екеуі мұражайды аралады. Іші таза, кең екен. Мұражайдан кейін жағалауға барды. Жағалауда демалушылар көп болды. Жанар мен Дина суға түсті. Көлдің суы жылы, таза, құрбылар риза болды.



9-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Жанар мен Дина демалыста қайда барды?
2. Олар Астанадан Бурабайға немен жетті?
3. Пойыз кестесі қандай болды?
4. Олар қайда орналасты?
5. Жанар Динаға не ұсынды?
6. Мұражай қандай?
7. Олар мұражайдан кейін қайда барды?
8. Жағалауда не істеді?

10-тапсырма. Тыңдаңыз. Кестені толтырыңыз.

Көрікті жерлер	Сипаты (қандай?)

11-тапсырма. Жауап жазыңыз.

1. Жан қай қаламен таныстырды?

.....

2. «Көктөбеге» қалай көтерілуге болады?

.....

3. «Шымбұлақтың» табиғаты қандай?

.....

4. Түнгі Алматыны көру үшін қайда бару керек?

.....

5. Келесі жолы Жан не туралы айтуға уәде берді?

.....



12-тапсырма. Жазыңыз.

Жағдаят. Шетелдік досыңыз Қазақстанды аралағысы келеді. Әсіресе Алматы өңіріне қызығушылығы жоғары.

Тапсырма. Досыңызды Алматының көрікті жерлерін көруге шақырып, хат жазыңыз.

Хат үлгісі:
Кіріспе. Досыңызбен амандасыңыз, халін сұраңыз.
Негізгі бөлім. Хат жазуыңыздың мақсатын жазыңыз. Алматының көрікті жерлерін сипаттаңыз.
Қорытынды бөлім. Қонаққа шақырыңыз. Қоштасыңыз.

.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....

1-тапсырма. Оқыңыз. Қайталаңыз.

Армандау	жүк
сапар	төлқұжат
кәдесый	хабарландыру
орналасу	көмек сұрау
адасу	мұхит


Жаңа сөздер

сапар – путь
төлқұжат – паспорт
кәдесый – сувенир
хабарландыру – обьявление
орналасу – располагаться
көмек сұрау – просить помощь
адасу – заблудиться
мұхит – океан
армандау – мечтать
жүк – багаж

2-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.



1. төлқұжат
2. кәдесый
3. жүк
4. хабарландыру
5. адасу
6. көмек сұрау











3-тапсырма. Сөз тіркесін құраңыз.

1. төлқұжат	*сатып алу*
2. мұхитта	*шығу*
3. шекарадан	*тексеру*
4. хабарландыру	*адасу*
5. сапарға	*өту*
6. кәдесый	*жүзу*
7. көшеде	*жасау*

4-тапсырма. Сөйлем құраңыз.

1. әрдайым/төлқұжат/тексереді/әуежайда.

.....

2. Ыстанбұлда/отбасымызбен/демалдық/теңізде.

.....

3. адасып/көшеде/таппай/қалдық/бір-бірімізді.

.....

4. ауа/райы/хабарландыру/жайлы/жасалды/жолаушыларға.

.....

5. әпкем/шетелден/кәдесыйлар/сатып/алды/қымбат.

.....

5-тапсырма. Толтырыңыз.

- Қайырлы күн!
- Қайырлы күн!
- ..... көрсетіңіз.

- Алыңыз.
- Малайзияға не үшін бара жатырсыз?
- ..... конференцияға барамын.
- Неше күн боласыз?
- Үш күн.
- ..... бар ма? Болса, тапсырыңыз.
- Иә, бар, мінекей. ..... ішке аламын.
- Жақсы, ... сәтті болсын!
- Рақмет!

Қажетті сөздер: сапарыңыз, жүкті, төлқұжатыңызды, халықаралық, жүгіңіз.

Грамматика
281-бетті қараңыз

6-тапсырма. Тәуелдеңіз.

Қажетті сөздер: сапар, төлқұжат, жүк, кәдесый.

Менің сапарым	*Біздің сапарымыз*
Сенің сапарың	*Сендердің сапарларың*
Сіздің сапарыңыз	*Сіздердің сапарларыңыз*
Оның сапары	*Олардың сапарлары*

Менің төлқұжат.....	Біздің төлқұжат.....
Сенің төлқұжат.....	Сендердің төлқұжат.....
Сіздің төлқұжат.....	Сіздердің төлқұжат.....
Оның төлқұжат.....	Олардың төлқұжат.....
Менің жүк.....	Біздің жүк.....
Сенің жүк.....	Сендердің жүк.....
Сіздің жүк.....	Сіздердің жүк.....
Оның жүк.....	Олардың жүк.....

Менің кәдесый.....	Біздің кәдесый.....
Сенің кәдесый.....	Сендердің кәдесый.....
Сіздің кәдесый.....	Сіздердің кәдесый.....
Оның кәдесый.....	Олардың кәдесый.....

7-тапсырма. Сөйлем құраңыз.

Қажетті сөздер: сапарыңыз, қолжүгіміз, төлқұжаттарың, кәдесыйлары, шекарасы.

Үлгі: Сапарыңыз сәтті болсын!

.....

.....


.....

.....

8-тапсырма. Оқыңыз. Кестені толтырыңыз.

Жағдаят. Арлан мен Айзере – жас отбасы. Олар биылғы демалыстарын шетелде өткізуді армандайды. Екеуі бірнеше турфирмаларды қарап шықты. Түркия туралы ақпараттық мәтінді оқыды. Олар Түркияның Анталия жағалауын таңдады.

Тапсырма. Суретті пайдаланып, Арлан мен Айзереге Анталия туралы ақпарат беріңіз.



Турдың ұзақтығы неше күн? .....

Қонақүй қалай аталады? .....

Қай қаладан ұшады? .....

Ұшақ Алматыдан нешеде ұшады? .....

Тур неше адамға арналады? .....

Тамақтану түрі қандай? .....

Турдың бағасы қанша? .....

Турды онлайн сатып алуға бола ма? .....

9-тапсырма. Мәтінді оқыңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.

Түркия әлемге өзінің демалыс орындарымен танымал. Түркияның жағажайы мен көрікті жерлері қонақтарға демалу үшін тамаша көңіл-күй сыйлайды.

Жазда ауа температурасы +30...+35 °С, ал теңіздің температурасы - +26...+28 °С жетеді. Мұндай ауа райында теңізде рақаттанып шомыласыз. Түркияның тағамдары да өте дәмді. Дәмханаларында сізге түрлі керемет қызмет көрсетеді. Базарлары мен дүкендерінде сапалы әрі арзан киімдер мен кәдесыйлар аласыз. Түркияға сәтті сапар тілейміз!



1. Түркия әлемге несімен танымал?
2. Түркия демалушыларға не сыйлайды?
3. Жазда Түркияның ауа райы қандай?
4. Түркияның тағамдары қандай?
5. Дәмханаларында қалай қызмет көрсетеді?
6. Базарлары мен дүкендерінен не сатып алуға болады?

10-тапсырма. Түркиядағы саяхат туралы диалог құрыңыз.

.....
.....
.....
.....
.....
.....

Сіз үшін



Ыстанбұлда саяхаттаудың үнемді әдісі – автобустар мен долмуштар. Долмуш – маршруттық такси. Түркияға келген бойда IstanbulKart сатып алыңыз. Бұл автобус, долмуш, метро және пойыздарда саяхаттау үшін қолданылатын көлік картасы. Карта арқылы жарты бағаға жол жүре аласыз. Сіз оны I.E.T.T деп белгіленген арнайы дүңгіршектерден сатып алуыңызға болады.

11-тапсырма. Сөздердің мағынасын синонимдер арқылы түсініңіз.

Шahap – қала

Ат басын тіреу – тоқтау

Төр – жоғары орын

12-тапсырма. Тыңдаңыз. Жазыңыз.

1. Ыстанбұл ..... бірі.
2. Бұл қалада .....
3. Ыстанбұл ..... қала.
4. Түркиядағы әрбір .....
5. Ыстанбұлда .....
6. Қалаға келген ..... ат басын тірейді.
7. Мешіттер .....

13-тапсырма. Тыңдаңыз. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

Марат: Асхат, саған Ыстанбұлда не ұнады/қалады/тұрады?

Асхат: Маған Айя София кеші/мешіті/есігі ұнады. Айя София – Ыстанбұлдың символы. Мешіттің ғимараты өте әдемі, іші кең.


Марат: Маған Сұлтан Ахмет мешіті ұнады. Оның тарихы/теңізі/тынысы терең. 1603 жылы Осман империясында Ахмет бірінші сұлтан билікке келеді. Ол осы мешітті салдырады. 1616 жылы мешіт ыдысы/құрылысы/ауласы аяқталады.

Асхат: Солай ма? Бұл – мен үшін жаңа хабар/ақпарат/махаббат.

Марат: Ыстанбұлда халық көп. Мен Сұлтан Ахмет мешітінен шығып алыстым/қарастым/адастым. Босфор жағалауына жетіп, демалушылардан көмек/керек/қорек сұрадым.

Асхат: Иә, халық көп екен. Абайлап жүру керек!

14-тапсырма. Айтыңыз.



Жағдаят. Сіз блогер Өркен Кенжебектің @orkeni саяхаттар туралы бірнеше постын оқыдыңыз. Сізге әсіресе Еуропа елдері жайлы ақпараттар қызық болды.

Тапсырма. Сіз бала кезіңізде Еуропаның қай ел(дер)іне баруды армандадыңыз? Не себепті? Осы сұрақтарға ауызша мәтін түрінде жауап беріңіз.

1-тапсырма. Оқыңыз. Қайталаңыз.

жалға алу сұңгу
серуендеу жергілікті
арал

Жаңа сөздер

жалға алу – арендовать
сұңгу – нырять
серуендеу – прогуливаться, гулять
жергілікті – местный/ая/ое
арал – остров

2-тапсырма. Сөздерді суреттермен сәйкестендіріңіз.



1. арал

2. мұхит





3. серуендеу

4. сұңгу



3-тапсырма. Сөз тіркесін құраңыз.

1. аралға ..... *көру*
2. мұхитты ..... *серуендеу*
3. кешке ..... *сұңгу*
4. суға ..... *бару*

4-тапсырма. Сөйлем құраңыз.

1. аралда/орналасқан/демалыс/орны/кішкентай.

.....

2. құрбыммен/біраз/серуендедік/көшеде/кешке.

.....

3. мұхитты/бірінші/рет/өмірімде/көрдім/биыл.

.....

4. білмеймін/мен/жүзу/суға/сүңгімеймін/сол/себепті.

.....

5- тапсырма. Толтырыңыз.

- Ұлым, кел, су ..... екен, суға түсейік!
- Әке, суға түскім келмейді, жай отырып .....
- Онда өзің біл! Анаң мен қарындасыңа айтшы, олар ..... түсе ме екен?
- Қазір.
- Әке, олар ..... келеді. Суы қалай?
- Керемет! Суға ....., суы тап-таза, мөлдір.
- Ой, қызығып кеттім ғой, онда мен де түсемін.
- Жарайсың, ..., келе ғой.

Қажетті сөздер: суға, жып-жылы, сүңгідім, қазір, балам, демаламын.

Грамматика
282-бетті қараңыз

6-тапсырма. Жұрнақтарды дұрыс қойыңыз:
сондықтан, себебі, бірақ.

1. Теңіздің суы жылы, ... тереңдеу екен.
2. Мұхиттың толқындары қатты, ... жақын баруға болмайды.
3. Мен күнде кешке серуендеймін, ... таза ауа денсаулыққа пайдалы.
4. Қызым жүзу біледі, ... суға еркін сүңги алады.
5. Аралдың табиғаты керемет, ... жиі барамын.

7-тапсырма. Қалау райды қолданып, сөйлем құрыңыз:
көрсету, серуендеу, таныстыру, білу, түсіну.

Үлгі: Мен Қытайды көргім келеді.

....

....

.....

8-тапсырма. Оқыңыз.

Әйгерім мен Жайна – Назарбаев Университетінің 3-курс студенттері. Былтыр екеуі «Work and Travel» бағдарламасы бойынша АҚШ-қа барды. Қыздар 3 ай дәмханада жұмыс істеді



және тіл үйренді. Олар Калифорнияның Сан Диего қаласында тұрды. Үш ай өткен соң, Әйгерім мен Жайна қалған 15 күнді саяхатқа арнады. Олар Американың танымал жерлерін аралады, мұхит жағасында серуендеді. Тікұшақты жалға алып, аралға барды. Саяхат кезінде қыздар жергілікті мәдениетпен танысты. Әйгерім мен Жайнаға АҚШ ұнады, бірақ олар Қазақстанды сағынды.

9-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Әйгерім мен Жайна қайда оқиды?
2. Былтыр олар қайда барды?
3. Қыздар АҚШ-та не істеді?
4. Олар қайда тұрды?
5. Әйгерім мен Жайна 15 күнді неге арнады?
6. Олар қай жерде серуендеді?
7. Қыздар тікұшақпен қайда барды?
8. Қыздар немен танысты?

Сіз үшін



Work and Travel – АҚШ мемлекеттік департаментінің қолдауымен жүзеге асатын ең танымал халықаралық бағдарлама. Бағдарламаға құжат қабылдау жыл сайын қыркүйек айында басталады. "Work and Travel" бойынша Америкаға бару үшін шамамен 3500 доллардай ақша қажет. Мұның ішіне виза, ұшу билеті, бағдарлама, жұмыс, үй тауып беру, жеке шығындар кіреді. Бұл қаражат әр компанияда әртүрлі болуы мүмкін.

10-тапсырма. Тыңдаңыз. Толтырыңыз.

Ақнұр: Сәлеметсіз бе, сіз қазақсыз ба?

Гауһар: Сәлеметсіз бе, иә, қазақпын.

Ақнұр: Ооо, сізді көріп, қатты қуанып тұрмын. Менің атым – Ақнұр. Америкаға ..... келдім.

Гауһар: Мен – Гауһармын. Мұнда ..... келдім. Келгеніме бір жыл болды. Қалай, Америка сізге ұнап жатыр ма?

Ақнұр: Иәә, ұнап жатыр, әсіресе ..... ұнайды. Мұхит жағасына ..... күнде келемін.

Гауһар: Маған да ..... ұнайды. Толқындары күш береді. Мен үшін керемет .....

Ақнұр: Табиғаты, шынымен, тамаша! Алдыңгүні ағаммен ..... барып, жақсы демалдық. Гауһар, сіз бір жыл тұрдыңыз ғой, ... халқы қандай?

Гауһар: Халқы ма? Халқы жақсы, ашық, ... сұрасаң, әрқашан көмектеседі.

Ақнұр: Жақсы екен. Сіздің нөміріңізді жазып алайын. Хабарласып тұрайық.

Гауһар: Иә, әрине, ... емеспін.





11-тапсырма. Жазыңыз.

Жағдаят. Сіз Америкаға саяхаттауға бардыңыз. Онда 3 ай тұрдыңыз. Оқырмандарыңыз сізден Америка туралы білгісі келеді.

Тапсырма. Американдан алған әсеріңіз жайлы пост жазыңыз.

Нұсқаулық:

-оқырмандармен амандасыңыз;

-Америкада қалай саяхаттағаныңыз жайлы жазыңыз;

-оқырмандардан пікір бөлісуді сұраңыз.



.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

1-тапсырма. Оқыңыз. Қайталаңыз.

куәлік	сахна
көрермен	кейіпкер
айырмашылық	ұқсастық
ортақ	тарихи
шапалақтау	өшу/өшіру

Жаңа сөздер

қойылым – спектакль
сахна – сцена
көрермен – зритель
кейіпкер – персонаж
айырмашылық – отличие
ұқсастық – сходство
ортақ – общее
тарихи – исторический/ая/ое
шапалақтау – хлопать
өшу/өшіру – выключить/выключать

2-тапсырма. Сөздерді суреттермен сәйкестендіріңіз.




1. шапалақтау
2. ортақ





3. көрермен
4. айырмашылық





5. қойылым
6. ұқсастық





7. өшіру
8. сахна



3-тапсырма. Сөз тіркесін құраңыз.

1. қол	*қойылымы*
2. тарихи	*кейіпкер*
3. театр	*өшіру*
4. сахнада	*драма*
5. жарықты	*шапалақтайды*
6. көрермендер	*ойнайды*
7. комедиялық	*риза болды*

4-тапсырма. Сөйлем құраңыз.

1. риза/болып/көрермендер/қол/шапалақтады/ұзақ.

.....

2. театр/қойылымы/оқиғаны/көрсетті/тарихи.

.....

3. өнер көрсетті/мектеп/оқушылары/сахнада.

.....

4. қойылымға/жарықты/өшірді/2 минут/қалғанда.

.....

5. комедиялық/маған/ұнады/қатты/кейіпкер.

.....


5-тапсырма. Оқыңыз. Толтырыңыз.

Медет: Аян, ... не туралы екенін білесің бе?
Аян: ..... оқиға туралы екенін білемін. Ал сен білесің бе?

Медет: Білемін. Басты ..... – Томирис. Тарихи оқиғадан ..... болады, бұл қойылым ғой.
Аян: Иә, айырмашылық болады, дегенмен ..... ақпарат көп болу керек.
Медет: Мен де солай ойлаймын.
Аян: Медет, қара, көрермен көп жиналыпты. Тура 19:00-де бастала ма?
Медет: Иә, телефонымызды ..... қояйық.
Аян: Жақсы.

Қажетті сөздер: кейіпкер, тарихи, ортақ, қойылым, өшіріп, айырмашылық.

6- тапсырма. Хабарландыруды оқыңыз. Жауап беріңіз.


Басты бет Әзірбайжан Мәмбетов театры Online theatre БАҚ біз туралы Галерея Прайс Байланыс

Құрметті көрермендер!

Құрметті көрермендер! Енді сіздер спектакльдерімізді YouTube каналынан онлайн тамашалай аласыздар! Репертуарымызда бар 7 спектакль жүктелген. Био-да көрсетілген сілтеме арқылы кіріп, көре аласыздар!
#номадситихолл
#үйдебол

https://www.youtube.com/channel/UCSt_SQ0yGFHLvT6TJ8II5rQ

1. Хабарландыруды қай театр берген?
2. Театрдың YouTube арнасында қанша қойылым бар?
3. Қойылымдарды қалай көруге болады?
4. Хабарландырудың аудиториясы кімдер?
5. Хабарландыру қандай мақсатта берілген?

Грамматика
283-бетті қараңыз

7-тапсырма. Сілтеу есімдіктерімен сөйлем құраңыз.

Қажетті сөздер: қойылым, сахна, көрермен, театр, хабарландыру.
Үлгі: *Міне, қойылым басталды.*

....

....

8-тапсырма. Етістіктерді түрлендіріп жазыңыз: *беру, алу, қарау, құрастыру, орындау.*

Үлгі: *беру-берді-берілді-берілген*

....

....

9-тапсырма. Оқыңыз.

«Жастар театры» сайтындағы ақпаратпен танысып, тапсырмаларды орындаңыз.



10-тапсырма. Анықтаңыз.

Ақпарат	Шын	Жалған
«Жастар» театры Астана қаласында орналасқан.	☐	☐
«Жастар» театрының сайтында әртістер туралы ақпарат берілген.	☐	☐
Сұрақтарға жауап алу үшін 87172380108 нөміріне хабарласу керек.	☐	☐
«Сұлу мен суретші» спектаклінің режиссері – Нұрқанат Жақыпбай.	☐	☐
«Сұлу мен суретші» спектаклінің тақырыбы – махаббат.	☐	☐
Қойылым кейіпкерлері – Сұлу мен Суретші.	☐	☐
Қойылымның аннотациясы 5 сөйлеммен жазылған.	☐	☐
«Өнер – махаббатқа кедергі емес», – дейді режиссер.	☐	☐

11-тапсырма. Сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Қойылым қалай аталады? .....
2. Қойылымның режиссері кім? .....
3. Спектакльдің ұзақтығы қанша? .....
4. Спектакльдің тақырыбы не? .....
5. “Жастар театрына” қалай хабарласуға болады?

.....

Сіз үшін



Театр мәдениеті:
1. Қойылымға кешікпей келіңіз.
2. Әдемі киім киіңіз.
3. Билетте көрсетілген орынға отырыңыз.
4. Ұялы телефоныңызды өшіріп қойыңыз.
5. Жаныңыздағы адаммен қатты сөйлеспеңіз.

12-тапсырма. Тыңдаңыз. Толтырыңыз.

1. Бүгін мектебіміздің жоғары сынып оқушылары театрда «Томирис» ..... тамашалады.
2. Оқушылар театр ..... өнерін көрді.
3. Екі сағаттық ..... тез өте шықты.
4. ..... ойыны керемет!
5. Өзімді сол ғасырларда жүргендей .....
6. Бірнеше эмоциялар туындады: ....., мақтаныш, аяныш.
7. Әсіресе бас ..... Томирис рөлі шынайы болды.
8. ..... әртіс екені сөзсіз.

13-тапсырма. Жазыңыз.

Өзіңіз көрген театр қойылымы туралы шағын мәтін жазыңыз.

.....
.....
.....
.....
.....

1-тапсырма. Оқыңыз. Қайталаңыз.

қиял	пікір
оқиға	көркем
жаңалық	күлкілі
қорқынышты	даму
басы	соңы

Жаңа сөздер

қиял – фантазия
пікір – мнение
оқиға – случай
көркем – художественный/ая/ое
жаңалық – новость
күлкілі – смешной
қорқынышты – страшный
даму – развитие/развиваться
басы – начало
соңы – конец

2-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.









1. даму
2. басы
3. соңы
4. қиял
5. пікір
6. жаңалық
7. күлкілі
8. қорқынышты











3-тапсырма. Сөз тіркесін құраңыз.

1. көркем	*айту*
2. қойылымның	*соңы*
3. пікір	*оқиға*
4. күлкілі	*дамуы*
5. сюжеттің	*фильм*



4-тапсырма. Үлгі бойынша сөйлем құраңыз: ***жаңалық, пікір, қиял, оқиға.***

Мен жаңалық естідім.
Мен кеше жаңалық естідім.
Мен кеше қызық жаңалық естідім.

.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....




5-тапсырма. Оқыңыз. Толтырыңыз.

Асылым: Қыздар, _____ киноға барайық!
Мөлдір: Мен қарсы емеспін, барайық!
Назым: Мен де!

Асылым: Комедияға барайық, қыздар. Күлкілі _____ көргім келеді. Қазір кинотеатрларда не жүріп жатыр?

Назым: Ғаламтордан қарайық. Қазақша комедиялар болу керек.

Мөлдір: Кинолар жайлы _____ оқиық, сонда таңдау жеңілдеу болады.

Асылым: Келісемін. Өткен жолы барған фильмнің _____ қызық болды, бірақ соңы ұнаған жоқ.

Назым: Қыздар, таптым! Нұрлан Қоянбаевтың _____ фильмі шығыпты. Пікірлер жақсы. Барамыз ба?

Асылым: Иәә, барайық!

Қажетті сөздер: пікірлерді, оқиға, демалыста, күлкілі, жаңа, басы.

6- тапсырма. Афишаны оқыңыз, сұрақтарға жауап жазыңыз.

97 адам соңғы сағатта олар бұл оқиғаға қызығушылық танытты.

Жабайы робот (2024)

15 қараша, 300 тг.

БИЛЕТ САТЫП АЛУ



Өтетін орны: Астана қ., Бұқар Жырау, 27, Open Sky cinema

Күні: 15 қараша, 2024

Уақыты: 20: 00

Жанр: мультфильм / фантастика / шытырман оқиғалар

Шығарылған жылы: 2024

Қосымша: бір адамға кіру құны - ересек 3000 тг., балалар 1900тг.

1. Фильм қалай аталады?
2. Фильм қай жерде көрсетіледі?
3. Фильм нешеде басталады?
4. Фильмге билет қанша тұрады?
5. Бұл хабарландыруды қанша адам қарады?

Грамматика
283-бетті қараңыз

7-тапсырма. Сөйлем құраңыз.

Қажетті сөздер: театрдікі, менікі, автордікі, әншінікі, кейіпкердікі.

Үлгі:

– Бұл кино кімдікі?

– Кино Шәкен Аймановтікі.

....

....

....

....

8-тапсырма. Сын есім жасаңыз: *күлкі, қорқыныш, өнер, дарын, білім, ақыл, мәдениет, әдеп.*

Үлгі: *күлкі-күлкілі*


....

....

....

.....

9-тапсырма. Оқыңыз.



Бүгін сенбі. Ата-анам да, біз де үйдеміз. Отбасымызбен жақсы кино көрейік деп ойладық. Интернеттен кино іздей бастадық. Анам мен қарындасым комедия жанрындағы фильм көргісі келсе, біз әкем екеуіміз драма көргіміз келді. Қарындасым драма соңы қорқынышты, мұңлы аяқталады деп келіспеді. Ал олардың таңдаған кинолары біз үшін күлкілі емес.

Соңында мынадай шешімге келдік. Анам мен қарындасым кинотеатрға комедия көруге баратын болды. Әкем екеуіміз қылмыстық драманы үйде көреміз деп келістік.

10-тапсырма. Жауап жазыңыз.

1. Оқиға аптаның қай күні болды?

.....

2. Отбасының ойы қандай болды?

.....

3. Анасы мен қызы қандай жанрдағы фильм көргісі келді?

.....

4. Әкесі мен ұлы қандай фильм көргісі келді?

.....

5. Оқиға немен аяқталады?

.....

11-тапсырма. Мәтін бойынша диалог құрыңыз.

.....
.....
.....
.....
.....

Сіз үшін



Комедия жанры бүкіл әлемде сұранысқа ие. Ол – ешқандай костюм, арнайы компьютерлік эффект, қиын сюжетті қажет етпейтін жеңіл жанр түрі. Біздің елімізде де комедия жанрындағы фильмдер көп түсіріледі. Адамдар бір сәт демалу үшін, көңіл көтеру үшін осы жанрдағы фильмдерді таңдайды.

12-тапсырма. Тыңдаңыз. Толтырыңыз.

1. Мен ..... киноларды көремін.
2. Кинотеатрларда ..... комедия шықса, міндетті түрде барамын.
3. Оқиғалардың ..... қызық.
4. Мен үшін сюжет ..... болуы керек.
5. Мен ..... фильм көремін.
5. Әртістердің киімдері, ... дизайны керемет.
6. Қазіргі фильмдердің көбі комедия, ал мен ..... жақсы көремін.
7. Режиссер болсам, қазақ ..... туралы фильмдер түсірер едім.

13-тапсырма. Толтырыңыз.

Кім нені ұнатады?	Комедия	Фантастика	Көркем фильм	Тарихи фильм
Асыл				
Руслан				
Айдана				
Нұргүл				

14-тапсырма. Ал сізге қандай фильмдер ұнайды? Не себепті?

3-4 сөйлемнен тұратын ауызша мәтін құраңыз.

15-тапсырма. Айтыңыз.

Жағдаят. Сіз өткен аптада жаңа фильм көруге бардыңыз. Досыңыз/құрбыңыз фильм жайлы сіздің пікіріңізді білгісі келеді.

Тапсырма. Досыңызға/құрбыңызға жаңа фильм жайлы қысқа ақпарат беріңіз.

Тірек сөздер: пікір, оқиға, жаңалық, күлкілі, қорқынышты, басы, соңы.

Жаңа сөздер

дауыс – голос
жүлде – приз
қазылар алқасы – жюри
байқау/сайыс – конкурс
табиғи – природный/ая/ое
ақын – поэт
сазгер – композитор
сүю – любить
марапаттау – награждать
дарынды – одаренный/ая/ое

1-тапсырма. Оқыңыз. Қайталаңыз.

дауыс	жүлде
қазылар алқасы	байқау/сайыс
табиғи	ақын
сазгер	сүю
марапаттау	дарынды

2-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.



1. дауыс



2. жүлде



3. қазылар алқасы



4. байқау/сайыс



5. ақын



6. сазгер



7. сүю



8. марапаттау

3-тапсырма. Сөз тіркесін құраңыз.

1. табиғи	*бағалайды*
2. жүлдеге	*ақын*
3. қазылар алқасы	*марапаттады*
4. өнерді	*дауыс*
5. байқауға	*қатысу*
6. әншілерді	*сүю*
7. белгілі	*ие болу*

4-тапсырма. Сөйлем құраңыз.

Дауыс, қазылар алқасы, табиғи, ақын, сазгер, сүю, марапаттау, дарынды.

Үлгі: Мен ән байқауында бас жүлдеге ие болдым.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

5-тапсырма. Оқыңыз. Толтырыңыз.

Тілші: Қайырлы кеш, Аружан! Тікелей эфирге .....!

Аружан: Қайырлы кеш, Мақпал ханым, рақмет!

Тілші: Аружан, сіз жақында халықаралық ..... қатысып, бас ..... алдыңыз. Осы жайлы толығырақ айтып өтсеңіз.

Аружан: Мен Берлинде өткен ..... әншілер байқауына қатыстым. Байқауға әр елден 38 адам қатысты. Қатысушылар - өте ..... әншілер. Олардың әндері маған ұнады.

Тілші: ..... нені бағалады?

Аружан: Дауысты, орындауды, жеке стильді бағалады.

Тілші: Сіз қандай ..... орындадыңыз?

Аружан: Мен Димаш айтатын ..... әні «Дайдидауды» орындадым.

Тілші: Тамаша! Сізді жеңісіңізбен құттықтаймын! ..... тілеймін!

Аружан: Көп рақмет!

Қажетті сөздер: байқауға, жүлде, ән, қазылар алқасы, халық, дарынды, қош келдіңіз, халықаралық, жетістіктер.

Грамматика
283-бетті қараңыз

6-тапсырма. Жалқы есімдерді топтастырыңыз.

Жалқы есімдер: Димаш Құдайберген, Ыстанбұл, Түркия, Азия, Еуропа, «Адырна» ұлттық порталы, Халук Левент, Бурак Йетер, «Дүрдараз».

Адам аты	**Жер атауы**	**Сайт, газет-журнал, өлең, ән атттары**

7-тапсырма. Етістіктерді ауыспалы осы шақта түрлендіріп жазыңыз.

Хабарлау, ие болу, жиналу, сөйлеу, бастау, жеткізу, көрсету.

Хабарлау – хабарлайды.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

8-тапсырма. Оқыңыз.

Димаш Құдайберген Ыстанбұлда жеке концертін берді деп хабарлайды «Адырна» ұлттық порталы.

Димаштың концертін көру үшін әлемнің көптеген елдерінен: Түркия, Қытай, сондай-ақ Еуропа, АҚШ, Азия мен Африкадан мыңдаған жанкүйер жиналды. Ыстанбұлдағы 42500 орындық «Бешикташ» стадионы адамға толды. Германия, Аргентинадан Димаштың концертіне жанкүйерлері арнайы ұшып келді.





«Біз оның әнін тыңдау үшін Ыстанбұлға келдік. Димаштың Түркияда концерт беретінін білген бойда билет сатып алдық», - дейді тыңдармандар. Димаш өнерін қазақ, түрік, ағылшын және қытай тілдеріндегі халықтың ең сүйікті әндерімен бастады.

Ән арасында Димаш көрермендермен қазақ тілінде, шетелдік жанкүйерлермен ағылшын тілінде сөйлесті. Әнші Ыстанбұлда өнер көрсеткеніне қуанышты екенін жеткізді. Сахнада өнерпазбен бірге түрік әншілері Халук Левент пен Бурак Йетер қонақ ретінде өнер көрсетті. Сахнада өнерпаздар қобыз, гитара, домбыра ойнады. Концерт соңында Димаш заманауи өңдеуде «Дүрдараз» әнін орындады. Жаңа стильдегі қазақ халық әні барлығына ұнады.

9-тапсырма. Анықтаңыз.

Ақпарат	Шын	Жалған
Димаш Құдайберген туған күнін Ыстанбұлда атап өтті	☐	☐
Димаштың концертін көру үшін әлемнің көптеген елдерінен жанкүйерлер жиналды	☐	☐
Ыстанбұлдағы 42500 орындық «Бешикташ» стадионы адамға толды	☐	☐
Димаш әндерін тек қазақ тілінде айтты	☐	☐
Димаш шетелдік жанкүйерлермен ағылшын тілінде сөйлесті	☐	☐

Ақпарат	Шын	Жалған
Сахнада түрлі аспаптар ойналды	☐	☐
Концерт басында Димаш заманауи өңдеуде «Дүрдараз» әнін орындады	☐	☐
Жаңа стильдегі қазақ халық әні көрермендерге ұнады	☐	☐

10-тапсырма. Мәтін бойынша диалог құрастырыңыз.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

Сіз үшін



Димаш Құдайберген 24 мамыр 1994 жылы Ақтөбе қаласында әншілер отбасында дүниеге келген. Бес жасында музыкалық колледж сахнасында алғаш ән салған. Алты жасында «Айналайын» Республикалық байқауының «Фортепиано» номинациясында жеңімпаз атанған.

11-тапсырма. Тыңдаңыз. Бос орындарды толтырыңыз.

1. Мен сіздің Қазақстанда өтетін концертіңізге Германиядан ..... ұшып келдім.
2. Жаңа елге бару ..... болды, бірақ мен сізді көргім келді.
3. Сізді алғаш рет Қытайдағы ән ..... онлайн тыңдадым.
4. ..... әділ бағасын берді, қатты риза болдым.
5. Сіздің дауысыңыз – ерекше табиғи .....
6. Қазақ ..... тамаша өлеңдер жазады екен.
7. Сізбен әлемнің барлық ..... жұмыс істеуді қалайды деп ойлаймын.

12-тапсырма. Тыңдалым бойынша диалог құрастырыңыз.

.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....



13-тапсырма. Жазыңыз.

Сұрақтарға жауап бере отырып, сүйікті әншіңіз/тобыңыз жайлы мәтін құрастырыңыз.

Сүйікті әншіңіз/тобыңыз кім?

Оны қашаннан бері тыңдайсыз?

Оның қандай әндерін тыңдайсыз? Әндерінің тақырыптары қандай?

Ол сізге несімен ұнайды?

Сүйікті әншіңіздің/тобыңыздың концертінде болдыңыз ба? Концерт қалай өтті?

Сүйікті әншіңізбен/тобыңызбен кездескіңіз келе ме? Кездесуде қандай сұрақ қояр едіңіз?

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

ДҰРЫС ЖАУАПТАР

I ТАРАУ
1-сабақ

2-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1. Менің атым – Сәуле.
2. Танысқаныма қуаныштымын
3. Сенің атың кім?
4. жаман емес
5. Қалың қалай?

4-тапсырма. Толықтырыңыз. Жазыңыз.

Әмір: Сәлем!
Сәуле: Сәлем!
Әмір: Сенің атың кім?
Сәуле: Менің атым – Сәуле. Сенің атың кім?
Әмір: Менің атым – Әмір.
Сәуле: Танысқаныма қуаныштымын.
Әмір: Мен де танысқаныма қуаныштымын.

5-тапсырма. Толықтырыңыз.

Менің атым – Айнаш.	Оның аты кім?
Сенің атың – Мұрат.	Сіздің атыңыз – Анар.
Сіздің атыңыз кім?	Менің атым – Бота.
Оның аты – Дидар.	Сенің атың кім?

6-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерді тәуелдеңіз.

1. Бұл менің кітабым.
2. Сенің досың өте ақылды.

3. Оның мәшинесі – қызыл.
4. Біздің мектебіміз – үлкен.
5. Сендердің үйлерің қайда?

10-тапсырма. Сөздерді ретімен қойыңыз.
1. Сәлем, қалың қалай?
2. Сәлем, танысқаныма қуаныштымын.
3. Жақсы, сенің қалың қалай?
4. Менде бәрі жақсы
5. Сенің атың кім?

I ТАРАУ
2-сабақ

2-тапсырма. Толықтырыңыз.
Бота: Танысып қойыңыз. Бұл менің құрбым – Жадыра.
Жұпар: Танысқаныма қуаныштымын. Менің атым – Жұпар.
Жадыра: Мен де қуаныштымын.
Бота: Менің құрбым – мұғалім.
Жұпар: Оо, тамаша, әріптес екенбіз.
Бота: Иә, Жадыра – сіздің әріптесіңіз.
Жұпар: Керемет.

5-тапсырма. 3-тапсырмадағы мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

Жауаптар
1. Мәтін құрбылар туралы.
2. Құрбысының аты – Әсем.
3. Әсемнің көздері – үлкен.
4. Әсем – дәрігер.

6-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1. Менің тегім – Маратқызы.
2. Бұл – менің құрбым.
3. Сенің әріптесің бар ма?
4. Бұл кісі кім?
5. Менің құрбым – ақылды.
6. Бұл әйелдің аты кім?

8-тапсырма. Сәйкестендіріңіз. Ұнаған жауапты көшіріңіз.

1 – Ә
2 – Г
3 – А
4 – Б
5 – В

10-тапсырма. Дұрыс жауабын белгілеңіз.

1. Мен мектепке барамын.
2. Сен кітапты оқисың.
3. Ол тапсырманы жазады.
4. Біз бірге киноға барамыз.
5. Сендер сабаққа дайындаласыңдар.
6. Олар спортпен шұғылданады.

11-тапсырма. Сөйлемді қажетті сөздермен толықтырыңыз.

Үлгі: Менің ақылды кісі (әріптесім).
Менің әріптесім – ақылды кісі.

1. Сен мектепте жұмыс істейсің бе?
2. Жадыра саяхатты жақсы көреді.
3. Біз өте жақсы құрбылармыз.

4. Ол әріптесім білімді.
5. Сіздің әріптестеріңіз мейірімді.
6. Сендер мектепке келіңдер.
7. Арайдың әріптестері мейірімді кісілер.

I ТАРАУ
3-сабақ

2-тапсырма. Дұрыс жазыңыз. Сөйлем құраңыз.

парақша
рилс түсіру
салу
тебу
міне
қажет
шаш сәндеу

4-тапсырма. Сәйкестендіріңіз. Сөйлем құраңыз.
Үлгі: Мен таңғы асты үнемі үйде ішемін.


әрқашан


әдетте


жиі


кейде


сирек


ешқашан

5-тапсырма. Сөйлем құрастырыңыз.

1. Бұл – менің әріптесім Сания.
2. Айнұр жиі шана тебеді.
3. Сен үнемі пост саласың ба?
4. Маған рилс түсіру қажет.
5. Оның тегі – Алпысбай.
6. Мен әдетте шаш сәндеймін.
7. Ол кейде шаңғы тебеді.

6-тапсырма. Сұрақтарды толықтырып, жауап беріңіз.

1. Сен шана тебесің бе? Иә, тебемін./ Жоқ, теппеймін.
2. Сіздің парақшаңыз бар ма? Иә, бар./ Жоқ.
3. Сізге су қажет пе? Иә, қажет./ Жоқ, қажет емес.
4. Ол шаш сәндей ме? Иә, сәндейді./ Жоқ, сәндемейді.
5. Балалар көп рилс түсіре ме? Иә, түсіреді./ Жоқ, түсірмейді.

8-тапсырма. Аудионы қайта тыңдап, дұрыс жауапты белгілеңіз.

1. Менің тегім – Мұрат.
2. Менің әріптесімнің аты – Жайна.
3. Әсел жиырма жаста.
4. Мен шаңғы тебуді жақсы көремін.
5. Айман күнде пост салады.
6. Балалар сабақта рилс түсірді.

II ТАРАУ
1-сабақ

2-тапсырма. Толықтырыңыз.

Айман апаның немересі бар. Сәуленің анасы – қонақжай. Менің құрбым – өте ақкөңіл адам. Жадыра – қарапайым әйел.

Ханшайым – өте ерке қыз. Менің інім ұялшақ, сондықтан оның досы көп емес. Менің әпкем жазда тұрмысқа шығады. Сенің досың үйленді ме?

4-тапсырма. Отбасы мүшелерін топтастырыңыз.

Ер адам	Әйел адам
ата, әке, аға, іні, күйеу	әже, ана, әпке, қарындас, сіңлі

5-тапсырма. Тыңдаңыз. Сәйкестендіріңіз.

1. Менің отбасым – тату.
2. Сенің ағаң мектепте оқиды.
3. Ермектің інісі балабақшаға барады.
4. Менің анам өте мейірімді.
5. Сенің әпкең спортты жақсы көре ме?
6. Алма әженің немересі бар.
7. Отбасымызбен саябақта демаламыз.
8. Сенің ағаң қашан үйленеді?

7-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз. Жазыңыз.

1. Әкесінің аты – Дидар.
2. Дидар қырық жаста.
3. Дидар – заңгер.
4. Дидар – өте білімді, ақылды адам.
5. Баласы әкесін жақсы көреді. Өйткені көп сыйлық береді.

8-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерді түрлендіріңіз.

1. Біздің үйге қонақ келді.

2. Әкемнің қаламын берші.
3. Анамның досының үйіне бардық.
4. Менің інім үйде ойнап жүр.
5. Сенің ағаңның аты кім?
6. Бүгін менің қарындасымның туған күні.
7. Біз әпкеммен дүкенге барамыз.
8. Сіңлімнің әдемі көйлегі бар.
9. Мен бүгін ініме сыйлық бердім.
10. Алуа ата-анасымен бірге демалысқа кетті.

9-тапсырма. Толықтырыңыз.

1. Әкемнің кітабы үстелде жатыр.
2. Анама гүл сатып алды.
3. Балаларды паркке шақырды.
4. Үйде мысық бар ма?
5. Біздің отбасымызда бес адам бар.
6. Меруерт Абай көшесінде тұрады.
7. Анам Түркістанға бір аптаға демалысқа кетеді.
8. Әпкем бөлмені жинады.
9. Асанның інісі он жаста.
10. Беріктің ағасы жұмысқа көлікпен барады.

II ТАРАУ
2-сабақ

2-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

көмектесу	Б)	жаңа жыл	Е)	ашықхат	В)
тойлау	Ж)	құттықтау	А)	қоныс той	Ә)
отшашу	Д)	гүлшоғы	Ғ)	құрметті	Г)

4-тапсырма. Толықтырып жазыңыз.

Жұпардың отбасы жаңа пәтер сатып алды. Олар қоныс той жасады. Қонаққа туыстары мен достарын шақырды. Қонақтар көп сыйлықтар әкелді. Анасы дастарқан жасады. Жұпар анасына көмектесті. Ол қонақтарды қарсы алды, шығарып салды. Қоныс той көңілді өтті. Барлығы жақсы тілек айтты. Жұпарға қонақ күткен қатты ұнады.

5-тапсырма. Танысыңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.

Жауаптар:

1. Қоныс той туралы айтылған.
2. Қонақтар әдемі гүлшоқтары мен сыйлықтар әкелді.
3. Кештің соңында отшашу болды.
4. Қонақтар жақсы тілектерін айтты.
5. Анасы барлық қонақтарға ашықхат берді.

6-тапсырма. Бұйрық райлы сөйлемге айналдырыңыз.

1. Сіз бізді тойға шақырыңыз.
2. Мен сізге гүл берейін.
3. Достарым үйге кірсін.
4. Олар тосынсый ұйымдастырсын.
5. Көп қонақтар келсін.

7-тапсырма. Толықтырыңыз.

1. Мадина, жаңа жылды бірге тойлайық.
2. Бүгін Маржанды туған күнімен құттықтайық.
3. Жадыраға жаңа үйге көшуіне көмектесейік/көмектессін/көмектесіңіз.
4. Кешке қонақтарды бірге қарсы алайық, олар қуанып қалсын.
5. Достарыңызға үнемі тосынсый жасаңыз.

10-тапсырма. Толықтырыңыз.

1. Бұл гүлшоғы сіз үшін дайындалды.
2. Біз жаңа жылда дастарқан жайдық және ән айттық.
3. Бүгін тосынсый жасадым, бірақ шаршадым.
4. Қонақтар кешікті, себебі олар жолда кептеліске көп тұрды.
5. Қонақтан соң анама көмектестім, өйткені ол көп жұмыс істеді.

III ТАРАУ
1-сабақ

5-тапсырма. Тыңдаңыз. Қажетті сөздермен толықтырыңыз.

Ханшайым: Қайырлы күн, анашым!
Анасы: Сәлем, Ханшайым!
Ханшайым: Анашым, сізден бірдеңе сұрауға бола ма?
Анасы: Әрине, қызым, сұра.
Ханшайым: Анашым, сіздің арманыңыз бар ма?
Анасы: Ой, қызым, армандарым көп қой. Мысалы, мен дүниежүзін аралығым келеді.
Ханшайым: Солай ма, өте қызық. Сіз бұрын айтпадыңыз ғой?
Анасы: Иә, балам. Бірақ енді саған айтып тұрмын.
Ханшайым: Жақсы, бірінші қай елге барғыңыз келеді?
Анасы: Мысалы, Түркияға. Онда өте ескі ғимараттар көп. Маған әр елдің тарихы өте қызық.
Ханшайым: Иә, мен сізбен келісемін.

6-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерді пайдала отырып сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Бұл ықшамаудан басқа ықшамаудандарға қарағанда үлкенірек.

2. Алматыдағы жол белгілері Астанаға қарағанда жақсырақ.
3. Қазақстанның көпірлері көрші елдердегі көпірлерге қарағанда әдемірек.
4. Біздің мемлекетіміз – дүниежүзіндегі ең қонақжай ел.
5. Бұл көпқабатты үй басқа үйлерге қарағанда биігірек.

8-тапсырма. Сын есімдерді тиісті шырай формасында жазыңыз.

1. Бұл көпір өте әдемі екен.
2. Қазақтар – әлемдегі ең қонақжай халық.
3. Дүниежүзіндегі ең ұзын даңғылды білесіз бе?
4. Алматы Астанаға қарағанда жылырақ.
5. Ыстанбұлда ескі ғимараттар өте көп.
6. Лондонның көпірі Семейдің көпірінен кішірек.
7. Ең күшті отшашу қай қалада болады?
8. Дүниежүзіндегі ең кішкентай мемлекетті білесің бе?
9. Айнұр қаланың ең биік үйлерінде тұрғысы келеді.
10. Әйгерім қаланың көрікті жерлерін аралады.

11-тапсырма. Толықтырыңыз.

Азамат: Сәлем, Бағдат. Сен қай елге барғың келеді?
Бағдат: Мен АҚШ-қа барғым келеді.
Азамат: Ол елдің қандай ерекшеліктері бар?
Бағдат: Онда әдемі ғимараттар көп, сондай-ақ көпқабатты үйлер да көп. Американдықтар өте қонақжай.
Азамат: Солай ма? Мен де сол елге барғым келеді. Себебі мен де үлкен даңғылдар мен тарихи көпірлер көргім келеді.

III ТАРАУ
2-сабақ.

3-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып сөйлемді толықтырыңыз.

1. Бұл – біздің жаңа үй.
2. Асүйде үлкен тоңазытқыш тұр.
3. Жатын бөлмедегі терезе өте үлкен.
4. Қонақ бөлмедегі перде әдемі.
5. Бұл үй бұрынғы үйімізден кең.

5-тапсырма. Оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Біздің отбасымыз жаңа үйге көшті. Жаңа үйде үш бөлме бар: қонақ бөлме, асүй және жатын бөлме. Қонақ бөлмеде үлкен терезе, жұмсақ диван және әдемі кілем бар. Асүйде үстел, пеш, ыдыс сөресі мен үлкен тоңазытқыш тұр. Асүйде біз тамақ ішеміз. Біздің асүй өте жайлы, өйткені біз үнемі бөлмені тазалаймыз. Шаңсорғышпен тазалаймыз және ыдыстарды жуамыз. Еденді анам сүртеді, ал мен ыдыс жуамын.

Жауаптар:

1. Жаңа үйде үш бөлме бар.
2. Қонақ бөлмеде үлкен терезе, жұмсақ диван және әдемі кілем бар.
3. Асүйде пеш пен тоңазытқыш бар.
4. Себебі біз асүйді үнемі тазалаймыз.
5. Еденді анам сүртеді.

6-тапсырма. Толықтырыңыз.

1. Үйдің алдында үлкен бақ бар.
2. Сөренің астында құмыра тұр.

3. Сөренің жанында тоңазытқыш орналасқан.
4. Терезенің алдына ыдыстар қойылған.
5. Үйдің артында үлкен тасжол бар.

7-тапсырма. Тыңдаңыз. Толықтырыңыз.

Анасы: Қалың қалай, балам, не істеп жатырсың?
Бота: Қайырлы кеш, анашым! Мен асүйдемін. Інім қонақ бөлмеде ойнап отыр.
Анасы: Тоңазытқышты тазаладың ба?
Бота: Иә, тазаладым. Бірақ сөрені сүртуді ұмытып кетіппін.
Анасы: Жарайды, оны өзім сүртемін. Кесені жудың ба?
Бота: Қай кесені?
Анасы: Сөреде тұрған кесені. Ал табаны жудың ба?
Бота: Табаны да, кесені де жудым. Қазір шаңсорғышпен еденді тазалаймын.
Анасы: Жарайсың, балам! Үйдің таза болғаны жақсы.
Бота: Жақсы, анашым!

9-тапсырма.

1. Бұл тоңазытқыш – жаңа, ал мынау – ескі.
2. Сөре – таза, бірақ терезе кір.
3. Менің бөлмем сенікінен тазарақ.
4. Әсем үстелдің үстін орамалмен сүртті, бірақ кейбір жерлері әлі кір.
5. Ыдыстар жуылмады, бірақ табалар жуылды.

10-тапсырма. Артық сөздерді көрсетіңіз, атаңыз.

жастық
терезе
орамал

IV ТАРАУ
1-сабақ

2-тапсырма. Сөздерді сәйкестендіріңіз, сөйлем құрастырыңыз.

1. емтихан тапсыру
2. орта білім
3. өтініш толтыру
4. сұхбат беру
5. пән таңдау
6. хат жазу
7. оқуды жалғастыру
8. оқу орны

4-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз, курсивпен белгіленген сөздермен сөйлем құрастырыңыз.

***Жауаптар*:**

1. Шетелде оқу.
2. Университетке түсу үшін емтихан тапсыру керек.
3. Химия саласы бойынша білім алғысы келеді.
4. Автор емтихан мен сұхбатқа дайындалып жатыр.
5. Мен ... (өз ойыңызды білдіріңіз).

5-тапсырма. Тыңдаңыз, толықтырыңыз.

Құрметті Джон мырза!

Мен, Ақбота Мұратқызы, мектепті бітірген соң жоғары білім алғым келеді. Менің арманым – шетелде оқып, химияны балаларға үйрету. Мен осы оқу орнына түсуге өтініш толтырдым. Себебі сіздердің университеттеріңіз химияны өте жақсы оқытады. Емтихандарды сәтті тапсырдым, келесі айда сұхбат

беру жоспарланған. Сізден өтінішімді қарап, маған мүмкіндік беруіңізді сұраймын.

Ізгі ниетпен, Ақбота Мұратқызы

8-тапсырма. Толықтырып, жазыңыз.

1. Мен шетелде білім алғым келеді.
2. Сен қай ғылым саласында жұмыс істегің келеді?
3. Университетке өтініш тапсырғым келеді/тапсырғысы келеді.
4. Ол сұхбаттан жақсы өткісі келеді.
5. Емтиханнан жоғары баға алғым/алғың/алғысы келеді.

10-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1. өтініш – өтіну мақсатында жазылатын құжат
2. ғылым – әлемді зерттеп түсіну
3. сұхбат – ресми әңгімелесу
4. толтыру – құжаттарға ақпарат жазу
5. емтихан – білімді тексеру түрі

IV ТАРАУ
2-сабақ

2-тапсырма. Тыңдап, сәйкестендіріңіз.

Дәрісхана - студенттерге арналған оқу бөлмесі

Ағылшын тілі - халықаралық қарым-қатынас тілі

Әдебиет - көркем шығармалар

Жазбаша - қолмен немесе компьютермен жазу

Ауызша - сөйлеу түрі

Үйірме - қосымша білім

Ақпарат - жаңа мәлімет

3-тапсырма. Оқыңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.

Мынау біздің университетіміз. Мұнда тарих, қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі дәрісханалары бар. Дәрісханалар – кең әрі жарық. Бүгін бізде қазақ әдебиеті сабағы болды. Әдебиет сабағында біз көп ауызша тапсырмалар орындаймыз. Кеше ағылшын сабағында жазбаша тапсырмалар орындадық. Біз әрбір сабақта жаңа ақпарат аламыз. Маған университеттегі сабақтар ұнайды. Себебі күнде жаңа ақпараттар аламыз.

Жауаптар:

1. Университетте тарих, қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі дәрісханалары бар.
2. Дәрісханалар – кең әрі жарық.
3. Әдебиет сабағында ауызша тапсырмалар орындадық.
4. Ағылшын сабағында жазбаша тапсырмалар орындадық.
5. Университеттегі сабақтар ұнайды.
6. Өз оқу орныңыз туралы айтыңыз.

4-тапсырма. Ақпаратты белгілеңіз.

№	Ақпарат	Дұрыс	Қате
1	Университетте қызықсыз болды.		+
2	Жазбаша тапсырмалар орындалды.	+	
3	Екінші сабақ ағылшын тілі болды.		+
4	Әдебиеттен жазбаша тапсырма орындады.		+
5	Күнде жаңа ақпарат алмаймыз.		+

6-тапсырма. Дұрыс жауапты белгілеңіз.

Әсем: Сәлем, бүгін дәрістерің қалай болды?

Назерке: Жақсы. Таңертең тарихтан екі дәріс болды. Дәрісханада сегіз-тоғыз ғана студент болды. Бірақ сабақ өте қызықты өтті. Оқытушы дүниежүзі тарихынан жаңа ақпараттармен бөлісті.

Әсем: Ал әдебиет сабағында не істедіңдер?

Назерке: Әдебиет сабағында қазақ ақындарының шығармаларын оқыдық. Екі-үш студент сұрақ қойды. Сен өзің неге сабаққа келмедің?

Әсем: Мен бүгін ауырып, сабаққа бара алмай қалдым.

Назерке: Тезірек жазыл. Қазір қалайсың?

Әсем: Қазір денсаулығым жақсы, рақмет! Үй тапсырмаларын бересің бе?

Назерке: Әрине, күте тұр. Мен саған электронды поштаға дәрістерді жіберейін.

Әсем: Ооо, тамаша, рақмет, құрбым.

Назерке: Оқасы жоқ. Кездескенше.

7-тапсырма. Толықтырыңыз.

1. Дәрісханада екі-үштен студенттер бірге жұмыс істеді.
2. Бүгін әдебиет сабағында бір-екі жаңа ақпарат алдық.
3. Ағылшын тілі сабағы бір сағаттай болды.
4. Үйірмеге шамамен бес студент қатысты.
5. Дәрісханада студенттер он-оннан топтасып отырды.
6. Оқытушы тапсырмаларды бес-алтыдан бөліп берді.
7. Оқуға түсуге күніне он шақты өтініш келіп жатыр.
8. Әр емтихан сұрағында екі-үш жауап болды.

8-тапсырма. Қателерді табыңыз және түзетіңіз.

1. Балалар үш-төрттен бөлініп отырды.
2. Біз шамамен он шақты дәптер сатып алдық.

3. Оқушылар екі-екіден жұмыс істеді.
4. Мен кітапханадан төрт-бес кітап алдым.
5. Жобаға шамамен жиырма адам қатысты.

9-тапсырма. Топтастырыңыз.

Топтау сан есім	Болжалдық сан есім
екі-екіден, бес-бестен, үш-төрттен, бес-бестен	бір-екі, бес-алты, тоғыз-он, жиырма-отыз

V ТАРАУ
1-сабақ

2-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1. тәрбиеші – кішкентай балаларды қарайтын адам
2. еңбек – жұмыс, қызмет
3. суретші – сурет салатын адам
4. аспаз – тамақ әзірлейтін адам
5. сатушы – тауар сататын адам
6. дайындау – бір нәрсені жасау, істеу
7. іздеу – бір нәрсені табуға әрекет жасау

3-тапсырма. Тыңдаңыз. Толықтырыңыз.

Гүлжан: Сәлем! Қалың қалай?
Айғаным: Сәлем! Жақсы. Өзіңнің қалың қалай?
Гүлжан: Жаман емес. Қайда жұмыс істеп жүрсің?
Айғаным: Ой, құрбым, мен жаңа жұмыс іздеп жүрмін.
Гүлжан: Рас па? Сен бұрын қайда жұмыс істедің?
Айғаным: Мен мейрамханада аспаз болып он жыл жұмыс

істегенмін. Бірақ қазір басқа жұмыс іздеп жүрмін.
Гүлжан: Бір жерде он жыл істесең, жақсы мамансың ғой. Қазір қандай жұмыс іздеп жүрсің?
Айғаным: Қазір басқа салада жұмыс істегім келеді.
Гүлжан: Аспаздықтан басқа не істей аласың?
Айғаным: Бұрын сатушы болғанмын. Адамдармен тез тіл табысамын. Маған клиенттермен жұмыс істеген ұнайды.
Гүлжан: Жақсы, мен біздің жұмыста бос орын болса сұрап көрейін.
Айғаным: Көп рақмет!
Гүлжан: Кездескенше.

4-тапсырма. Диалог бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.
Жауаптар
1. Бастапқыда ол аспаз болып жұмыс істеді.
2. Қазір басқа салада жұмыс іздеп жүр.
3. Тәжірибесі көп.
4. Клиенттермен жұмыс істейтін бөлімде жұмыс істегісі келеді.

5-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.
Сәлем! Менің атым – Әлия. Менің еңбек тәжірибем бар. Мен университетті бітірген соң бір жыл тәрбиеші болып жұмыс істедім. Балалармен жұмыс істеу маған өте ұнады. Кейін суретші мамандығын таңдадым, өйткені мен сурет салуды жақсы көремін. Бос уақытымда ән айтқанды жақсы көремін. Менің арманым – танымал суретші болу.
Жауаптар:
1. Әлия алғашында тәрбиеші болып жұмыс істеді.
2. Кейін суретші мамандығын таңдады.
3. Бос уақытында ән айтады.
4. Әлияның арманы – танымал суретші болу.

6-тапсырма. Толықтырыңыз.

1. Мен аспаз болып жұмыс істегенмін.
2. Ол көптеген қызықты кітаптар оқыған.
3. Біз жаңа тақырыпты мұқият зерттегенбіз.
4. Олар бұған дейін басқа елдерде болмаған.
5. Сен бұл фильмді бұрын көргенсің бе?

8-тапсырма. Кім не істейді? Сәйкестендіріңіз.

1. Аспаз тамақ пісіреді.
2. Әнші ән айтады.
3. Суретші сурет салады.
4. Тәрбиеші кішкентай балаларды қарайды.
5. Мұғалім балаларды оқытады.
6. Биші би билейді.
7. Дәрігер адамдарды емдейді.

V ТАРАУ
2-сабақ

3-тапсырма. Тыңдаңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.

Жауаптар:

1. Арайлым – жеке кәсіпкер.
2. Арайлым зейнеткерлерге азық-түлік әкеліп береді.
3. Науқас адамның пеші бұзылса, үйге шебер шақыртады.
4. Оның жұмысы жоспарланған.
5. Шұғыл тапсырмалар болғанда Арайлым барлығына көмектесуге тырысады.
6. Арайлым – жақсы басшы.

7-тапсырма. Толықтырыңыз.

Шаштараз клиенттің өтінішін тыңдаса, ол өз жұмысын жақсы істейді. Басшы өз ұжымына дұрыс қараса, компания табысты болады. Жеке кәсіпкер өз жұмысын мұқият жоспарласа, клиенттерге сапалы қызмет көрсетеді. Егер даяшы тағамдарды жақсы дайындаса, клиенттер риза болады.

VI ТАРАУ
1-сабақ

2-тапсырма. Сөздерді сәйкестендіріп, сөйлем құраңыз.

1. тұмау тию
2. кеңес беру
3. бүйрек ауыру
4. жолдама беру
5. науқасты қабылдау
6. жүрек соғу
7. өкпені тыңдау
8. қатты жөтелу

3-тапсырма. Тыңдап, толықтырыңыз.

Науқас: Сәлеметсіз бе, үйге дәрігер шақырайын деп едім.
Оператор: Сәлеметсіз бе, қандай шағымдарыңыз бар?
Науқас: Менің қызуым көтеріліп тұр. Тұмау тиген сияқты.
Оператор: Дене қызуыңыз қанша?
Науқас: Бүгін 39 градус болды. Жөтеліп жатырмын.
Оператор: Жақсы, мекенжайыңыз қандай?
Науқас: Тұран даңғылы 28, 18-пәтер, 5-кіреберіс, 2-қабат.
Оператор: Жақсы, күтіңіз.
Науқас: Жақсы.

4-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Бүгін Еркеназ кенеттен ауырып қалды. Анасы жедел жәрдем шақырды. Дәрігер оны тексеріп, жүрегін тыңдады, мектепке анықтама жазып берді. Қан тапсыруға жолдама берді. Зерттеу бойынша оның бауыры мен бүйрегі ауырмайды екен. Оған тұмау тиген екен, қатты жөтеліп жатыр. Дәрігер Еркеназға суық су ішпей, тәтті жемей, емделу керектігін ескертті.

***Жауаптар*:**

1. Еркеназ кенеттен ауырып қалды.
2. Анасы жедел жәрдем кім шақырды.
3. Дәрігер жүрегін тыңдады.
4. Еркеназға тұмау тиген екен.
5. Дәрігер Еркеназға суық су ішпей, тәтті жемеуге кеңес берді.

5-тапсырма. Толықтырыңыз.

№	Ақпарат	Дұрыс	Қате
1	Еркеназ екі күн ауырды.		+
2	Еркеназды анасы бірден ауруханаға апарды.		+
3	Дәрігер мектепке анықтама жазып берді.	+	
4	Еркеназдың жүрегі ауырмайды.	+	
5	Еркеназ жөтеліп жатыр.	+	

7-тапсырма. Толықтырыңыз.

1. Адамда екі көз мен екі қол бар. Сонымен қатар он саусақ пен он бақай бар.
2. Біздің аулада он ағаш өсіп тұр. Олар биыл өте жақсы өсіп шықты. Кешке қарай аулада бес бала ойнайды. Мен дүкеннен үш келі алма мен екі сүт сатып алдым.
3. Айнұрдың бөлмесінде төрт қуыршақ жатыр. Олардың барлығы әртүрлі екен.

VI ТАРАУ
2-сабақ

3-тапсырма. Сәйкестендіріңіз

1. дұрыс тамақтану – денсаулыққа пайдалы тамақ жеу
2. шұғылдану – белгілі бір іспен айналысу
3. айналысу – белсенді қимылдар жасау
4. шағым – денсаулық немесе басқа мәселелер туралы айту
5. жазылу – спорт клубына немесе курсқа қатысуға тіркелу

4-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.
Жауаптар:
1. Денсаулық кепілі – дұрыс тамақтану мен спорт.
2. Сұлу әрі денелі болу үшін спортпен шұғылдану керек.
3. Адамдар жүгіру, жүзу немесе фитнеспен айналыса алады.
4. Шағымдарыңыз болса, дәрігерден кеңес алу керек.
5. Спорт көңіл-күйді де көтереді.

6-тапсырма. Тыңдаңыз, толтырыңыз.
Дәрия: Сәлем! Сен спортпен айналысасың ба?
Бақыт: Сәлем! Иә, мен спортпен шұғылданамын. Сұлу болғың келсе, спортпен айналысу керек деп ойлаймын. Бұрын мен толық болатынмын, көп ауыратынмын. Қазір денсаулығым жақсы, себебі мен спортпен шұғылданамын.
Дәрия: Дұрыс айтасың. Бірақ тек спортпен шұғылдану жеткілікті ме?
Бақыт: Жоқ, дұрыс тамақтану да маңызды. Бұрын мен ұн тағамдары мен тәттіні көп жейтінмін. Бірақ қазір дұрыс тамақтанамын, көкөніс пен жеміс-жидек көп жеймін.
Дәрия: Рас, дұрыс тамақтанбаудың да денсаулыққа кесірі тиеді.

Бақыт: Иә, спорт пен дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі.
Дәрия: Өте дұрыс, мен сені қолдаймын.
Бақыт: Рақмет, құрбым.

9-тапсырма. Толықтырыңыз.
1. Мен спортпен бұрын көп айналысатынмын.
2. Дәрігер маған дұрыс тамақтану керек деп кеңес беретін.
3. Ол денсаулығын жақсарту үшін жаттығу жасайтын.
4. Анам маған спортшылар туралы кітап оқитын.
5. Біз аулада футбол ойнайтынбыз.

10-тапсырма. Қате сөйлемдерді түзетіңіз.
1. Мен күн сайын спортпен шұғылданатынмын.
2. Біз әр аптада бассейнге баратынбыз.
3. Ол үнемі кешке кітап оқитын.
4. Сен ертерек жаттығу жасап жүретінсің.
5. Олар футбол ойнайтын.

VII ТАРАУ
1-сабақ

2-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.
найзағай жарқылдады
қараңғы түсті
бұршақ жауды
қар еріді
көктем келді

3-тапсырма. Жаңа тіркестер құраңыз.

жауын жауды	салқын түсті
қар жауды	тұман түсті
бұршақ жауды	қараңғы түсті

5-тапсырма. Оқыңыз. Толтырыңыз.

- Сәлем!
- Қалайсың!?
- Жақсы, өзің ше?
- А-а-а-а, күн салқын екен, біраз тоңдым.
- Иә, күз тез түсті, бүгін күн жаңбырлы, түнде жаңбыр жауды.
- Соны айтам, түнде күн де күркіреді, найзағай жарқылдады.
- Иәәә... мен қорықтым. Бөлме де қараңғы болды, бірақ жарық қоспадым.
- Ауа райы, шынымен, көңіл-күйге әсер ете ме, ә?
- Білмеймін ғой, мүмкін.

6-тапсырма. Етістіктерді ауыспалы осы шақта түрлендіріп жазыңыз.

Қыста аяз болды. Қыста аяз болады.
Көктемде жауын көп жауды. Көктемде жауын көп жауады.
Жазда да бұршақ жауды. Жазда да бұршақ жауады.
Күзде қараңғы тез түсті. Күзде қараңғы тез түседі.

7-тапсырма. Жауап беріңіз: Кеше күн қандай болды?

Кеше күн бұлтты болды.
Кеше күн аязды болды.
Кеше күн жаңбырлы болды.
Кеше күн тұманды болды.
Кеше күн боранды болды.

9-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ол күнде 07:00-де тұрады.
2. Ол ұялы телефоннан ауа райы болжамын қарайды.
3. Бүгін Астанада күн бұлтты.
4. Кешке нөсер жауын жауады.
5. Кешке найзағай жарқылдайды.
6. Ол салқын ауа райын ұнатпайды
7. Жолда күн ашылды.
8. Ол кемпірқосақты суретке түсірді.

10-тапсырма. Антонимдерін табыңыз.

таңертең-кешке
бұлтты-ашық
қараңғы-жарық
дымқыл-құрғақ
ашылды-жабылды

12-тапсырма. Тыңдаңыз, кестені толтырыңыз.

Облыс атауы	Ауа райы
Солтүстікте	Қатты жаңбыр, бұршақ, дауыл болады
Елімізде	Тұман, жел күшейеді
Алматы, Қызылорда, Жетісу облыстарында	Күн қатты ыстық болады
Атырау, Жамбыл, Ұлытау, Түркістан, Абай облыстарында	Күн қатты ыстық болады

VII ТАРАУ
2-сабақ

2-тапсырма. Толықтырыңыз.

Аида: Сәлеметсіз бе!
Сатушы: Сәлеметсіз бе, қош келдіңіз!
Аида: Бүгін анамның туған күні, гүл алуға келдім.
Сатушы: Құтты болсын! Анаңызға ұзақ өмір тілеймін. Қандай гүл қалайсыз?
Аида: Раушанның барлық түсі әдемі. Сіз не айтасыз?
Сатушы: Мен түймедақ ұсынғым келеді. Қараңыз, қандай керемет!
Аида: Шынымен, сондай әдемі екен. Жақсы, осыны алайын, қанша тұрады?
Сатушы: Он жеті мың теңге. Қалай төлейсіз?
Аида: Картамен. Міне. Көмегіңізге рақмет!
Сатушы: Көріскенше!

3-тапсырма. Артық тіркесті анықтаңыз.

Қозы, лақ, бота, күшік, ~~маймыл.~~
~~Емен,~~ раушан, түймедақ, қызғалдақ.
Үйрек, қаз, ~~сауысқан,~~ тауық.
Маса, құмырсқа, ~~*балық,*~~ қоңыз.

4-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

маса шағу
табиғатты қорғау
раушан отырғызу
түймедақ сыйлау
күшік асырау

5-тапсырма. Жалғаңыз.

Апамның ауласын....*да/~~де/та/те~~* түймедақ көп өседі.
Мен апам... *~~га/ге/а/е~~* ағаш отырғызу.... *~~қа/ке/га/ге~~* көмектестім.
Бота енесі... *~~ны/ні/н~~* іздеп, дала.... *~~на/не~~/га/~~ге~~* жүгірді.
Қозы.... *~~тар/тер~~/лар/~~лер/дар/дер~~* сондай сүйкімді!
Маса.... ~~тан/тен~~/*дан/~~дең~~* қашып, кешке серуендеу... *~~га~~/ге/~~қа/ке~~* шықпадым.
Базарда үйрек... *~~дың/дің/тың~~/тің* еті сатылады.

6-тапсырма. Толықтырыңыз.

Ауа райы бүгін өте бұлтты.
Күзде жапырақты ағаштар әдемі көрінеді.
Шөл далада тек құмды жер көрінеді.
Біз тас жолмен жүрдік.
Таудан су ағып жатыр.

9-тапсырма. Шын/жалған екенін анықтаңыз.

Ақпарат	Шын	Жалған
Саят хабарландыруларды сирек қарайды.		+
Саят алабай сатып алғысы келеді.	+	
Оған сайттағы барлық күшіктер ұнайды.		+
Ол әрқашан таза қазақы иттерді іздейді.		+
Ақ күшікті көріп, Саят қатты таңғалды.	+	
Күшіктің бағасы - жиырма бес мың теңге.	+	
Күшіктің иесімен таңертең кездесті.		+
Саят ақ күшікті құшақтады.	+	

10-тапсырма. Тыңдаңыз. Толықтырыңыз.
Саят ақ күшікті үйіне алып келді.
Машинадан түскен соң күшікті аулаға жіберді.
Саят оның соңынан барды.
Ақ күшік секіріп, қозы мен ботаға жақындады.
Олар күшіктен қорқып қашты.
Саят оларға күліп қарады.

11-тапсырма. Жауап беріңіз.
1. Б
2. А
3. Үй жануарлары: қозы, бота.

VIII ТАРАУ
1-сабақ

3-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1. алдыгүні	ә) қайттым
2. былтыр	а) келдім
3. күнтізбе	в) жасау
4. биыл	б) барамын

4-тапсырма. Толықтырыңыз.
Марал: Сәлеметсіз бе, апай!
Апай: Ооо, сәлеметсің бе, Марал! Қашан келдің?
Марал: Алдыгүні келдім. Бүгін қайтамын. Сізге сәлем бергім келді.
Апай: Бақытты бол, айналайын! Кір үйге, шай ішейік.
Марал: Рақмееет, апай! Сіздің шайыңызды сағындым.

Апай: Жағдайың қалай? Не жаңалық?
Марал: Апай, жаңалығым бар. Биыл шетелге оқуға түстім.
Апай: Мәссаған! Сүйінші менен, айналайын! Құжаттарың түгел ме енді?
Марал: Түгел. Былтыр құжатым дайын болмай, үлгермей қалғанмын. Биыл бәріне үлгердім! Бүрсігүні бір құжат жүктеймін. Болды.
Апай: Жарайсың! Сен үшін қуаныштымын !

Қажетті сөздер: бүрсігүні, биыл, былтыр, алдыгүні, сүйінші, қуаныштымын.

5-тапсырма. *дейін/кейін* шылауларын дұрыс қойыңыз.
Құжаттар 1-шілдеге дейін қабылданады.
Базар тоғыздан кейін жабылады.
1-маусымнан 25-маусымға дейін демалыста боламын.
Кешкі жетіден кейін телефонға жауап бермеймін.
Сабаққа дейін тіс дәрігеріне барып келемін.

7-тапсырма. Анықтаңыз.

Ақпарат	Шын	Жалған
«Болашақ» халықаралық стипендиясына құжаттарды 25-қазанға дейін тапсыру керек.	+	
«Болашақ» халықаралық стипендиясына құжаттар сайт арқылы қабылданады.		+
Марал 7 жыл ауыл мектебінде физикадан сабақ береді.		+
Өткен жылы Марал bolashak.gov.kz порталына барлық құжаттарды жүктеді.		+
Марал конкурсқа дайындалды, ағылшын тілінен емтихан тапсырды.	+	

Марал – «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері.	+	

9-тапсырма. Тыңдаңыз. Толықтырыңыз.

1. Алақай, мен «Болашақ» халықаралық стипендиясын жеңіп алдым!
2. Қандай керемет жаңалық, құлыным!
3. Туыстарды кешке қонаққа шақырайық.
4. Әрине, мен кешкі ас дайындайын!
5. Ал бүрсігүні достарыңды үйге шақыр, балам!
6. Биыл жақсы жаңалық көп болды.

10-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Баласы «Болашақ» халықаралық стипендиясын жеңіп алды.
2. Жаңалыққа ата-анасы қуанды.
3. Әкесі кешке туыстарды қонаққа шақыруды ұсынды.
4. Кешке анасы ас дайындайды.
5. Достарын қонаққа бүрсігүні шақырады.

VIII ТАРАУ
2-сабақ

2-тапсырма. Артық сөзді табыңыз.

Бос уақыт, демалыс, ~~**мерзім.**~~
Дүйсенбі, жұма, ~~**былтыр,**~~ сенбі.
Бүгін, кеше, ~~**тоқсан,**~~ ертең.
~~**Тамақ**~~, түс, кеш, таңертең.

3-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1. мерзімі	ә) өту
2. спортпен	в) шұғылдану
3. алғашқы	г) кездесу
4. біраз	а) күту
5. бос уақыт	б) табу

4-тапсырма. Түрлендіріңіз.

Үлгі: Өз – өзім (кім?)
Өзім – өзімнің (кімнің?)
Өзім – өзіме (кімге?)
Өзім – өзімді (кімді?)
Өзім – өзімде (кімде?)
Өзім – өзімнен (кімнен?)
Өзім – өзіммен (кіммен?)

7-тапсырма. Жауап беріңіз.

1. Оқушылар «Оқырмандар» үйірмесін құрды.
2. Үйірме мүшелері – жоғары сынып оқушылары.
3. Оқушылар бір тоқсанда екі кітап оқиды.
4. Алғашқы кездесу бүгін өтті.
5. Кездесуге мектеп мұғалімдері мен оқушылар қатысты.

9-тапсырма. Тыңдаңыз. Толтырыңыз.

Сәуле: Сәлем, Динара, ертең бос уақытың бар ма?
Динара: Сәлем, Сәуле, жоқ, бос емеспін. Неге сұрадың?
Сәуле: Жай, бір жерге барайық деп едім.
Динара: Қайда?
Сәуле: Мүмкін киноға немесе дәмханаға бірге барамыз.
Динара: Ертең бара алмаймыз, бос уақытым жоқ.

Сәуле: Жақсы. Әдетте сен бос уақытыңда не істейсің?
Динара: Мен дүкен аралаймын, спортпен шұғылданамын. Бірақ ертең біраз жұмысым бар.
Сәуле: Жарайды! Онда мен киноға өзім барамын.
Динара: Жақсы демалыс болсын!
Сәуле: Рақмет!

10-тапсырма. Сөйлемді аяқтаңыз.
Ертең бос уақытың бар ма ?
Қайда барасың ?
Бос уақытым жоқ.
Спортпен шұғылданамын.
Онда мен киноға өзім барамын.

IX ТАРАУ
1-сабақ

2-тапсырма. Артық сөзді көрсетіңіз.
Азық-түлік, ~~**жоспар,**~~ келі, ет
~~**Ұн,**~~ сарымсақ, бұрыш, пияз
Қуыру, кесу, ~~**таңғалу,**~~ турау
Саңырауқұлақ, ~~**мамыр,**~~ қияр

3-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1. саңырауқұлақ	ә) жинау
2. ет	а) қуыру
3. бұрыш	г) себу
4. азық-түлік	б) алу
5. нан	в) турау

4-тапсырма. Жаңа тіркестер құраңыз.

пияз қуыру	нан турау
ет қуыру	ет турау
саңырауқұлақ қуыру	картоп турау

5- тапсырма. Оқыңыз. Толтырыңыз.

Әсем: Айым, сабағың нешеде бітеді?
Айым: Бестен он бес кеткенде.
Әсем: О, онда кешкі тамақты сен істеші. Қарным ашып тұр, мен 19:00-де келемін.
Айым: Не пісірейін, Әсем? Үйде ет бар ма?
Әсем: Ет бар, тоңазытқыштан ал. Сарымсақ, бұрыш , пияз бітті.
Айым: Жақсы, сатып аламын. Кешке көріскенше, құрбым!
Әсем: Рақмет!

6-тапсырма. Етістіктерді түрлендіріп, сөйлем құрастырыңыз.

Қажетті сөздер: қуырды, турады, бітті, көрді, жасады.
қуырды-қуырыпты
турады-турапты
бітті-бітіпті
көрді-көріпті
жасады-жасапты

7-тапсырма. Бұйрық рай жасаңыз.

Қажетті сөздер: істеу, бару, келу, айту, қарау, сөйлеу, алу
істейін-істе-істесін
барайын-бар-барсын
келейін-кел-келсін
айтайын-айт-айтсын

қарайын-қара-қарасын
сөйлейін-сөйле-сөйлесін
алайын-ал-алсын

9-тапсырма. Анықтаңыз.

Ақпарат	Шын	Жалған
Әсем сарымсақ, пияз, бұрыш сатып алды		+
Айым үйге келіп, тоңазытқышты ашты	+	
Қыздардың тоңазытқышында ет болмады	+	
Әсемнің қарны ашты	+	
Айым 1 келі саңырауқұлақ сатып алды	+	
Айым мен Әсем саңырауқұлақ қуырды		+

10-тапсырма. Оқиғаны ретімен жазыңыз.

Айым үйге келеді.
Ол тоңазытқышты ашады.
Саңырауқұлақ сатып алады.
Саңырауқұлақты қуырады.

11-тапсырма. Тыңдаңыз. Толтырыңыз.

- Кеш жарық, қызым, қалдарың қалай?
- Жақсы анашым, өзіңіз қалайсыз?
- Не істеп жатырсыңдар?
- Біз балабақшадан шықтық.
- Қызым, мен қуырдақ жасап жатырмын. Кешкі асқа бізге келіңдер.
- Жақсы болды! Барамыз! Мәдиге де айтайын.
- Күтеміз, қызым! Айтпақшы, салатқа саңырауқұлақ пен аскөк ала салшы.

- Жақсы, анашым! Тағы не керек?
- Ештеңе, рақмет, жаным!

12-тапсырма. Сұраққа жауап беріңіз.

1. Анасы қызына хабарласты.
2. Қызы балабақшадан шықты.
3. Анасы кешкі асқа шақырды.
4. Анасы кешкі асқа қуырдақ әзірлеп жатыр.
5. Қызы саңырауқұлақ пен аскөк сатып алады.

IX ТАРАУ
2-сабақ

2-тапсырма. Тыңдаңыз. Жазыңыз.

құлпынай
таңқурай
қарақат
өрік
мейіз
ботқа

3-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1. тамақ	а) пісіру
2. қатты	г) шөлдеу
3. палау	ә) жылыту
4. тары	б) ботқасы
5. құлпынай	в) жинау

5- тапсырма. Диалогті оқып, бос орындарды толтырыңыз.

Сайра: Саяжайың тамаша екен! Неше түрлі жеміс бар ғой!
Әлия: Сондай керемет емес, көршілердікі күшті!
Сайра: Неге?
Әлия: Оларда жеміс-жидектің түр-түрі бар: құлпынай, таңқурай, қарақат, өрік.
Сайра: Солай ма? Сенде құлпынай бар емес пе?
Әлия: Бар ғой, бірақ биыл дұрыс шықпады. Жылыжайым онша болмады.
Сайра: Қаап, жылда жақсы өнім алып жүрдің ғой.
Әлия: Иәә. Келесі жылы қолға аламын. Жылыжайды жөндеймін, дұрыс жылытпайды.
Сайра: Дұрыс! Іске сәт!

6-тапсырма. Ырықсыз етіс жасап, сөйлем құраңыз.

сату-сатылды
сатып алу-сатып алынды
дайындау-дайындалды
жөндеу-жөнделді
беру-берілді
жинай-жиналды
пісіру-пісірілді

7-тапсырма. Етістіктерді түрлендіріп, сөйлем құрастырыңыз.

сатты-сатады
қарады-қарайды
қабылдады-қабылдайды
жөндеді-жөндейді
берді-береді
жеткізді-жеткізеді

9-тапсырма. Кестені толтырыңыз.

Не?	Қандай?
алма жүзім құлпынай таңқурай қарақат жеміс-жидек баға	арзан балғын жақсы қымбат

11-тапсырма. Тыңдаңыз. Жауап жазыңыз.

1. Айгүл нөмірді көршісінен алды.
2. Айгүл 1 жәшік құлпынай, 1 жәшік таңқурай, 1 жәшік қарақат қалайды.
3. Жидектердің бір жәшігі 8 мың теңге тұрады.
4. Жидектердің таза салмағы - 4 келі.
5. Сатушының телефон нөмірі - 87471235000.
6. Айгүлдің мекенжайы - Бейбітшілік көшесі 47-үй, 2-пәтер.

IX ТАРАУ
3-сабақ

2-тапсырма. Артық сөзді табыңыз.

Жұмсақ, қатты, ~~**қымыз,**~~ арзан, қымбат.
Ысыту, қайнату, ~~**бауырсақ**~~, құю, кесу.
Сорпа, бауырсақ, шұжық, ~~жұмсақ.~~
Иіскеу, ысу, ~~**сорпа,**~~ құю, пісіру.

3-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1. тамақты	г) әкелу
2. сорпа	ә) ысыту
3. жұмсақ	в) нан
4. алманы	б) иіскеу
5. бауырсақ	а) пісіру

4-тапсырма. Жаңа тіркестер құрастырыңыз.

тамақ пісіру	қымыз құю
бауырсақ пісіру	сорпа құю
ботқа пісіру	шай құю

5- тапсырма. Диалогті оқып, бос орындарды толтырыңыз.

Бақыт: Ммм еттің иісі шығып тұр...
Әйгерім: Қане? А, иә, иә, иә, енді сезілді. Сорпа иісі.
Бақыт: Жүр, онда үйге кірейік, әжем қазақша ет пісірді.
Әйгерім: Солай ма? Ыңғайсыз болмай ма?
Бақыт: Жооқ, әжем сені таниды. Мен сен туралы айтып отырамын.
Әйгерім: Жақсы онда, үйге кірейік.
Бақыт: Айтпақшы, үйде қымыз да бар. Сен қымыз жақсы көресің бе?
Әйгерім: Иәә, жақсы көремін. Менің де әжем әрдайым қымыз сатып алады.

6-тапсырма. Болымсыз етістікке айналдырыңыз.

дайындау - дайындамау
келу - келмеу
жинау - жинамау

күту - күтпеу
айту - айтпау
кешігу - кешікпеу

7-тапсырма. Етістіктерді түрлендіріңіз, сөйлем құрастырыңыз.
Қажетті сөздер: хабарласу, апару, сөйлесу, дайындау, жинау.
хабарласу - хабарласпаймыз
апару - апармаймыз
сөйлесу - сөйлеспейміз
дайындау - дайындамаймыз
жинау - жинамаймыз

9-тапсырма. Отбасы мүшелерінің атқарған жұмысын жазыңыз.

Әкесі	Анасы	Балалары
- жеміс-жидек сатып алады - қымызға тапсырыс береді	- қазақша ет дайындайды - қазанға ет салады - қамыр жаяды	- үй жинайды

11-тапсырма. Тыңдаңыз. Сөйлемдерді аяқтаңыз.
1. Самал, мен дүкенге шығып барам.
2. Кешке қонақтар келеді, білесің ғой.
3. Қазір үйге кірген соң, етті қара.
4. Шамамен 15-20 минуттан кейін шұжықты сала ғой.
5. Ет жұмсақ боп пісуі керек.
6. Көп кешіксем, саған хабарласамын.
7. Дүкеннен тәттілер мен жеміс-жидек алып келемін.

12-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Анасы дүкенге барады.
2. Кешке қонақтар келеді.
3. Самалға анасы етті қарауды тапсырды.
4. Шұжықты 15-20 минуттан кейін салу керек.
5. Ет жұмсақ пісуі керек.
6. Анасы дүкеннен тәттілер мен жеміс-жидек әкеледі.

X ТАРАУ
1-сабақ

3-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1. қысқа	в) белдемше
2. алтын	д) алқа
3. жылы	а) қолғап
4. таза	б) жаға
5. ұсақ	ғ) түйме
6. ұзын	г) жең
7. былғары	ә) белдік

4-тапсырма. Сөйлем құрастырыңыз.

1. Мен киім дүкенінен түбіртек алмадым.
2. Кездесуге жібек белдемше мен қызғылт төпли кидім.
3. Ата-анам туған күніме алтын алқа сыйлады.
4. Күн қатты ыстық, сондықтан ұзын жең жейде іздедім.
5. Кеңесші сатып алушыларды жаңа топтамамен таныстырды.
6. Досым маған өзінің былғары белдігін сыйлады.
7. Биыл қыста мен бірнеше қолғап жоғалттым.

5- тапсырма. Диалогті оқып, бос орындарды толтырыңыз.

Айша: Аида, сәлем!
Аида: Сәлем, Айша!
Айша: Туған күніңмен құттықтаймын! Саған денсаулық, махаббат, ұзақ өмір тілеймін! Бақытты бол, құрбым!
Аида: Рақмет, жаным! Кешке сендерді күтемін. 19:00-де келіңдер, кешікпеңдер!
Айша: Иә, иә... Аида, қандай сыйлық қалайсың?
Аида: Ооо ... күшті сұрақ... мен ақша қалаймын. Жазғы киім алғым келеді. Онлайн дүкеннен жібек белдемшелер мен жейделер көрдім.
Айша: Иә, әрине. Түсіндім. Кешке кездескенше!
Аида: Көріскенше!

6-тапсырма. Етістіктерді нақ осы шақта қойыңыз.

1. Мен кездесуге тоқыма күрте мен былғары белдемше киіп жатырмын.
2. Аида алтын алқа тағып отыр.
3. Әпкем қысқы киімдерін арзан бағаға сатып жатыр.
4. Дүкендегі кеңесші клиенттерге киімдерді көрсетіп тұр.
5. Марат сауда орталығында күзгі аяққиім қарап жүр.

10-тапсырма. Шын/жалған екеніні анықтаңыз.

Ақпарат	Шын	Жалған
Аида туған күнін үйде тойлады	+	
Құрбылары оған ақшалай сыйлық берді	+	
Аида ұлттық киімдерді ұнатпайды		+
Аида инстаграмнан өзіне киім іздеді	+	
Аиданың өлшемі – 42-44	+	

Киімнің матасы – жібек, өлшемі – стандарт	+	
Киімдерді Астана бойынша жеткізу 1000 теңгеден басталады		+
Дүкен киімдерді өңірлерге поштамен жібереді	+	
Артық ақшаға Аида алқа сатып алады		+

X ТАРАУ
2-сабақ

3-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1. былғары	г) белбеу
2. жібек	а) жейде
3. жеңілдік	в) жасау
4. әтір	б) себу
5. ұсақ	ә) маржан

4-тапсырма. Сөйлем құрастырыңыз.

1. Апам көйлек тігу үшін базардан мата таңдады.
2. Ол құрбысының туған күніне жібек жейде киді.
3. Әкем маған қара түсті, былғары белбеу сатып алды.
4. Ұсақ маржандар әр жерге шашылды.
5. Досым бір жерге барса, көп әтір себеді.
6. Сатушы мерекеге орай белдемшеге жеңілдік жасады.

5- тапсырма. Диалогті оқып, бос орындарды толтырыңыз.

Әмір: Расул, менімен базарға барасың ба?
Расул: Базардан не алмақсың?

Әмір: Бір жарнама көргенмін, жеңілдктер болып жатыр екен.
Расул: Киім аласың ба?
Әмір: Былғары белдік керек еді. Сосын матасы жұмсақ, ыңғайлы жейде алғым келеді.
Расул: Түсінбедім, қазір шығамыз ба?
Әмір: Иә, ертерек барайық.
Расул: Қарсы емеспін, онда мен әтір қараймын, менікі бітті.
Әмір: Қара, қара, базарда саудаласуға болады.
Расул: Айтпақшы, қай базарға барамыз?
Әмір: Білмеймін, орталық базарға шығар.
Расул: Жақсы.

6-тапсырма. Реттік сан есімге айналдырыңыз.
Бес автобус – бесінші автобус
Он алты қатар – он алтыншы қатар
Алты мәтін – алтыншы мәтін
Екі жатақхана – екінші жатақхана
Жиырма үй – жиырмасыншы үй

11-тапсырма. Карта негізінде сұрақтарға жауап жазыңыз.
Орталық базар сағат 19:00-де жабылады.
Орталық базар Алаш тасжолында орналасқан.
Орталық базарға қойылған орташа баға - 4,8.
Орталық базардың жанында Шанхай базары бар.

12- тапсырма. Тыңдаңыз. Толтырыңыз.
Сатушы: Не іздедіңдер? Маржан, алқа ма? Келіңдер, бізде бәрі бар.
Клиент: Жооқ, маржан алқаның керегі жоқ, ағай!
Сатушы: Енді не? Киім? Аяққиім? Айта беріңдер, бәрі бар!
Клиент: Бізге әтір керек.

Сатушы: Әтір?! Ммм... осы жерден тура жүресіңдер, сосын солға бұрыласыңдар, 43-бутикте күшті әтірлер сатылады. Бағасын түсіріп береді.
Клиент: Шынымен жеңілдік жасай ма?
Сатушы: Иә, иә, Азамат ағайданбыз деп айтыңдар. Мен қазір сатушыға хабарласып қоямын.
Клиент: Жақсы болды ғой! Көп рақмет, ағай! Саудаңыз жүрсін!
Сатушы: Айтқандарың келсін, балалар!

13-тапсырма. Тыңдаңыз. Сөйлемдерді аяқтаңыз.
1. Нұрәли мен Расул 43-бутикке келді.
2. Расулға бірнеше әтір ұсынды.
3. Әтірлердің бағасы 15000 теңгеден басталады.
4. Ұлдар әтірлерді сеуіп көрді.
5. Бір жыл бұрын әпкесі Расулдың туған күніне Hugo boss әтірін сыйлаған.
6. Апай Расулға қалаған әтірді көрсетті.
7. Ұлдар базардан көңілді қайтты.

14-тапсырма. 13-тапсырма тыңдалымы бойынша сұраққа жауап беріңіз.
1. Нұрәли мен Расул 43-бутикке келді
2. Оларды ұзын бойлы, денелі, аққұба апай қарсы алды.
3. Расулға бірнеше әтір ұсынды.
4. Әтірлердің бағасы 15000 теңгеден басталады.
5. Әпкесі Расулдың туған күніне Hugo boss әтірін сыйлады.
6. Расул Hugo boss-ты іздеді.
7. Расул өзіне ұнайтын әтірді сатып алды.

X ТАРАУ
3-сабақ

3-тапсырма. Сөз тіркесін құраңыз.

1. соңғы	в) тауар
2. ақшыл	г) түс
3. акция	д) басталды
4. алтын	а) тағу
5. бағаны	ғ) салыстыру
6. ыңғайлы	б) жер
7. сатушымен	ә) саудаласу

4-тапсырма. Сөйлем құраңыз.

1. Мен досымның туған күніне былғары белдік сыйладым.
2. Ағам ақшыл түсті жейделерді ұнатады.
3. Ол алтын бұйымдарды сирек тағады.
4. Базарда сатушымен саудаласуға болады.
5. Біздің дүкенде жеңілдіктер акциясы басталды.
6. Күмістің бағасын басқа дүкендегі бағамен салыстырдым.
7. Екеуіміз кездесу үшін ыңғайлы жер таба алмадық.

5- тапсырма. Диалогті оқып, бос орындарды толтырыңыз.

Анасы: Қызым, бүгін кешке дүкен аралайық.
Қызы: Жақсы, анашым.
Анасы: Өзіме ақшыл көйлек алғым келеді.
Қызы: Орталықтағы дүкендерден қарайық, бағаларын салыстырайық.
Анасы: Саған да көйлек қарайық. Бірнеше зат алсақ, саудаласуға болады.
Қызы: Жақсы болды ғой, маған жазда киетін ыңғайлы көйлек керек.

9-тапсырма. Анықтаңыз.

Ақпарат	Шын	Жалған
Аға-жеңгесі киім дүкенін ашты.		+
Дүкен жаңа шағын ауданда орналасқан.	+	
Дүкенге көп адам келмейді.		+
Алтын сырға сатып алсаң, күміске жеңілдік жасайды.	+	
Дүкенде сары және ақ түсті алтындар сатылады.		+
Күміс бұйымдардың бағасы алтыннан арзанырақ.	+	
Оған күміс ұнайды.	+	
Ол алтын алқа, сырға тағады.		+
Бүгін – акцияның соңғы күні.	+	
Сатып алушылар сауда жасап жатыр.	+	

11-тапсырма. Тыңдаңыз. Толтырыңыз.

Аружан: Сәлем, қыздар! Қалайсыңдар?

Әсел: Сәлем, Аружан!

Даяна: Сәлем! Жақсымыз!

Аружан: Қыздар, сендерге бір жақсы жаңалығым бар. Аға-жеңгемнің дүкен ашқанын білесіңдер ғой. Бүгін дүкенге 1 жыл толды. Соған орай аға-жеңгем жеңілдік жасап жатыр.

Әсел: Қандай жеңілдік? Алтынды арзанға алуға бола ма?

Аружан: Иә, әрине! Алтынның 1 грамын жеңілдікпен 20 мыңға алуға болады.

Мысалы, сен 2 грамм алтын сақина сатып алсаң, 40 мың теңге ғана төлейсің.

Даяна: Жақсы ұсыныс! Алда 8 наурыз келе жатыр, сыйлыққа алуға болады.

Аружан: Базардағы бағамен салыстырғанда арзанға түседі. Базарда алтынның 1 грамы 25-27 мыңнан саудаланады.
Әсел: Иә, базарда қымбатырақ.
Аружан: Дүкеннің орналасқан жері де ыңғайлы, тура аялдаманың жанында. 7, 16, 24-автобустар жүреді.
Даяна: Мекенжайы қандай?
Аружан: Мекенжайы – Бейбітшілік көшесі, 27-үй, «Ақнұр» зергерлік дүкені. Келіңдер, күтеміз!
Әсел: Жақсы, барамыз!

XI ТАРАУ
1-сабақ

3-тапсырма. Сөз тіркесін құраңыз.

1. жеке	в) куәлік
2. қызметке	г) риза болу
3. жолақы	ғ) төлеу
4. кесте	д) жасау
5. жылдам	а) жүру
6. мұражайды	б) көру
7. оң	ә) жағалау

4-тапсырма. Сөйлем құраңыз.

1. Ұлым он алтыға толып, жеке куәлік алды.
2. Досымның үйі алыс, сол жағалауда тұрады.
3. Кейбір адамдар автобуста жолақыны төлемейді.
4. Мен пойыз қызметіне риза болдым.
5. Демалысты жоспарлау үшін кесте құру керек.

5-тапсырма. Толтырыңыз.

Әлихан: Сәлем, Мерей, кешіктің ғой! Қайда жүрсің?

Мерей: Сәлем, таксиді ұзақ күттім.
Әлихан: Жарайды, жылдам жүр, пойыз 10 минуттан соң жүреді, тез барайық!
Мерей: Мәссаған, аға, мен жеке куәлігімді қалдырып кетіппін. Енді не істеймін?
Әлихан: Уайымдама, Каспи қосымшасынан көрсетуге болады. Өткен жолы мен солай көрсеттім.
Мерей: Жақсы болды ғой! Міне, біздің вагонға да келдік. Жолаушылар көп екен.
Әлихан: Жаз мезгілі ғой енді. Ал мінейік онда, шабаданды маған бер.

6-тапсырма. Сөздерге жатыс септігін жалғаңыз. Сөйлем құраңыз.

орталық-орталықта-орталығында
жағалау-жағалауда-жағалауында
көл-көлде-көлінде
кесте-кестеде-кестесінде

7-тапсырма. Сын есім жасаңыз.

күз – күзгі	бұрын – бұрынғы	бүгін – бүгінгі
қыс – қысқы	биыл – биылғы	ертең – ертеңгі
көктем – көктемгі	былтыр – былтырғы	кеше – кешегі

9-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Жанар мен Дина демалыста Бурабайға барды.
2. Олар Астанадан Бурабайға пойызбен жетті.
3. Пойыз кестесі ыңғайлы болды.
4. Олар қонақүйге орналасты.
5. Жанар Динаға мұражайға баруды ұсынды.

6. Мұражай іші таза, кең.
7. Олар мұражайдан кейін жағалауға барды.
8. Жағалауда суға түсті.
9. Көлдің суы жылы, таза.

10-тапсырма. Тыңдаңыз. Кестені толтырыңыз.

Көрікті жерлер	**Сипаты (қандай?)**
Көктөбе	Әсем қала
Шымбұлақ	Тамаша табиғат, биік таулар, қарағай ағаштар
Арбат	Өте әдемі

11-тапсырма. Жауап жазыңыз.

1. Жан Алматы қаласымен таныстырды.
2. «Көктөбеге» арқан жолымен көтерілуге болады.
3. «Шымбұлақтың» табиғаты өте тамаша: биік таулар, қарағай ағаштар адамға керемет әсер сыйлайды.
4. Түнгі Алматыны көру үшін “Арбатқа” бару керек.
5. Келесі жолы Жан қысқы Алматы туралы айтады.

XI ТАРАУ
2-сабақ

3-тапсырма. Сөз тіркесін құраңыз.

1.төлқұжат	б) тексеру
2. мұхитта	ғ) жүзу
3. шекарадан	г) өту
4. хабарландыру	д) жасау
5. сапарға	ә) шығу
6. кәдесый	а) сатып алу
7. көшеде	в) адасу

4-тапсырма. Сөйлем құраңыз.

1. Әуежайда әрдайым төлқұжат тексереді.
2. Ыстанбұлда отбасымызбен теңізде демалдық.
3. Көшеде адасып, бір-бірімізді таппай қалдық.
4. Жолаушыларға ауа райы жайлы хабарландыру жасалды.
5. Әпкем шетелден қымбат кәдесыйлар сатып алды.

5-тапсырма. Толтырыңыз.

- Қайырлы күн!
- Қайырлы күн!
- Төлқұжатыңызды көрсетіңіз.
- Алыңыз.
- Малайзияға не үшін бара жатырсыз?
- Халықаралық конференцияға барамын.
- Неше күн боласыз?
- Үш күн.
- Жүгіңіз бар ма? Болса, тапсырыңыз.
- Иә, бар, мінекей. Жүкті ішке аламын.
- Жақсы, сапарыңыз сәтті болсын!
- Рақмет!

6-тапсырма. Тәуелдеңіз.

Менің төлқұжатым, жүгім, кәдесыйым
Сенің төлқұжатың, жүгің, кәдесыйың
Сіздің төлқұжатыңыз, жүгіңіз, кәдесыйыңыз
Оның төлқұжаты, жүгі, кәдесыйы
Біздің төлқұжатымыз, жүгіміз, кәдесыйымыз
Сендердің төлқұжаттарың, жүктерің, кәдесыйларың
Сіздердің төлқұжаттарыңыз, жүктеріңіз, кәдесыйларыңыз
Олардың төлқұжаттары, жүктері, кәдесыйлары

8-тапсырма. Оқыңыз. Кестені толтырыңыз.

Турдың ұзақтығы неше күн?	7 күн
Қонақүй қалай аталады?	STANDARD ROOM LAND VIEW
Қай қаладан ұшады?	Алматыдан
Ұшақ Алматыдан нешеде ұшады?	08:40-та
Тур неше адамға арналады?	2
Тамақтану түрі қандай?	3 рет тамақтану
Турдың бағасы қанша?	860 238 теңге
Турды онлайн сатып алуға бола ма?	иә

9-тапсырма. Мәтінді оқыңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Түркия әлемге демалыс орындарымен танымал.
2. Түркия демалушыларға тамаша көңіл күй сыйлайды.
3. Жазда Түркияның ауа райы +30...+35 °С ыстық.
4. Түркияның тағамдары өте дәмді.
5. Дәмханаларында керемет қызмет көрсетеді.
6. Базарлары мен дүкендерінен арзан киімдер мен кәдесыйлар сатып алуға болады.

12-тапсырма. Тыңдаңыз. Жазыңыз.

1. Ыстанбұл – әлемдегі ең ірі қалалардың бірі.
2. Бұл қалада 15 млн-нан астам адам өмір сүреді.
3. Ыстанбұл – Еуропадағы ең көп халқы бар қала.
4. Түркиядағы әрбір бесінші түрік осы қалада тұрады.
5. Ыстанбұлда көне ескерткіштер көп.
6. Қалаға келген әрбір турист алдымен Айя София және Сұлтан Ахмет мешіттеріне ат басын тірейді.
7. Мешіттер Ыстанбұлдың төрінде орналасқан.

13-тапсырма. Тыңдаңыз. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

Марат: Асхат, саған Ыстанбұлда не **ұнады**/қалады/тұрады?

Асхат: Маған Айя София кеші/**мешіті**/есігі ұнады. Айя София – Ыстанбұлдың символы. Мешіттің ғимараты өте әдемі, іші кең.

Марат: Маған Сұлтан Ахмет мешіті ұнады. Оның **тарихы**/теңізі/тынысы терең. 1603 жылы Осман империясында Ахмет бірінші сұлтан билікке келеді. Ол осы мешітті салдырады. 1616 жылы мешіт ыдысы/**құрылысы**/ауласы аяқталады.

Асхат: Солай ма? Бұл – мен үшін жаңа хабар/**ақпарат**/махаббат.

Марат: Ыстанбұлда халық көп. Мен Сұлтан Ахмет мешітінен шығып алыстым/қарастым/**адастым**. Босфор жағалауына жетіп, демалушылардан **көмек**/керек/қорек сұрадым.

Асхат: Иә, халық көп екен. Абайлап жүру керек!

XI ТАРАУ
3-сабақ

3-тапсырма. Сөз тіркесін құраңыз.

1. аралға	в) бару
2. мұхитты	а) көру
3. кешке	ә) серуендеу
4.суға	б) сүңгу

4-тапсырма. Сөйлем құраңыз.

1. Демалыс орны кішкентай аралда орналасқан.
2. Кешке құрбыммен көшеде біраз серуендедік.
3. Биыл өмірімде бірінші рет мұхитты көрдім.
4. Мен жүзу білмеймін, сол себепті суға сүңгімеймін.

5- тапсырма. Толтырыңыз.

- Ұлым, кел, су жып-жылы екен, суға түсейік!
- Әке, суға түскім келмейді, жай отырып демаламын.
- Онда өзің біл! Анаң мен қарындасыңа айтшы, олар суға түсе ме екен?
- Қазір.
- Әке, олар қазір келеді. Суы қалай?
- Керемет! Суға сүңгідім, суы тап-таза, мөлдір.
- Ой, қызығып кеттім ғой, онда мен де түсемін.
- Жарайсың, балам, келе ғой.

6-тапсырма. Жұрнақтарды дұрыс қойыңыз: *сондықтан, себебі, бірақ.*

1. Теңіздің суы жылы, бірақ тереңдеу екен.
2. Мұхиттың толқындары қатты, сондықтан жақын баруға болмайды.
3. Мен күнде кешке серуендеймін, себебі таза ауа денсаулыққа пайдалы.
4. Қызым жүзу біледі, сондықтан суға еркін сүңги алады.
5. Аралдың табиғаты керемет, сондықтан жиі барамын.

9-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Әйгерім мен Жайна Назарбаев Университетінде оқиды.
2. Былтыр олар “Work and Travel” бағдарламасы бойынша АҚШ-қа барды.
3. Қыздар АҚШ-та дәмханада жұмыс істеді және тіл үйренді.
4. Олар Калифорнияның Сан Диего қаласында тұрды.
5. Әйгерім мен Жайна қалған 15 күнді саяхатқа арнады.
6. Олар мұхит жағасында серуендеді.
7. Қыздар тікұшақпен аралға барды.

10-тапсырма. Тыңдаңыз. Толтырыңыз.

Ақнұр: Сәлеметсіз бе, сіз қазақсыз ба?

Гауһар: Сәлеметсіз бе, иә, қазақпын.

Ақнұр: Ооо, сізді көріп, қатты қуанып тұрмын. Менің атым – Ақнұр. Америкаға саяхаттап келдім.

Гауһар: Мен – Гауһармын. Мұнда оқуға келдім. Келгеніме бір жыл болды. Қалай, Америка сізге ұнап жатыр ма?

Ақнұр: Иәә, ұнап жатыр, әсіресе мұхит ұнайды. Мұхит жағасына серуендеуге күнде келемін.

Гауһар: Маған да мұхит ұнайды. Толқындары күш береді. Мен үшін керемет демалыс.

Ақнұр: Табиғаты, шынымен, тамаша! Алдыңгүні ағаммен аралға барып, жақсы демалдық. Гауһар, сіз бір жыл тұрдыңыз ғой, жергілікті халқы қандай екен?

Гауһар: Халқы ма? Халқы жақсы, ашық, көмек сұрасаң, әрқашан көмектеседі.

Ақнұр: Жақсы екен. Сіздің нөміріңізді жазып алайын. Хабарласып тұрайық.

Гауһар: Иә, әрине, қарсы емеспін.

XII ТАРАУ
1-сабақ

3-тапсырма. Сөз тіркесін құраңыз.

1. қол	г) шапалақтайды
2.тарихи	в) драма
3.театр	а) қойылымы
4.сахнада	ғ) ойнайды
5. жарықты	б) өшіру
6.көрермендер	д) риза болды
7.комедиялық	ә) кейіпкер

4-тапсырма. Сөйлем құраңыз.

1. Көрермендер риза болып, ұзақ қол шапалақтады.
2.Театр қойылымы тарихи оқиғаны көрсетті.
3. Мектеп оқушылары сахнада өнер көрсетті.
4. Қойылымға 2 минут қалғанда жарықты өшірді.
5. Маған комедиялық кейіпкер қатты ұнады.

5-тапсырма. Оқыңыз. Толтырыңыз.

Медет: Аян, қойылым не туралы екенін білесің бе?
Аян: Тарихи оқиға туралы екенін білемін. Ал сен білесің бе?
Медет: Білемін. Басты кейіпкер – Томирис. Тарихи оқиғадан айырмашылық болады, бұл қойылым ғой.
Аян: Иә, айырмашылық болады, дегенмен ортақ ақпарат көп болу керек.
Медет:Мен де солай ойлаймын.
Аян: Медет, қара, көрермен көп жиналыпты. Тура 19:00-де бастала ма?
Медет: Иә, телефонымызды өшіріп қояйық.
Аян: Жақсы.

6-тапсырма. Хабарландыруды оқыңыз. Жауап беріңіз.

1. Хабарландыруды Әзірбайжан Мәмбетов театры берген.
2. Театрдың YouTube арнасында 7 қойылым бар.
3. Қойылымдарды онлайн көруге болады.
4. Хабарландырудың аудиториясы - барлық адамдар.
5. Хабарландыру спектакльдер туралы ақпарат беру мақсатында берілген.

8-тапсырма. Етістіктерді түрлендіріп жазыңыз: *беру, алу, қарау, құрастыру, орындау.*

алу-алды-алынды-алынған

қарау-қарады-қаралды-қаралған
құрастыру-құрастырды-құрастырылды-құрастырылған
орындау-орындады-орындалды-орындалған

10-тапсырма. Анықтаңыз.

Ақпарат	Шын	Жалған
«Жастар» театры Астана қаласында орналасқан.	+	
«Жастар» театрының сайтында әртістер туралы ақпарат берілген.		+
Сұрақтарға жауап алу үшін 87172380108 нөміріне хабарласу керек.	+	
«Сұлу мен суретші» спектаклінің режиссері – Нұрқанат Жақыпбай.	+	
«Сұлу мен суретші» спектаклінің тақырыбы – махаббат.	+	
Қойылым кейіпкерлері – Сұлу мен Суретші.	+	
Қойылымның аннотациясы 5 сөйлеммен жазылған.	+	
«Өнер – махаббатқа кедергі емес», – дейді режиссер.		+

11-тапсырма. Сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Қойылым «Сұлу мен суретші» деп аталады.
2. Қойылымның режиссері – Нұрқанат Жақыпбай.
3. Спектакльдің ұзақтығы – 1 сағат 15 минут.
4. Спектакльдің тақырыбы – махаббат.
5. “Жастар театрына” 87172380108 нөмір арқылы хабарласуға болады.

12-тапсырма. Тыңдаңыз. Толтырыңыз.

1. Бүгін мектебіміздің жоғары сынып оқушылары театрда «Томирис» қойылымын тамашалады.
2. Оқушылар театр әртістерінің өнерін көрді.
3. Екі сағаттық қойылым тез өте шықты.
4. Кейіпкерлердің ойыны керемет!
5. Өзімді сол ғасырларда жүргендей сезіндім.
6. Бірнеше эмоциялар туындады: қорқыныш, мақтаныш, аяныш.
7. Әсіресе бас кейіпкер Томирис рөлі шынайы болды.
8. Дарынды әртіс екені сөзсіз.

XII ТАРАУ
2-сабақ

3-тапсырма. Сөз тіркесін құраңыз.

1. көркем	г) фильм
2. қойылымның	ә) соңы
3. пікір	а) айту
4. күлкілі	б) оқиға
5. сюжеттің	в) дамуы

5-тапсырма. Оқыңыз. Толтырыңыз.

Асылым: Қыздар, демалыста киноға барайық!
Мөлдір: Мен қарсы емеспін, барайық!
Назым: Мен де!
Асылым: Комедияға барайық, қыздар. Күлкілі оқиға көргім келеді. Қазір кинотеатрларда не жүріп жатыр?
Назым: Ғаламтордан қарайық. Қазақша комедиялар болу керек.
Мөлдір: Кинолар жайлы пікірлерді оқиық, сонда таңдау жеңілдеу болады.

Асылым: Келісемін. Өткен жолы барған фильмнің басы қызық болды, бірақ соңы ұнаған жоқ.
Назым: Қыздар, таптым! Нұрлан Қоянбаевтың жаңа фильмі шығыпты. Пікірлер жақсы. Барамыз ба?
Асылым: Иәә, барайық!

6- тапсырма. Афишаны оқыңыз, сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Фильм «Жабайы робот» деп аталады.
2. Фильм Open Sky cinema-да көрсетіледі.
3. Фильм 20:00-де басталады.
4. Фильмге билет 3000 теңге тұрады.
5. Бұл хабарландыруды 97 адам қарады.

7-тапсырма. Сын есім жасаңыз: *күлкі, қорқыныш, өнер, дарын, білім, ақыл, мәдениет, әдеп.*

күлкі-күлкілі
қорқыныш-қорқынышты
өнер-өнерлі
дарын-дарынды
білім-білімді
ақыл-ақылды
мәдениет-мәдениетті
әдеп-әдепті

9-тапсырма. Жауап жазыңыз.

1. Оқиға сенбі күні болды.
2. Отбасының ойы кино көру болды.
3. Анасы мен қызы комедия жанрындағы фильм көргісі келді.
4. Әкесі мен ұлы драма көргісі келді.
5. Анасы мен қарындасы кинотеатрға комедия көруге барды. Әкесі мен ұлы қылмыстық драма көрді.

11-тапсырма. Тыңдаңыз. Толтырыңыз.

1. Мен әртүрлі киноларды көремін.
2. Кинотеатрларда жаңа комедия шықса, міндетті түрде барамын.
3. Оқиғалардың дамуы да қызық.
4. Мен үшін сюжет қызық болуы керек.
5. Мен көркем фильм көремін.
5. Әртістердің киімдері, ғимарат дизайны керемет.
6. Қазіргі фильмдердің көбі комедия, ал мен тарихи фильмдерді жақсы көремін.
7. Режиссер болсам, қазақ тарихы туралы фильмдер түсірер едім.

12-тапсырма. Толтырыңыз.

Кім нені ұнатады?	Комедия	Фантастика	Көркем фильм	Тарихи фильм
Асыл	+			
Руслан		+		
Айдана			+	
Нұргүл				+

XII ТАРАУ
3-сабақ

1. табиғи	в) дауыс
2. жүлдеге	д) ие болу
3. қазылар алқасы	а) бағалайды
4. өнерді	ғ) сүю
5. байқауға	г) қатысу
6. әншілерді	б) марапаттады
7. белгілі	ә) ақын

5-тапсырма. Оқыңыз. Толтырыңыз.

Тілші: Қайырлы кеш, Аружан! Тікелей эфирге қош келдіңіз!

Аружан: Қайырлы кеш, Мақпал ханым, рақмет!

Тілші: Аружан, сіз жақында халықаралық байқауға қатысып, бас жүлде алдыңыз. Осы жайлы толығырақ айтып өтсеңіз.

Аружан: Мен Берлинде өткен халықаралық әншілер байқауына қатыстым. Байқауға әр елден 38 адам қатысты. Қатысушылар - өте дарынды әншілер. Олардың әндері маған ұнады.

Тілші: Қазылар алқасы нені бағалады?

Аружан: Дауысты, орындауды, жеке стильді бағалады.

Тілші: Сіз қандай ән орындадыңыз?

Аружан: Мен Димаш айтатын халық әні «Дайдидауды» орындадым.

Тілші: Тамаша! Сізді жеңісіңізбен құттықтаймын! Жетістіктер тілеймін!

Аружан: Көп рақмет!

6-тапсырма. Жалқы есімдерді топтастырыңыз.

Адам аты	**Жер атауы**	**Сайт, газет-журнал, өлең, ән атттары**
Димаш Құдайберген	Ыстанбұл	«Адырна» ұлттық порталы
Халук Левент	Түркия	«Дүрдараз»
Бурак Йетер	Азия	
	Еуропа	

7-тапсырма. Етістіктерді ауыспалы осы шақта түрлендіріп жазыңыз.

Хабарлау, ие болу, жиналу, сөйлеу, бастау, жеткізу, көрсету.

хабарлау-хабарлайды

ие болу-ие болады
жиналу-жиналады
сөйлеу-сөйлейді
бастау-бастайды
жеткізу-жеткізеді
көрсету-көрсетеді

9-тапсырма. Анықтаңыз.

Ақпарат	Шын	Жалған
Димаш Құдайберген туған күнін Ыстанбұлда атап өтті.		+
Димаштың концертін көру үшін әлемнің көптеген елдерінен жанкүйерлер жиналды.	+	
Ыстанбұлдағы 42500 орындық «Бешикташ» стадионы адамға толды.	+	
Димаш әндерін тек қазақ тілінде айтты.		+
Димаш шетелдік жанкүйерлермен ағылшын тілінде сөйлесті.	+	
Димашпен бірге түрік әншілері де өнер көрсетті.	+	
Сахнада түрлі аспаптар ойналды.	+	
Концерт басында Димаш заманауи өңдеуде «Дүрдараз» әнін орындады.		+
Жаңа стильдегі қазақ халық әні көрермендерге ұнады.	+	

11-тапсырма. Тыңдаңыз. Бос орындарды толтырыңыз.

1. Мен сіздің Қазақстанда өтетін концертіңізге Германиядан арнайы ұшып келдім.

2. Жаңа елге бару қорқынышты болды, бірақ мен сізді көргім келді.
3. Сізді алғаш рет Қытайдағы ән байқауында онлайн тыңдадым.
4. Қазылар алқасы әділ бағасын берді, қатты риза болдым.
5. Сіздің дауысыңыз – ерекше табиғи дауыс.
6. Қазақ ақындары тамаша өлеңдер жазады екен.
7. Сізбен әлемнің барлық сазгерлері жұмыс істеуді қалайды деп ойлаймын.

I ТАРАУ
1-сабақ

1-тапсырма. Тыңдаңыз.

Менің атым - ...	Сенің атың кім?	Танысқаныма қуаныштымын!	Қалың қалай?
тамаша	жақсы	жаман емес	жаман

3-тапсырма. Тыңдаңыз, сөйлем құраңыз.

1. сендер
2. сіздер
3. олар
4. бәрі
5. әне
6. міне

I ТАРАУ
2-сабақ

1-тапсырма. Тыңдаңыз. Жазыңыз.

танысып қойыңыз	дос	әріптес	құрбы
тек (тегі)	кісі	әйел	ер адам

2-тапсырма. Тыңдаңыз. Толықтырыңыз.

Бота: Танысып қойыңыз. Бұл менің құрбым – Жадыра.
Жұпар: Танысқаныма қуаныштымын. Менің атым – Жұпар.
Жадыра: Мен де қуаныштымын.
Бота: Менің құрбым – мұғалім.
Жұпар: Оо, тамаша, әріптес екенбіз.
Бота: Иә, Жадыра – сіздің әріптесіңіз.
Жұпар: Керемет.

I ТАРАУ
3-сабақ

1-тапсырма. Тыңдаңыз. Қайталаңыз.

міне	қажет	шаш сәндеу	пост салу
парақша	блог жүргізу	рилс түсіру	шана/шаңғы/доп тебу

3-тапсырма. Тыңдаңыз. Білмейтін сөздерді жазыңыз.

1-диалог
- Сенің атың кім?
- Атым – Қайрат.

2-диалог
- Сенің тегің кім?
- Тегім – Асанов.

3-диалог
- Әлеуметтік желіде парақшаң бар ма?
- Иә, парақшам бар.

4-диалог
- Сен блог жүргізесің бе?
- Жоқ, блог жүргізбеймін.

5-диалог
- Соңғы рет қашан пост салдың?
- Кеше ғана пост салдым.

6-диалог
- Бұл кім?
- Бұл – менің әріптесім.

7-тапсырма. Аудионы тыңдап ретімен қойыңыз.

1-диалог
- Сен бос уақытыңда не істейсің?
- Мен шаңғы тепкенді жақсы көремін.

2-диалог
Танысып қойыңыз, бұл менің құрбым – Айман. Айман – жақсы блогер. Ол күнде пост салады.

3-диалог
- Қайырлы күн! Өзіңізді таныстырыңыз.
- Қайырлы күн! Менің есімім – Әсел. Тегім – Мұрат. Мен жиырма жастамын.

4-диалог
- Сәлеметсіз бе! Танысып қойыңыз. Бұл – менің әріптесім. Оның аты – Жайна.
- Танысқаныма қуаныштымын.

5-диалог
- Біз сабақта рилс түсірдік. Кейін рилсті парақшамызға жүктедік.

II ТАРАУ
1-сабақ

1-тапсырма. Тыңдаңыз. Жазыңыз.

немере	қонақжай	қарапайым	ерке
ұялшақ	ақкөңіл	үйлену	тұрмысқа шығу

5-тапсырма. Тыңдаңыз. Сәйкестендіріңіз.

1. Менің отбасым – тату.
2. Сенің ағаң мектепте оқиды.
3. Ермектің інісі балабақшаға барады.
4. Менің анам – өте мейірімді.
5. Сенің әпкең спортты жақсы көре ме?
6. Алма әженің немересі бар.
7. Отбасымызбен саябақта демаламыз.
8. Сенің ағаң қашан үйленеді?

II ТАРАУ
2-сабақ

9-тапсырма. Тыңдаңыз, толықтырыңыз.

- Сәлем, туған күнге не сыйлауға болады? - Тосынсый жасаңыз.
- Ертең Әмірдің туған күні. Достар, не істейміз? - Әмір көп кітап оқиды. Оған қызықты кітап сыйлайық.
- Мен жаңа үйге көшіп жатыр едім, уақытым болмай тұр. - Мен сізге көмектесейін.
- Мұғалім, мына тапсырманы қалай орындайын? - Дәптерге көшіріп жазыңыз.
- Ертең мерекеде демаламыз ба? - Жоқ, ертең барлығы жұмысқа келсін.

III ТАРАУ
1-сабақ

1-тапсырма. Оқыңыз, тыңдаңыз.

ғимарат	көпір	көпқабатты
дүниежүзі	кептеліс	қонақжай
ықшамаудан	аралау	армандау
даңғыл	жол белгісі	мемлекет

5-тапсырма. Тыңдаңыз. Қажетті сөздермен толықтырыңыз.

Ханшайым: Қайырлы күн, анашым!
Анасы: Сәлем, Ханшайым!
Ханшайым: Анашым, сізден бірдеңе сұрауға бола ма?
Анасы: Әрине, қызым, сұра.
Ханшайым: Анашым, сіздің арманыңыз бар ма?
Анасы: Ой, қызым, армандарым көп қой. Мысалы, мен дүниежүзін аралығым келеді.
Ханшайым: Солай ма, өте қызық. Сіз бұрын айтпадыңыз ғой?
Анасы: Иә, балам. Бірақ енді саған айтып тұрмын.
Ханшайым: Жақсы, бірінші қай елге барғыңыз келеді?
Анасы: Мысалы, Түркияға. Онда өте ескі ғимараттар көп. Маған әр елдің тарихы өте қызық.
Ханшайым: Иә, мен сізбен келісемін.

III ТАРАУ
2-сабақ

1-тапсырма. Оқыңыз, тыңдаңыз.

ыдыс	таба	сөре
кесе	жайлы	орамал

тоңазытқыш	бұрыш	шаңсорғыш
тазалау	жуу	сүрту

7-тапсырма. Тыңдаңыз. Толықтырыңыз.

Анасы: Қалың қалай, балам, не істеп жатырсың?

Бота: Қайырлы кеш, анашым! Мен асүйдемін. Інім қонақ бөлмеде ойнап отыр.

Анасы: Тоңазытқышты тазаладың ба?

Бота: Иә, тазаладым. Бірақ сөренісүртуді ұмытып кетіппін.

Анасы: Жарайды, оны өзім сүртемін. Кесені жудың ба?

Бота: Қай кесені?

Анасы: Сөреде тұрған кесені. Ал табаны жудың ба?

Бота: Табаны да, кесені де жудым. Қазір шаңсорғышпен еденді тазалаймын.

Анасы: Жарайсың, балам! Үйдің таза болғаны жақсы.

Бота: Жақсы, анашым!

IV ТАРАУ
1-сабақ

5-тапсырма. Тыңдаңыз, толықтырыңыз.

Құрметті Джон мырза!

Мен, Ақбота Мұратқызы, мектепті бітірген соң жоғары білім алғым келеді. Менің арманым – шетелде оқып, химияны балаларға үйрету. Мен осы оқу орнына түсуге өтініш толтырдым. Себебі сіздердің университеттеріңіз химияны өте жақсы оқытады. Емтихандарды сәтті тапсырдым, келесі айда сұхбат беру жоспарланған. Сізден өтінішімді қарап, маған мүмкіндік беруіңізді сұраймын.

Ізгі ниетпен, Ақбота Мұратқызы

IV ТАРАУ
2-сабақ

2-тапсырма. Тыңдап, сәйкестендіріңіз.

Дәрісхана – студенттерге арналған оқу бөлмесі

Ағылшын тілі – халықаралық қарым-қатынас тілі

Әдебиет – көркем шығармалар

Жазбаша – қолмен немесе компьютермен жазу

Ауызша – сөйлеу түрі

Үйірме – қосымша білім

Ақпарат – жаңа мәлімет

V ТАРАУ
1-сабақ

1-тапсырма. Тыңдаңыз, жазыңыз.

еңбек	тәрбиеші	танымал
аспаз	маман	дайындау
суретші	хатшы	іздеу
ән айту	жұмыс істеу	сатушы

3-тапсырма. Тыңдаңыз. Толықтырыңыз.

Гүлжан: Сәлем! Қалың қалай?

Айғаным: Сәлем! Жақсы. Өзіңнің қалың қалай?

Гүлжан: Жаман емес. Қайда жұмыс істеп жүрсің?

Айғаным: Ой, құрбым, мен жаңа жұмыс іздеп жүрмін.

Гүлжан: Рас па? Сен бұрын қайда жұмыс істедің?

Айғаным: Мен мейрамханада аспаз болып он жыл жұмыс істегенмін. Бірақ қазір басқа жұмыс іздеп жүрмін.

Гүлжан: Бір жерде он жыл істесең, жақсы мамансың ғой. Қазір қандай жұмыс іздеп жүрсің?
Айғаным: Қазір басқа салада жұмыс істегім келеді.
Гүлжан: Аспаздықтан басқа не істей аласың?
Айғаным: Бұрын сатушы болғанмын. Адамдармен тез тіл табысамын. Маған клиенттермен жұмыс істеген ұнайды.
Гүлжан: Жақсы, мен біздің жұмыста бос орын болса сұрап көрейін.
Айғаным: Көп рақмет!
Гүлжан: Кездескенше.

V ТАРАУ
2-сабақ

3-тапсырма. Тыңдаңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.
Арайлым – жеке кәсіпкер. Ол зейнеткерлер мен науқас адамдарға қызмет көрсетеді. Оның мақсаты – адамдарға көмектесу. Мысалы, зейнеткер үйден шыға алмаса, үйге азық-түлік әкеліп береді. Науқас адамның пеші бұзылса, үйге шебер шақыртады. Арайлымның барлық жұмысы жоспарланған. Бірақ кейбір жағдайда шұғыл жұмыстар да болады. Бұл кезде ол жақсы басшы ретінде барлығын реттеуге тырысады.

VI ТАРАУ
1-сабақ

1-тапсырма. Тыңдаңыз. Сәйкестендіріңіз.

тұмау тию	кеңес	арқа
анықтама	қан	бауыр
бүйрек	жүрек	өкпе
науқас	жолдама	жөтел

3-тапсырма. Тыңдап, толықтырыңыз.

Науқас: Сәлеметсіз бе, үйге дәрігер шақырайын деп едім.
Оператор: Сәлеметсіз бе, қандай шағымдарыңыз бар?
Науқас: Менің қызуым көтеріліп тұр. Тұмау тиген сияқты.
Оператор: Дене қызуыңыз қанша?
Науқас: Бүгін 39 градус болды. Жөтеліп жатырмын.
Оператор: Жақсы, мекенжайыңыз қандай?
Науқас: Тұран даңғылы 28, 18-пәтер, 5-кіреберіс, 2-қабат.
Оператор: Жақсы, күтіңіз.
Науқас: Жақсы.

VI ТАРАУ
2-сабақ

6-тапсырма. Тыңдаңыз, толтырыңыз.

Дәрия: Сәлем! Сен спортпен айналысасың ба?
Бақыт: Сәлем! Иә, мен спортпен шұғылданамын. Сұлу болғың келсе, спортпен айналысу керек деп ойлаймын. Бұрын мен толық болатынмын, көп ауыратынмын. Қазір денсаулығым жақсы, себебі мен спортпен шұғылданамын.
Дәрия: Дұрыс айтасың. Бірақ тек спортпен шұғылдану жеткілікті ме?
Бақыт: Жоқ, дұрыс тамақтану да маңызды. Бұрын мен ұн тағамдары мен тәттіні көп жейтінмін. Бірақ қазір дұрыс тамақтанамын, көкөніс пен жеміс-жидек көп жеймін.
Дәрия: Рас, дұрыс тамақтанбаудың да денсаулыққа кесірі тиеді.
Бақыт: Иә, спорт пен дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі.
Дәрия: Өте дұрыс, мен сені қолдаймын.
Бақыт: Рақмет, құрбым.

VII ТАРАУ
1-сабақ

12-тапсырма. Тыңдаңыз, кестені толтырыңыз.
https://www.youtube.com/watch?v=YPqjBZoqA8c&list=PLPLVF6XP2rHVmA5zGHQIU1RbH31lZwZz2&index

VII ТАРАУ
2-сабақ

10-тапсырма. Тыңдаңыз. Толықтырыңыз.
Саят ақ күшікті үйіне алып келді. Машинадан түскен соң күшікті аулаға жіберді. Ақ күшік айналаға қарады да қора жаққа жүгірді. Саят оның соңынан барды. Қораның жанында қозы мен бота жатыр еді. Ақ күшік секіріп, қозы мен ботаға жақындады. Олар күшіктен қорқып қашты. Қаз-үйректер де шулады. Саят оларға күліп қарады.

VII ТАРАУ
3-сабақ

9-тапсырма. Тыңдаңыз. Жазыңыз.
- Арлан, саған хайуанаттар бағы ұнады ма?
- Иә, ұнады. Әсіресе қоңыр қонжық... оййй... сондай тәтті!
- Ал маған онша ұнаған жоқ. Кей жануарларды аядым. Сол қоңыр қонжықтың енесі аю ше... маған мұңды көрінді.
- Солай ма?! Мүмкін...
- Ойлашы, сені әкеп торға қамап қойса, қалай болады? Тар жерде, табиғи орта жоқ, аянышты...
- Ой, Аружан, енді олар аңдар емес пе?
- Сол ғой, аңдар! Аңдар табиғатта өмір сүру керек!
- Білмеймін, тіпті ойланып көрмеппін.

VIII ТАРАУ
1-сабақ

2-тапсырма. Тыңдаңыз. Жазыңыз.
биыл
күнтізбе
бүрсігүні
алдыгүні
кезең
былтыр

9-тапсырма. Тыңдаңыз. Толықтырыңыз.
Баласы: Алақай, мен «Болашақ» халықаралық стипендиясын жеңіп алдым!
Анасы: Қандай керемет жаңалық, құлыным!
Әкесі: Құтты болсын, балам, жарайсың! Туыстарды кешке қонаққа шақырайық.
Анасы: Әрине, мен кешкі ас дайындайын.
Әкесі: Ал бүрсігүні достарыңды үйге шақыр, балам.
Баласы: Жақсы, әке, көп рақмет. Биыл жақсы жаңалық көп болды!
Әкесі: Иә, солай.

VIII ТАРАУ
2-сабақ

2-тапсырма. Тыңдаңыз. Жазыңыз.
тоқсан
мерзім
шұғылдану
біраз
алғашқы
бос уақыт

9-тапсырма. Тыңдаңыз. Толтырыңыз.

Сәуле: Сәлем, Динара, ертең бос уақытың бар ма?
Динара: Сәлем, Сәуле, жоқ, бос емеспін. Неге сұрадың?
Сәуле: Жай, бір жерге барайық деп едім.
Динара: Қайда?
Сәуле: Мүмкін киноға немесе дәмханаға бірге барамыз.
Динара: Ертең бара алмаймыз, бос уақытым жоқ.
Сәуле: Жақсы. Әдетте сен бос уақытыңда не істейсің?
Динара: Мен дүкен аралаймын, спортпен шұғылданамын. Бірақ ертең біраз жұмысым бар.
Сәуле: Жарайды! Онда мен киноға өзім барамын.
Динара: Жақсы демалыс болсын!
Сәуле: Рақмет!

IX ТАРАУ
1-сабақ

11-тапсырма. Тыңдаңыз. Толтырыңыз.

- Кеш жарық, қызым, қалдарың қалай?
- Жақсы анашым, өзіңіз қалайсыз?
- Не істеп жатырсыңдар?
- Біз балабақшадан шықтық.
- Қызым, мен қуырдақ жасап жатырмын. Кешкі асқа бізге келіңдер.
- Жақсы болды! Барамыз! Мәдиге де айтайын.
- Күтеміз, қызым! Айтпақшы, салатқа саңырауқұлақ пен аскөк ала салшы.
- Жақсы, анашым! Тағы не керек?
- Ештеңе, рақмет, жаным!

IX ТАРАУ
2-сабақ

2-тапсырма. Тыңдаңыз. Жазыңыз.

құлпынай	өрік	шөлдеу
таңқурай	мейіз	ботқа
қарақат		

11-тапсырма. Тыңдаңыз. Жауап жазыңыз.

- Алло...
- Сәлеметсіз бе! Мен – Айгүлмін. Сіздің нөміріңізді көршім беріп еді. Сіз жеміс-жидек сатасыз ба?
- Саламатсың ба, иә! Не қалайсың?
- Маған 1 жәшік құлпынай, 1 жәшік таңқурай, 1 жәшік қарақат керек.
- Бүгін ғана оңтүстіктен балғын жеміс-жидек келді. Бәрі бар.
- Бағасы қанша болады, апай?
- Жәшігі 8 мыңнан, таза салмағы – 4 келідей.
- Жақсы, сонда 24 мың жіберемін бе сізге?
- Иә, қазір нөмір айтамын. Соған жібер, қызым, 87471235000.
- Рақмет, апай, ақшаны жібердім. Мекенжайым – Бейбітшілік көшесі 47-үй, 2-пәтер.
- Жақсы, қызым, кешке жеткіземіз.
- Сау болыңыз!
- Сау бол!

IX ТАРАУ
3-сабақ

11-тапсырма. Тыңдаңыз. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Самал, мен дүкенге шығып барам. Кешке қонақтар келеді, білесің ғой. Сен қазір үйге кірген соң, етті қара. Ол ақырын қайнап жатыр. Шамамен 15-20 минуттан кейін шұжықты сала

ғой. Ұмытпа, бір қайнаған соң астын жайлатып қой. Қатты қайнамасын. Ет жұмсақ боп пісуі керек. Көп кешіксем, саған хабарласамын. Саған сендім, қызым. Тез келуге тырысамын. Дүкеннен тәттілер мен жемістер алып келемін.

X ТАРАУ
2-сабақ

12-тапсырма. Тыңдаңыз. Толтырыңыз.

Сатушы: Не іздедіңдер? Маржан, алқа ма? Келіңдер, бізде бәрі бар.

Клиент: Жооқ, маржан алқаның керегі жоқ, ағай!

Сатушы: Енді не? Киім? Аяққиім? Айта беріңдер, бәрі бар!

Клиент: Бізге әтір керек.

Сатушы: Әтір?! Ммм... осы жерден тура жүресіңдер, сосын солға бұрыласыңдар, 43-бутикте күшті әтірлер сатылады. Бағасын түсіріп береді.

Клиент: Шынымен жеңілдік жасай ма?

Сатушы: Иә, иә, Азамат ағайданбыз деп айтыңдар. Мен қазір сатушыға хабарласып қоямын.

Клиент: Жақсы болды ғой! Көп рақмет, ағай! Саудаңыз жүрсін!

Сатушы: Айтқандарың келсін, балалар!

13-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Нұрәли мен Расул 43-бутикке келді. Оларды ұзын бойлы, денелі, аққұба бір апай қарсы алды. Расулға бірнеше әтір ұсынды. Әтірлердің бағасы 15000 теңгеден басталады. Ұлдар әтірлерді сеуіп көрді. Бәрінің де иісі жақсы көрінеді. Таңдау оңай болмады. Бір жыл бұрын әпкесі Расулдың туған күніне Hugo boss әтірін сыйлаған. Сол иісті іздеді. Апай Расул қалаған әтірді көрсетті. Бағасы қымбаттау болса да өзіне ұнайтын әтірді сатып алды. Ұлдар базардан көңілді қайтты.

X ТАРАУ
3-сабақ

11-тапсырма. Тыңдаңыз. Толтырыңыз.

Аружан: Сәлем, қыздар! Қалайсыңдар?
Әсел: Сәлем, Аружан!
Даяна: Сәлем! Жақсымыз!
Аружан: Қыздар, сендерге бір жақсы жаңалығым бар. Аға-жеңгемнің дүкен ашқанын білесіңдер ғой. Бүгін дүкенге 1 жыл толды. Соған орай аға-жеңгем жеңілдік жасап жатыр.
Әсел: Қандай жеңілдік? Алтынды арзанға алуға бола ма?
Аружан: Иә, әрине! Алтынның 1 грамын жеңілдікпен 20 мыңға алуға болады.
Мысалы, сен 2 грамм алтын сақина сатып алсаң, 40 мың теңге ғана төлейсің.
Даяна: Жақсы ұсыныс! Алда 8 наурыз келе жатыр, сыйлыққа алуға болады.
Аружан: Базардағы бағамен салыстырғанда арзанға түседі. Базарда алтынның 1 грамы 25-27 мыңнан саудаланады.
Әсел: Иә, базарда қымбатырақ.
Аружан: Дүкеннің орналасқан жері де ыңғайлы, тура аялдаманың жанында. 7, 16, 24-автобустар жүреді.
Даяна: Мекенжайы қандай?
Аружан: Мекенжайы – Бейбітшілік көшесі, 27-үй, «Ақнұр» зергерлік дүкені. Келіңдер, күтеміз!
Әсел: Жақсы, барамыз!

XI ТАРАУ
1-сабақ

10-тапсырма. Тыңдаңыз. Кестені толтырыңыз.

Сәлем, достар! Менің атым – Жан. Менің Ютуб арнама қош келдіңіздер! Бүгін мен сіздерді Алматының көрікті жерлерімен

таныстырамын. Ендеше кеттік!
Ең бірінші, «Көктөбе» туралы айтқым келеді. «Көктөбеге» арқан жолымен көтерілсеңіз, әсем қаланы жоғарыдан көре аласыз. Одан кейін міндетті түрде «Шымбұлаққа» барыңыздар. Табиғаты өте тамаша: биік таулар, қарағай ағаштар адамға керемет әсер сыйлайды. Әдемі жерлерде фотоға түсе аласыз.
Түнгі Алматыны көру үшін «Арбатқа» барыңыздар. Жаяу серуендеуге болады. Ол жер де өте әдемі.
Достар, бұл – жазғы Алматы туралы шағын ақпарат. Ал қысқы Алматы туралы келесі жолы айтып беремін. Сау болыңыздар!

XI ТАРАУ
2-сабақ

12-тапсырма. Тыңдаңыз. Жазыңыз.
Ыстанбұл – әлемдегі ең ірі қалалардың бірі. Бұл қалада 15 млннан астам адам өмір сүреді. Ыстанбұл – Еуропадағы ең көп халқы бар қала. Түркиядағы әрбір бесінші түрік осы қалада тұрады. Ыстанбұлда көне ескерткіштер көп. Қалаға келген әрбір турист алдымен Айя София және Сұлтан Ахмет мешіттеріне ат басын тірейді. Мешіттер Ыстанбұлдың төрінде орналасқан.

13-тапсырма. Тыңдаңыз. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.
Марат: Асхат, саған Ыстанбұлда не **ұнады**/қалады/тұрады?
Асхат: Маған Айя София кеші/**мешіті**/есігі ұнады. Айя София – Ыстанбұлдың символы. Мешіттің ғимараты өте әдемі, іші кең.
Марат: Маған Сұлтан Ахмет мешіті ұнады. Оның **тарихы**/теңізі/тынысы терең. 1603 жылы Осман империясында Ахмет бірінші сұлтан билікке келеді. Ол осы мешітті салдырады. 1616 жылы мешіт ыдысы/**құрылысы**/ауласы аяқталады.
Асхат: Солай ма? Бұл – мен үшін жаңа хабар/**ақпарат**/махаббат.

Марат: Ыстанбұлда халық көп. Мен Сұлтан Ахмет мешітінен шығып алыстым/қарастым/**адастым**. Босфор жағалауына жетіп, демалушылардан **көмек**/керек/қорек сұрадым.
Асхат: Иә, халық көп екен. Абайлап жүру керек!

XI ТАРАУ
3-сабақ

10-тапсырма. Тыңдаңыз. Толтырыңыз.

Ақнұр: Сәлеметсіз бе, сіз қазақсыз ба?
Гауһар: Сәлеметсіз бе, иә, қазақпын.
Ақнұр: Ооо, сізді көріп, қатты қуанып тұрмын. Менің атым – Ақнұр. Америкаға саяхаттап келдім.
Гауһар: Мен – Гауһармын. Мұнда оқуға келдім. Келгеніме бір жыл болды. Қалай, Америка сізге ұнап жатыр ма?
Ақнұр: Иәә, ұнап жатыр, әсіресе мұхит ұнайды. Мұхит жағасына серуендеуге күнде келемін.
Гауһар: Маған да мұхит ұнайды. Толқындары күш береді. Мен үшін керемет демалыс.
Ақнұр: Табиғаты, шынымен, тамаша! Алдыңғүні ағаммен аралға барып, жақсы демалдық. Гауһар, сіз бір жыл тұрдыңыз ғой, жергілікті халқы қандай екен?
Гауһар: Халқы ма? Халқы жақсы, ашық, көмек сұрасаң, әрқашан көмектеседі.
Ақнұр: Жақсы екен. Сіздің нөміріңізді жазып алайын. Хабарласып тұрайық.
Гауһар: Иә, әрине, қарсы емеспін.

XII ТАРАУ
1-сабақ

12-тапсырма. Тыңдаңыз. Толтырыңыз.

Автор: Бүгін мектебіміздің жоғары сынып оқушылары театрда «Томирис» қойылымын тамашалады. Оқушылар театр әртістерінің өнерін көрді. 10-сынып оқушысы Әлихан өз әсерімен бөлісті:

Әлихан: Екі сағаттық қойылым тез өте шықты. Маған қойылым өте ұнады. Кейіпкерлердің ойыны керемет! Өз ісінің нағыз шеберлері. Өзімді сол ғасырларда жүргендей сезіндім. Бірнеше эмоциялар туындады: қорқыныш, мақтаныш, аяныш... Әсіресе бас кейіпкер Томирис рөлі шынайы болды. Дарынды әртіс екені сөзсіз.

Автор: Жарайсыздар, театр әртістері! Біз тағы келеміз!

XII ТАРАУ
2-сабақ

11-тапсырма. Тыңдаңыз. Толтырыңыз.

Тілші: Сіз қандай кино көресіз?

Асыл: Мен әртүрлі киноларды көремін. Бірақ көбіне комедия жанрын ұнатамын. Кинотеатрларда жаңа комедия шықса, міндетті түрде барамын. Тіпті жалғыз да бара беремін.

Руслан: Мен үшін сюжет қызық болу керек. Қиял деген жақсы ғой. Кейіпкерлер де ерекше болады. Оқиғалардың дамуы да қызық. Маған фантастикалық кинолар ұнайды.

Айдана: Мен көркем фильм көремін. Эстетиканы ұнатамын. «Сұлтан Сүлейменді» қайталап көріп жүрмін. Әртістердің киімдері, ғимарат дизайны керемет!

Нұрбол: Қазіргі фильмдердің көбі комедия, ал мен тарихи фильмдерді жақсы көремін. Режиссер болсам, қазақ тарихы туралы фильмдер түсірер едім.

XII ТАРАУ
3-сабақ

11-тапсырма.Тыңдаңыз. Толтырыңыз.

Қымбатты, Димаш!

Мен сіздің Қазақстанда өтетін концертіңізге Германиядан арнайы ұшып келдім. Жаңа елге бару қорқынышты болды, бірақ мен сізді көргім келді. Сізді алғаш рет Қытайдағы ән байқауында онлайн тыңдадым. Даусыңыз ұнады. Қазылар алқасы әділ бағасын берді, қатты риза болдым. Сіздің даусыңыз - ерекше табиғи дауыс. Сіздің әндеріңізді сүйемін. Әндердің сөздерін түсіне бастадым. Қазақ ақындары тамаша өлеңдер жазады екен.

Димаш, Сіз – дарынды әншісіз. Сазгер Игорь Крутоймен бірге жазған әндеріңіз өте керемет! Сізбен әлемнің барлық сазгерлері жұмыс істеуді қалайды деп ойлаймын. Сізге зор денсаулық пен үлкен жетістіктер тілеймін. Аман болыңыз! Сіз әлемге керексіз, Димаш!

Құрметпен, Инна ханым.

I ТАРАУ
1-сабақ

Зат есімнің тәуелденуі

Жасалуы	Мысал
Тәуелдік жалғаулары: I -ым/-ім/-м; -ымыз/-іміз/-мыз/-міз; II -ың/-ің/-ң; -ыңыз/-іңіз/-ңыз/-ңіз; III -сы/-сі/-ы/-і;	Менің әкем бар. Сенің құрбың кім? Сіздің атыңыз кім? Оның әкесі – дәрігер. Ескерту: кітап – менің кітабым

I ТАРАУ
2-сабақ

Жіктік жалғау

Жасалуы	Мысал
Жіктік жалғаулары: Жекеше: I -мын/-мін/-бын/ -бін/-пын/-пін; II -сың/-сің; -сыз/-сіз; III - - -	Мен баламын. Сен оқушысың. Сіз оқытушысыз. Ол – мұғалім.

Жасалуы	Мысал
Көпше: I -мыз/-міз/-быз/-біз/ -пыз/-піз; II -сыңдар/-сіңдер; -сыздар/-сіздер; III - - -	Біз сұлумыз. Сендер оқисыңдар. Сіздер ақылдысыздар. Олар жастар.

I ТАРАУ
3-сабақ

Ауыспалы осы шақ

Анықтамасы	Жасалуы	Мысал
Іс-әрекеттің дағдылы түрде қайталануы	Жұрнақтары: -а/-е/-й;	Мен домбыра ойнаймын. Назым банкте жұмыс істейді. Мұрат сурет салмайды.

II ТАРАУ
1-сабақ

Септік жалғаулары

Атауы	Жасалуы	Мысал
Атау септік	Қимылдың иесі Кім? Не?	 Айгүл сыйлық берді. Үстелде гүл тұр.

Атауы	Жасалуы	Мысал
Атау септік	Кімдер? Нелер?	Балалар аулада жүр. Бақшада ағаштар өсіп тұр.
Ілік септік	Меншік иесі Кімнің? Ненің? Жалғаулары: -ның/-нің/ -дың/-дің/ -тың/-тің;	 Анамның көйлегі Үйдің шатыры Ағаштың жапырағы
	Заттың бөлшегі	Есіктің тұтқасы Орындықтың аяғы Кітаптың беті
	Жалқы есім мен жалпы есім қатар келсе, жалқы есімге ілік септік жалғанбайды	Абай көшесі Абылайхан университеті Алматы қаласы
Барыс септік	Іс-әрекеттің объектіге бағыты; уақыт айтқанда қолдану	Мұғалімге айт. Сағат беске он минут қалды.
	Кімге? Неге? Қайда? Жалғаулары: -ға/-ге/-қа/-ке; -а/-е/-на/-не;	 Жұмысқа барамын. Марат үйіне қайтты.
	Салыстыру құрылымы	Мен *анама* қарағанда ұзынмын.
	Дейін, қарай шылауларымен бірге	Оқушылар *күзге дейін* демалады. Маржан *үйге қарай* кетті.

	Іс-әрекеттің мезгіл-мөлшері	Астанаға *бір аптаға* барамын.
Табыс септік	Іс-әрекеттің тура объектісі Кімді? Нені? Жалғаулары: -ны/-ні/ -ды/-ді/-ты/-ті; -н (III жақ)	Мен бүгін Айгүлді көрген жоқпын. Теледидарды қос. Мына кітапты оқыңыз. Ол баласын шақырды.
	Нақтылықты көрсетпеген жағдайда табыс септік жалғанбайды	Болат дүкеннен мына *кітапты* сатып алды/ Болат дүкеннен *кітап* сатып алды.
Жатыс септік	Іс-әрекеттің орны/мекені; іс-әрекеттің мезгілі; адамның жасы; Кімде? Неде? Қайда? Жалғаулары: -да/-де/-та/-те;	Үйде анам бар. Жазда демаламыз. Арман он екі жаста. Менде көп ойыншық бар. Астана қаласында тұрамын.
Шығыс септік	Іс-әрекеттің басталған/шыққан орны;	Мен үйден шықтым.
	уақыт білдіруде қолдану; заттың неден жасалғаны; салыстырмалы мағына;	Сағат оннан бес минут кетті. Үстел ағаштан жасалады. Маржан Сәуледен ұзын.

	Кімнен? Неден? Қайдан? Жалғаулары: -дан/-ден/-тан/-тен/ -нан/-нен;	Анамнан ақша алдым.
Көмектес септік	Іс-әрекет құралы; іс-әрекеттің ортақ субъектісі/бірлескен әрекет; көлікпен жүру; Кіммен? Немен? Жалғаулары: -мен/-бен/-пен;	Қайшымен қағаз қидық. Мен досыммен киноға бардым. Автобуспен келдіңіз бе? Айдар доппен ойнады.

II ТАРАУ
2-сабақ

Етістіктің бұйрық райы

Анықтамасы	Жасалуы	Мысал
Іс-әрекеттің орындалуына бұйрық беру, әмір ету мағынасында қолданылады	I -айын/-ейін/-йын/ -йін; -айық/-ейік/-йық/ -йік; II -ыңыз/-іңіз/-ңыз/ -ңіз; III -сын/-сін;	Мен үйге қайтайын. Мектепке ерте барайық. Оқулықты алыңыз. Дәптерге жазыңыз. Ол сабаққа барсын.

III ТАРАУ
1-сабақ

Сын есімнің шырайлары

Атауы	Жасалуы	Мысал
Салыстырмалы шырай	Жұрнақтар: -лау/-леу/ -дау/-деу/ -тау/-теу;	 Бұрыш ащылау екен. Мына алма қызылдау. Жол ұзақтау болды.
	-ырақ/-ірек; -рақ/-рек;	Мына көйлек басқа көйлекке қарағанда *қысқарақ*. Менің сөмкем сенікінен *жеңілірек*.
Асырмалы шырай	өте, ең;	Арман – өте білімді оқушы. Гималай – ең биік тау.
Күшейтпелі шырай		Қып-қызыл жап-жасыл жап-жаңа Ескерту: аппақ, көкпеңбек

III ТАРАУ
2-сабақ

Қарсы мәндес сөздер

Анықтамасы	Мысал
- сөздердің мағыналары бір-біріне қарама-қарсы; - бір сөз табына қатысты;	қалың кітап – жұқа кітап алыс – жақын жауапты – жауапсыз толық – арық аласа – биік

IV ТАРАУ
1-сабақ

Етістіктің қалау райы

Анықтамасы	Жасалуы	Мысал
Қимыл иесінің істі орындау,	Жұрнақтар: -ғы/-гі/ -қы/-кі + келу;	Шетелде оқығым келеді.
орындамауға ықыласы ауғандығын, тілегін көрсе-теді		Сен қай қалада тұрғың келеді?

IV ТАРАУ
2-сабақ

Болжалды және топтау сан есімдері

Атауы	Жасалуы	Мысал
Топтау сан есім	Жұрнақтар: -дан/-ден/-тан/-тен/ -нан/-нен;	Екі-екіден бөлініңдер. Кітапты бес-бестен бөліп алыңдар.
Болжалдық сан есім	бір-екі, екі-үш, үш-төрт, төрт-бес, бес-алты, алты-жеті, жеті-сегіз;	Дәрісханада бес-алты студент отыр. Маған екі-үш бала ке-рек. Он-жиырма парақ берші.

V ТАРАУ
1-сабақ

Бұрынғы өткен шақ

Анықтамасы	Жасалуы	Мысал
Іс-әрекеттің бұрын өтіп кеткенін біл-діреді	Есімше жұрнақтары: -ған/-ген/-қан/-кен;	Мен бұл кітапты оқығанмын. Айнұр мектепте жұмыс істеген.

V ТАРАУ
2-сабақ

Етістіктің шартты райы

Анықтамасы	Жасалуы	Мысал
Келешектегі іс-әрекеттің шартын білдіреді	Жұрнақтар: -са/-се;	Ертең күн жаңбыр болса, тауға шықпаймыз. Оқуға түссең, шетелге кетесің.

VI ТАРАУ
1-сабақ

Көптік жалғауы

Анықтамасы	Мысал
Қазақ тілінде зат есімнің нақты саны көрсетілгенде көптік жалғау жалғанбайды	Аулада бес көлік тұр. Айнұрдың үш әдемі қуыршағы бар.

VI ТАРАУ
2-сабақ

Ауыспалы өткен шақ

Анықтамасы	Жасалуы	Мысал
Іс-әрекеттің бірнеше дүркін болып өткенін білдіреді	Жұрнақтар: -атын/-етін/-йтын/-йтін;	Астанада бұрын биік ғимараттар аз болатын. Самат мектепте сабақты жақсы оқитын.
	Есімшенің -атын/-етін/-итын/-итін тұлғасы есімдер қызметін атқарады	Жазда оқитын кітаптар тізімі бар ма? Астанадан келетін пойыз кешікті.

VII ТАРАУ
1-сабақ

Ауыспалы осы шақ

Анықтамасы	Жасалуы	Қызметі	Мысал
Ауыспалы осы шақ істің, қимылдың дағдылы түрде болып тұруын көрсетеді	Ауыспалы осы шақ түбірге көсемшенің -а, -е, -й жұрнақтары мен жіктік жалғауының жалғануынан жасалады.	Ауыспалы осы шақ баяндауыш қызметін атқарады	жаңбыр жау-а-ды, күн күркіре-й-ді, мен айт-а-мын, сен кел-е-сің

Зат есімнен сын есім тудырушы жұрнақтар

Сын есім «қандай?» деген сұраққа жауап береді. Заттың сынын, түрін, түсін, салмағын, яғни, түрлі қасиетін білдіреді. Сын есім негізгі (*ақ, әдемі, үлкен, кішкентай*) және туынды (*сабырлы, жазғы, күзгі, ауылдағы*) сын есім болып бөлінеді. **Кестеге назар аударыңыз.**

Негізгі сын есім	Туынды сын есім	Ескерту
ақыл бұлт жаз	ақыл**ды** бұлт**ты** жаз**ғы**	Туынды сын есім жасайтын жұрнақтар: -ды, -ді, -ты, -ті, -лы, -лі -ғы, -гі, -қы, -кі

VII ТАРАУ
2-сабақ

Үстеу. Үстеудің мағыналық топтары

Үстеу – іс-әрекеттің, қимылдың сындық, сапалық белгісінің сипатын, жай күйін білдіреді.

Үстеудің мағыналық топтары	Сөздер	Мысал
Мезгіл үстеу	Бүгін, кеше, ертең, таңертең, түсте, кешке, қазір, күнде, ерте, кеш, өткен аптада/айда/жылда, әдетте;	Бүгін күн – ашық. Кеше ол концертке барды. Ертең Гүлнұр мектепке барады. Сіздер күнде жүгіресіздер ме? Өткен аптада Марат демалыс орнына барды. Әдетте біз демалыс күндері.

	Бүрсігүні, биыл, былтыр, алдыңгүні, бұрын, түнде, күндіз, кейде, үнемі;	Бүрсігүні той болады. Биыл Айнұр бірінші сынып бітіреді. Былтыр біз Мысырда демалдық. Түнде суық болды. Анам үнемі бәліш пісіреді.
Мекен үстеу	Жоғары, төмен, алға, артқа;	Жеделсаты жоғары көтерілді. Абай көшесімен төмен жүресің. Алға жүр. Көлік артқа жүрді.
Мөлшер үстеу	Аз, көп, біраз, онша;	Оның ақшасы көп. Бүгін аз ұйықтадым. Қонаев көшесі біраз уақыт жабық болады. Ол қазақша жақсы білмейді.
Сын-қимыл үстеу	Әзер/әрең, тез, ақырын, қатты, ерекше;	Таңертең әрең ояндым. Көлік тез келді. Әжем баяу сөйлейді. Музыканың даусын ақырын қой. Көлік қатты жүреді екен. Мен анамды қатты жақсы көремін! Бүгін ерекше күн!
	Ауызша, әрең, жылдам, аз-дап, басқа/ша, осылай, еркін, жалғыз;	Балалар жылдам келсін. Бүгін күн аздап салқын. Бөлмеде мен жалғыз отырмын.

	Ауызша, әрең, жылдам, аз-дап, басқа/ша, осылай, еркін, жалғыз;	Балалар жылдам келсін. Бүгін күн аздап салқын. Бөлмеде мен жалғыз отырмын.
Мақсат үстеу	Әдейі;	Қолшатырды әдейі алдым.
	Арнайы;	Әсем тойға арнайы Астанадан келді.
Себеп-салдар	Жай;	Жай сөйле.
	Босқа;	Саябаққа босқа барыппын.

VII ТАРАУ
3-сабақ

Есімше. Есімшенің анықтауыштық қызметі

Анықтамасы	Жасалуы	Қызметі	Мысал
Есімше – етістіктің есім сөздерге ұқсас белгілері бар түрі	Түбір етістікке -қан, -кен, -ған, -ген жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады	Есімше ешқандай қосымшасыз қандай? қай? деген сұраққа жауап беріп, *анықтауыш* қызметін атқарады	*оқыған (қандай?) адам, келген (қандай?) қонақ*

VIII ТАРАУ
1-сабақ

Дейін/кейін шылаулары

Анықтамасы	Жасалуы
Шылау – толық лексикалық мағынасы жоқ, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын, сөзге қосымша мән үстейтін көмекші сөздер	Барыс септіктегі сөздермен тіркесетін септеуліктер: *шейін, таман, тарта, салым, жуық, тақау, таяу, дейін.* Мысалы, орман**ға** *дейін* жүгіру. Шығыс септіктегі сөздермен тіркесетін септеуліктер: *соң, бері, кейін бұрын.* Мысалы, сабақ**тан** *кейін* дайындалу

Сұрау есімдіктері

Анықтамасы	Жасалуы	Мысал
Сұрау есімдігіне жауап алу мақсатымен қойылған сұрау мәнді сөздер жатады	кім? не? қандай? қай? қанша? неше? нешеу? нешінші? қайда? қайдан? қалай? қашан? қайдағы?	Сен қайда болдың? Қай мектепте оқисың? Кездесу қашан өтеді?

VIII ТАРАУ
2-сабақ

Өздік есімдігі

Анықтамасы	Жасалуы	Мысал
Өздік есімдігіне әр тұлғада түрленіп қолданылатын ***өз*** деген бір ғана сөз жатады	Өз есімдігі тәуелденеді, көптеледі, септеледі	Мысалы: *өзім, өздері, өзіне*

IX ТАРАУ
1-сабақ

Өткен шақ

Анықтамасы	Жасалуы	Қызметі	Мысал
Өткен шақ істің сөйлеп тұрған уақыттан бұрын орындалғанын көрсетеді.	**көсемшенің -ып, -іп, -п** жұрнақтары арқылы жасалады	Баяндауыш қызметін атқарады	*оқып-ты жаз-ып-ты біл-іп-ті*

IX ТАРАУ
2-сабақ

Ырықсыз етіс

Анықтамасы	Жасалуы	Мысал
Өздік есімдігіне әр тұлғада түрленіп қолданылатын ***өз*** деген бір ғана сөз жатады	Өз есімдігі тәуелденеді, көптеледі, септеледі	Мысалы: *өзім, өздері, өзіне*

IX ТАРАУ

3-сабақ

Болымсыз етістік

Жіктеу есімдігі	Етістік	Болымсыз форма	Ауыспалы осы шақ формасы	Жіктік жалғауы	Мысал
Мен	бар	-ма	-й	-мын	Мен ертең ертең бармаймын.
Сен	кел	-ме		-сің	Сен ертең келмейсің.
Сіз	жаз	-ба		-сыз	Сіз тапсырма жазбайсыз.
Ол	жүз	-бе		-ді	Ол бассейнде жүзбейді.
Біз	айт	-па		-мыз	Біз сабақ айтпаймыз.
Сендер	кет	-пе		-сіңдер	Сендер ертең кетпейсіңдер.
Сіздер	кет	-пе		-сіздер	Сіздер ертең кетпейсіздер.
Олар	кел	-ме		-ді	Олар ертең келмейді.

X ТАРАУ

1-сабақ

Нақ осы шақ

Анықтамасы	**Жасалуы**	**Мысал**
Дәл осы уақытта болып жатқан	Дара түрі: қалып етістіктер (отыр, тұр, жүр, жатыр)	Біз кітапханада отырмыз. Марат кезекте тұр.

іс-әрекетті білдіреді	Күрделі түрі: -ып/-іп/-п + отыр, тұр, жүр, жатыр; -а/-е + жатыр құрылымы бару, келу етістіктерімен ғана қолданылады	Жаңбыр жауып тұр. Інім кітап оқып отыр. Сәуле мектепке бара жатыр. Ол ауылға келе жатыр ма?

X ТАРАУ
2-сабақ

Реттік сан есім

Анықтамасы	Жасалуы	Мысал
Реттік сан есім заттың саналу ретін білдіріп, нешінші? деген сұраққа жауап береді	Есептік сан есімге **-ыншы, -інші, -ншы, -нші** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады	төрт-інші, он- ыншы, отыз-ыншы

X ТАРАУ
3-сабақ

Тұйық етістік

Анықтамасы	Жасалуы	Мысал
Етістіктің инфинитив тұлғасы тұйық етістік болады	Етістіктің инфинитив тұлғасы **-у** жұрнағы арқылы жасалады	Далаға серуендеуге шықтық. Мектепте жақсы оқу керек.

XI ТАРАУ
1-сабақ
Жатыс септігі

Жатыс септік қайда? қашан? неде? кімде? сұрақтарына жауап береді.
Кестеге назар аударыңыз

Жатыс септік

Жалғау	Сөздің соңғы әрпі	Мысалдар
-да/-де	дауысты, үнді және ж, з	кітапхана+да, үй+де, дүйсенбі+де, жұма+да
-та/-те	Қатаң дауыссыздар және б, в, г, д	мектеп+те, үзіліс+те
-нда/-нде	тәуелдік жалғау III	Оның мектебі+нде, сабағы+нда

XI ТАРАУ
2-сабақ

Тәуелдік жалғауы

Тәуелдік жалғауы бір заттың екінші затқа тәуелді екенін білдіреді. Әдетте, бірінші зат (сөз) ілік септігінде, ал тәуелді зат (сөз) тәуелдік жалғауында болады. Мысалы: *Қожа+ның бой+ы, Ме+нің ат+ым, Сіз+дің шаш+ыңыз.* Тәуелдік жалғауының жекеше және көпше түрі бар. Кестеге назар аударыңыз.

Жақ	Жалғаулар	Жуан сөздер	Жіңішке сөздер	Дауысты дыбыстар
Менің	-ым, -ім, -м	бой+ым, шаш+ым	көз+ім, дәптер+ім	ана+м, әже+м

Сенің	-ың,-ің, -ң	бой+ың, шаш+ың	көз+ің, дәптер+ің	ана+ң, әже+ң
Сіздің	- ыңыз, -іңіз, - ңыз, -ңіз	бой+ыңыз, шаш+ыңыз	көз+іңіз, дәптер+іңіз	ана+ңыз, әже+ңіз
Оның	-сы, -сі, -ы, -і	бой+ы, шаш+ы	көз+і, дәптер+і	ана+сы, әже+сі

XI ТАРАУ
3-сабақ

Салалас құрмалас сөйлем

Екі немесе одан да көп жай сөйлемдерден құралып, күрделі ойды білдіретін сөйлемдер құрмалас сөйлем деп аталады.

Салалас құрмалас сөйлем түрі	Шылаулары	Мысал
Себеп-салдар салалас	себебі, өйткені, сондықтан, сол себепті	Мен кеш жаттым, себебі емтиханға дайындалдым. Сіз кешігіп келдіңіз, сондықтан кезекті күтіңіз.
Қарсылықты салалас	бірақ, алайда, дегенмен	Бүгін күн жауын, бірақ дала жылы.

Қалау рай

Анықтамасы	Жасалуы
Қалау рай істі орындаушы адамның тілегін, қалауын білдіреді.	-қы, -кі, -ғы, -гі жұрнақтарына кел көмекші етістігі тіркесу арқылы: *сұра-ғы-сы* келді, *айт-қы-сы* келмеді, *демал-ғы-м* келді, *жүр-гі-м* келмейді;

XII ТАРАУ
1-сабақ

Анықтамасы	Жасалуы	Мысал
Сілтеу есімдігі	Әне; міне; сол;	Әне, қонақтар келді. Міне, билетіңізді алыңыз. Маған сол кітап керек.

XII ТАРАУ
2-сабақ

Анықтамасы	Жасалуы	Мысал
Зат есімнің тәуелденуі	Тәуелдік мағына беретін қосымшалар: *-нікі/-дікі/-тікі;*	Менің кітабым/ кітап *менікі* Бұл қалам *сенікі* ме? Мына сөмке *Асандікі* емес.

XII ТАРАУ
3-сабақ

Адамның аты-жөні, жер-су аттары, жан-жануарға қойылған атаулар жалқы есім деп аталады. Жалқы есімдер әр уақытта бас әріппен жазылады: Самал, Тараз, Ақтөс.

I ТАРАУ
Қош келдіңіз!

Ат (есім)
әйел
әне
әріптес
бәрі
блог жүргізу
дос
ер адам
жаман
жаман емес
жақсы
қажет
керемет
кісі
Қалың қалай?
құрбы
Менің атым…
мұғалім
міне
парақша
пост салу
рилс түсіру
сендер
Сенің атың кім?
сіздер
тамаша
танысқаныма
қуаныштымын
танысып қойыңыз
тек (тегі)
шаш сәндеу
шана/шаңғы/доп тебу

II ТАРАУ
Тату отбасы

Аққөңіл
ашықхат
гүлшоғы
жаңа жыл
ерке
көмектесу
қарапайым
қарсы алу
қонақжай
қоныс той
құрметті
құттықтау
мейрам
немере
отшашу
тілеу
тойлау
тұрмысқа шығу
тосынсый
үйлену
ұялшақ
шақыру
шығарып салу

III ТАРАУ
Баспана

Аралау
армандау
басшы
бұрыш
ғимарат
даңғыл
дайындау
даяшы
дүниежүзі
есепші
жайлы
жеке кәсіпкер
жол белгісі
жоспар
жуу
зейнеткер
кесе
көпір
көпқабатты
кептеліс
қарау
қызмет
мемлекет
мақсат
орамал
сөре

сүрту
таба
тазалау
тоңазытқыш
шаңсорғыш
шаштараз
шебер
ыдыс
ықшамаудан

IV ТАРАУ
Оқу

Ағылшын тілі
ақпарат
ауызша
әңгіме
әдебиет
ғылым
дәрісхана
емтихан
есту
жалғастыру
жазбаша
орта/жоғары білім
оқу орны
өтініш
сұхбат
тапсыру
таңдау
тарих
толтыру
үйірме
хат

V ТАРАУ
Мамандық

Аспаз
ән айту
басшы
даяшы
дайындау
есепші
еңбек
жеке кәсіпкер
жоспар
жұмыс істеу
зейнеткер
қарау
қызмет
мақсат
маман
сатушы
суретші
танымал
тәрбиеші
хатшы
шаштараз
шебер
іздеу

VI ТАРАУ
Денсаулық

Айналысу
анықтама
арық
арқа
бауыр
бүйрек
денелі
дұрыс тамақтану
жолдама
жүрек
жазылу
жөтел
кеңес
қан
науқас
өкпе
сұлу
толық
тұмау тию
шағым
шұғылдану

VII ТАРАУ
Табиғат

Азаю
ауа райы болжамы
барыс
бота

бұлтты
бұршақ
дауыл
дымқыл
керік
көбею
көктайғақ
күшік
кірпі
қараңғы
қозы
қолтырауын
қонжық
қорғау
маса
найзағай
нөсер
отырғызу
раушан
тиін
тотықұс
түймедақ
үйрек

VIII ТАРАУ
Уақыт

Алғашқы
алдыгүні
биыл
бос уақыт
бүрсігүні
былтыр
біраз
дейін/шейін
кезең
күнтізбе
қайту
мерзім
тоқсан
шұғылдану

IX ТАРАУ
Азық-түлік

Аскөк
бауырсақ
ботқа
бұрыш
жұмсақ
жылыту/жылу
иіскеу
келі
қайнау/қайнату
қарақат
қарны ашу
қуырдақ
қуыру
құю
құлпынай
қымыз
мейіз
палау
саңырауқұлақ
сарымсақ
сорпа
таңқурай
турау
өрік
шөлдеу
шұжық
ысу/ысыту

X ТАРАУ
Киім

Ақшыл
әтір
бау
белдемше
белдік/белбеу
былғары
жаға
жең
жеңілдік
жібек
кеңесші
қолғап
маржан
науқан
салыстыру
саудаласу
себу

соңғы
тағу
түбіртек
түйме
ыңғайлы

XI ТАРАУ
Табиғат

Адасу
арал
армандау
ескерткіш
жағалау
жалға алу
жергілікті
жолақы
жолаушы
жүк
жылдам
кәдесый
кесте
көмек сұрау
куәлік
мұражай
мұхит
орналасу
орталық
риза болу
сапар
серуендеу
сүңгу
төлқұжат
хабарландыру

XII ТАРАУ
Өнер

Айырмашылық
ақын
байқау/сайыс
басы
даму
дарынды
дауыс
жаңалық
жүлде
кейіпкер
көрермен
көркем
күлкілі
қазылар алқасы
қиял
қойылым
қорқынышты
марапаттау
оқиға
ортақ
өшу/өшіру
пікір
сазгер
сахна
соңы
сүю
табиғи
тарихи
ұқсастық
шапалақтау

«ҚАЗАҚ ТІЛІ. А2 БАЗАЛЫҚ ДЕҢГЕЙ»
ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Құрастырушылар: Л.М. Демесінова, А.М. Қалиева

Редактор: А. Зинедина, М. Ермахан

Корректор: Ж. Ербатырова

ISBN 978-601-7504-90-8

Пішімі 70х100$_{1/16}$ Офсеттік басылым.
Шартты баспа табағы 23,4
Таралымы 1000 дана.

«ҚАЗАҚ ТІЛІ. А2 БАЗАЛЫҚ ДЕҢГЕЙ»
ОҚУ ҚҰРАЛЫ

